


ЖИДЕБАЙ БАТЫР





Жидебай Қожаназарұлы
1713-1812

Әруақты батыр әрі би, әрі шешен. Әлтеке Дос батырдың немересі. Абылайханның беделді де белді батыры болып, арнайы жасағын басқарған.

Айсыз қараңғы түнде де барар жерін дәл табатын жершілдік ерекше қасиеті болған.

СЗ.З(5Қ,а) /
ББК 63.3(2)
Ж 57 59

Ж 57 Жидебай Қожаназарұлы. - Қарағанды, 2007 - 160 бет.
«Қарағанды Полиграфиясы» АҚ, 2007 ж.

ISBN 9965-9987-4-4

Халқының аяулы ұлы Жидебай Қожаназарұлы Әлтеке Дос батырдың немересі, қазақтың асқақ тұлғалы ханы Абылайханның сенімді серігі, пікерлес досы болған. Кешегі бабаларды еске алып, аруағына тәу етіп, ұрпақ жадында жанғырту бүгінгілердің парызы.


Жинаққа Жидебай батыр жайында жазылған естелік әңгімелер, ғылыми негіздемелер енгізілген.

ББК 63.3(2)

Ж $\frac{0503020905}{00(05)-07}$

ISBN 9965-9987-4-4

© Жидебай Қожаназарұлы. - Қарағанды, 2007



ЖОҚ, ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ

Бабалар салған алтын соқпақ, киелі дәстүр бәрімізге ортақ байлық. Қазақ болып жаратылғаннан бері ұлтымыздың басынан небір қиын-қыстау, бақытты дәурен де өтті ғой. Қашан да жетістік пен кемшілік, жамандық пен жақсылық қатар жүреді. Бұл қағидадан адамзат қашып құтыла алмаған. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілген тәуелсіздіктің арайлы таңында небір жәдігерлеріміз қайта жаңғырып, ортамызға оралу үстінде. Бүгінгі ұрпақ ата-баба шежіресін, тарихи өткен жолын зердесіне тоқып өссе, онда игілікті істердің келесі ғасырларға да сабақты инедей жалғасатынына ешқандай күмән келтірмейсіз. Сондықтан дәл қазіргі таңда қолда бар алтынды қадірлеп, тасқа бастырып, сонымызда қалдыру борышымыз, әрі міндетіміз деп білеміз.

Елін, жерін бір қасық қаны қалғанша сыртқы жаудан қорғаған халық батырларының бірі — Жидебай Қожаназарұлы. Ұрпағы 1993 жылы 280 жылдығын атап өтті. Уақыт бәріне төреші, таразы. Алла сәтін салса, 2013 жылы Жидекем әулиенің туғанына 300 жыл толады. Оған дайындық қазірден басталды десек артық айтқандық емес. Соның ең бастысы Жидекең мазары басында халық қажеттілігі үшін құрылыстар жүргізу. Бұл жөнінде әңгіме қозғалды, жоспар бағдарлама бар.

Жидебай батырдың 280 жылдығын атап өтуде де біраз жұмыстар тындырылды, мазары көтерілді. Есімі халықтың жүрегіне жетті. Жидекеңнің ата қонысы қазірге дейін сақталған. Оның бәрін келесі ұрпаққа мирас ету, таныстыру, жер басып жүргендердің борышы болса керек. Өзім де

Жидекеннің тікелей ұрпағымын. Сондықтан, әр кезде жазылған әңгімелерді, ғылыми негіздемелерді кітап етіп бастыруды жөн көрдім. Өзімде барды жинақтадым, кейбір деректерді ағайындар ұсынды. Сөйтіп, Жидекен жайында жазылған дүниелер әр жерде шашырамысын, бір жүйеге түссін деген оймен осындай игілікті шаруаны жасап жатқан жайымыз бар. Осы кітаптан көзі қарақты оқырман батыр, әулие баба жайлы біраз оқиғаларға қанық болады. Кейбір деректер аңыз ізімен баяндалатын секілді, алайда, аңыздың астарында да негіз бар екенін ұмытпайық. Батырдың ерлік істері, өнегесі, өсиеті көркем кітаптарға да арқау болған. Авторлардың келісімімен сол шығармалардан үзінді беруді де жөн деп таптық.

«Біткен іске сыншы көп» деген, дегенмен кешегі өткен аруакты бабаларымыз жайында осындай шаруаларды тірнектей отырып жинақтап, мұра етіп қалдырсақ, сауапты іс сол болар деп ойлаймын.

Жеміс атамның қара шаңырағы өткен ғасырдың басына дейін Шәкір, Шәріптің отбасында сақталған. Ауылдағы көне көздердің, кәрі құлақ қариялардың айтуы осылай. Отызыншы жалдырдың нәубеті қазақ даласындағы айрандай ұйылған тұтастықты, ата бабадан қалған сабақтас-тықты тоз-тоз етті ғой. Мен Жидебай бабаның алтыншы ұрпағы боламын.

Баба аруағы бәрімізді жебей жүрсін, алдымыздағы үлкен тойға тас-түйін әзірліктің басы осы жинақ деп ұққанымыз оңды болар. Айналайын, туған халқы барда Жидекем бабамның есімі асқақтап, келер ұрпаққа патриоттық сезімнің өнегесін көрсететін, танытатын, Отанға деген сүйіспеншілігін жаный түсетін насихат боларына шүбә келтірмейміз.

Аруакты бабалардың өнегелі істерін ұмытуға бола ма, әрине жоқ ! Біздің де Жидекен жайлы кітап шығарудағы негізгі мақсат-мүддеміз осыған саяды.

Әнуарбек РАХЫМБЕКҰЛЫ.
Кәсіпкер

ӘЛТЕКЕ ШЕЖІРЕСІ ХАҚЫНДА

Азамат саналы ғұмыр кешіп, салауатты өмір сүрген кезеңінен бастап ата тегін білу, зерделеп шежіре жазу қалыптасқан дәстүр. Шежіре өте көне дәуірден бері жасалынып келе жатыр, шежіресі бар халық текті, тарихи. Тек құлда шежіре жоқ, өйткені ол тексіз. Шежіре этностың тарихи жады, халықтың этногенезінің нақтылы көрсеткіші.

Өскен сақа елдерде жылқының, итін тектілігін сақтайды, тұқымын қорғайды. Өркенді ақсүйек мемлекеттерде арнайы шежіре жазушы, сақтаушы мамандар, мекемелер, ұйымдар болады.

Россияда Петр-I патша тұсында арнайы герольдмейстер құрылып орыс ақсүйектерін тіркеп жазып отыратын мемлекеттік мекеме ашылған, орыс князьдары, дворяндары, графтары осы кезеңнен бастап жүйелі әлеуметтік топқа бірігіп орыс империясының саяси моральдық келбетін қалыптастырды. Осы герольдмейстер де Париж орыс тектілерінің шежіресін жазуда.

Герольдика Қытай, Жапон, Англия, Испания, Арап, парсы елдерінде бар.

Қазақ елінде шежіре білу, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу ата

дәстүрге айналған, бірақ ауызша айтылудан жиі өзгеріске ұшырап, ұмытылып кей жағдайда уақыт әсерінен аңыз, мифке түрленіп отырған.

Ақтоғай өңірін мекендейтін Әлтеке, Сарым, Тобықты руларының шежіресі де жүйелі зерттелмей, тек кейінгі жылдарда ғана жеке ізденушілердің ынтасымен жинақталып жазылуда. Тарихи жадымызға, келер ұрпақ үшін жасалып жатқан бұл игілікті істін авторларына, ат салысып жүрген азаматтарға тек алғысымызды айтамыз.

Машһүр Жүсіп, Шәкәрім, Әлихан Бөкейханов жасаған шежірелерде жалпы үлкен аталарымыз аталса да кейінгі тоғыз-он ата нақтыланбайды. Сол себептен Әлтеке Сарымның екі ғасырлық тарихы көмескі, жаңсақтықтар көп кездеседі.

Ғылыми жұмыспен ізденісте жүргенімде архив қорларынан алған Әлтеке, Сарым елінің он тоғызыншы ғасырда патша үкіметі дайындаған арнайы тізімдерін, санақ мәліметтерін таптым. Бұл құжаттар билердің, ел басқарған ағаларымыздың мөрлерімен, таңбаларымен расталған, «шындығына жауап береміз» деп, Жанғұтты, Шонбай, Машак болыстардың қолы, мөрі қойылған.

Әлтеке генезисі туралы бірер сөз. Әлтеке елі Арғын тайпасынан тарайтын көне ру екені белгілі. Әлемнің жартысына билігін жүргізген Еділ (Атилла) патша жайлы зерттеулерде (Гумилев Л.Н., Өтениязов С.) оның Арғын болғанын және соғысқа кірер алдында жауырын қаратып болжайтынын жазады (452 жыл). Осы дәстүрдің әлі де қазақ арасында кездесетініне таңқалып жазады. Жауырын сөйлету тек Әлтеке арасында сақталған. Бұл көне дәстүр, басқа жұртта жоқ, демек, сонау ғұн заманынан келе жатқан тарихи сілем бар.

Әлтекелер Қаратау, Сыр бойын мекендеген. Арқаға келу-уақыты он сегізінші ғасырдың басы және бәрі келмеген, аз, топ не бір ағайын шағын келген. Егер қолдағы шежіреге карасак тек үш адамнан тарайды, Жидебайдың тұсында небәрі он шақты адам, ал керісінше Дос батырдың тұсында Әлтеке жігіттерінің жасағы болған, бұған қарап шежіре дұрыс емес демейміз. Тек Әлтеке тарихының тереңде жатқанын шежіре, ру тарихының көне күрделі құбылыс екенін ескертеміз.

Қабылсаят ӘБІШЕВ
Қазақстан Республикасы Конституциялық
Кенесінің мүшесі, ғалым.
Кәмел ЖҮНІСТЕГІ – жазушы

ЖИДЕБАЙДАЙ ЕР ҚАЙДА?

Сонау жігіт шағында Жидекен Абылай қолының қарауылшысы бопты дейді аңыз. Жидебай барда жаудың қапыда баспасына Абылай да қатты сенсе керек. Бірақ қай заманда көре алмаушылық, ғайбат өсек болған-ды. Қуыс келуде біреулер ханға: «Жидебай былай шығады да ылғи ұйқы соғады, бір күні жау қырып кеткенін білмей қап жүрмейік»-деп айта берсе керек.

Қайта-қайта қаңқу сөз шыға берген соң анық қанығына жету үшін бір күні Абылай жалғыз ғана серігін ертіп, жау жақ беттегі қарауылшыны тексеруге шығыпты. Жау жақ шетті күні-түні бағдарлаған Жидебай батыр құс ұйқылы кісі

екен, тас жастанып мызғып жатса да құлағы, бір сезімі ашық болса керек. Қаймағы бұзылмаған ауа, денесі тітіркеніп көрмеген жер бері қарай жүрген ат тұяғының дыбысын көз жерден жеткізген.

Абылай таянған соң атын тастап, еппен-ақ жылжыған екен дейді аңыз. Бір жотаға шықса, келесінің үстінде Жидебай жатыр, жанындағы тас үстінде түлкінің екі күшігі ойнап жүріпті-мыс. Абылайдың жылт еткен төбесін көре екі күшік ұйқыдағы батырдың қолтығына тығылыпты-мыс. Енді басын көтерген батырдың көзіне түспес үшін:

- Шегін,- депті мыс серігіне. — Осымыз да жетер, дос көңіліне қаяу салмайық. Көрдін ғой сақшының сенімділігін.

Аңызға сенбейтін қазақ бар ма, Жидебайдың түлкісін де Абылайдың тексерісін де кім көрген. Ел басына көтерген батырының абыройы менен аруағына кімнің шүбәсі бар дейсің, ондай күпірлікке ешкімнің көңілі дауаламас.

*** **

Таңғы алакеуімнен оянған Жидекен күн шығуын күтіп ұзақ жатты. Жаздың қысқа таңы десе де күннің көтерілуінің өзі мәңгілік сияқты. Мамық төсек те жамбасына батып шыдатпаған. Ұйқысының мұнша қашқаны несі? Тыста ерте тұрып, мал айдаған малшының дабыр-дүбірі естіле көтеріліп біраз отырды да, қолын шайып, ірге жақтағы өзіне ғана арналған сусыннан жұтып уылжыған жас ірімшіктен ауыз тиіп, қалтасына бір екі құрт салған. Сонан соң шөбересін оятып, асықпай Тесіктасқа жылжыды.

Тастың күнгеі жағы әжептеуір жылып қапты. Құбыладан ескен ерке самалға көкірегін тоса жайласып, баланы «асыңды ішіп асықпай кел» деп ауылға қайтарды. Келер күннен жақ-

сылық тілеп, өткен күнді еске алудан баскасы қалмаған қария желдей ескен ғұмырының елесіне тағы кіре берген.

Ой-хой дүния, десейші. Жау қолына түскен үлкен әкесі Достын баласы Қожаназарға уайыммен қарап:

Сыбыр, сыбыр етеді,
Сөз құлақтан өтеді,
Сыр алмаған жау еді,

Әлде неғып кетеді,- деген сөзін кәрі құлақтардан ес білгеннен бері естіп, тізесі батқан жаудан кек алсам сезімі ертеден ояңған. Содан бері міне, 40 жыл өтіпті депті қариялар.

Айтса сөзі, алысса қайраты кем емес Жидебай 16-ға келгенде қалмаққа қарай шеру тартқан Абылай қолы өткен. Алыстағы ағайынға шаруамен кеткен Жидебай қайта оралғанда, сол екі ортада апта бопты. Ілесе алмағанына қиналып бұрын мұндай шабысты жолды көрмеген басы қуа жөнелудің ебін таппай біраз дағдарды. Атын ерттеп, айнолсақтап жүрген жас жігітке:

- Шырағым, осы жолы қойсаң қайтеді, - деген ауыл ақсақалы.

- Бұл да бір бөгесін болды. Қайта айналып үйіне кірсе де дәйек жөнелген. Бар азығы өреден алған қос уыс құрт, жан торсықта шайқалған айран. Ұлы атасы Достан қалды десетін шолақ найзаны тақымына қыстырып, селебені беліне байлаған. Қамысты нудан да қу тақыр шөлден де өтті. Талай құба белдің желбіреген көдесіне атын жайып, жалғыздыктан елегізсе де, үмітке емеуірін артып, тарта берген. Әйтеуір сол өткен сораптан жаңылған жоқ. Үшінші күні кешке ну орман ішінде адасты. Айнала жартасты тау. Орман ішінің әлдебір аңының ащы дауысы жартасқа жаңғырығып, төбе құйқанды шымырлатады.

Ат тұяғы белгісіз сүрлеу тау жүріп кетіп еді, онысы ты-

ғырық шаттың аузындағы қараша үйге әкеп тіреді. Аттын пысқырығы, өзінің қақырғанына ешкім шықпады. Сескенсе де сыр бермегенсіп үйге енген. Ошақ астындағы отқа үнілген аппақ қудай қария көз қиығын болмашы жүгірткені болмаса, сол міз бақпаған қалпы жалынға тесірлейген де қалған. Анда-санда әлденені күбір еткен ерні жыбыр-жыбыр. Сарғайтып барып бетін сыйпаған шал бір тізерлеген Жидебайға үнсіз үнілді де:

- Ал, балам, жайласып отыр, - деді.

- Жүрісім тығыз еді.

Шал мырс етті.

- Жөніңді айта отыр.

- Достың немересімін.

- Ә, солай де. Білуші ем арғы атанды. Баласы Қожаназарға өзін жасық болсаң да бөксең асыл кек алар бір ұл туар деп айтыпты деген сөз бар еді. Жеткен екенсің ғой. Келер уағын болған еді.

Ұйысқан аппақ қабағын ашып-жауып, асықпай сөйлеген қарияның қарлыққан үнінен мәңгілік тынысы келгендей. Кішірек қазанының бетін ашып сапырды да:

- Асыма ортақтас бол, бүгін қонып кет, - деді.

- Жоқ, ата, кетемін.

- Мені естуің де бар шығар. Атым Сарқожа. Қанға неге асықтың? Асықпа. Жауласқан адам ұрпағының қияметінің басы мен соны бұл емес шығар. Жүргіншін енді алыс емес.

Сөзден тосылған Жидебай қарияның қара көжесіне ортақтас болып, көне көздің өзіндей кәрі мұңын тындап таң атырған. Жүрерде қария:

- Ұлы атаңа борышым бар еді, аманатыңды ал, - деп түлкінің тірі күшігін қоржынына салып берді. Туғаннан бері екі аяқты адамнан басқа тіршілік иесін көрмеген күшік

Жидебайға бауыр басып, талай уақытта бірге болған кәрі жолдасы еді.

Қолдың алдын барлатып, сонын шолытып, сақтықпен жылжыған Абылай сонынан ерген жалғыз қараны күні бұрын білген де, «кеш қалған батырым жоқ еді, жау болса бүйтіп тапырақтап бой көрсетпес, сонда кім?» деп дағдарған. Түнемекке тоқтаған қолға бір бел жетпей аттан түсіп жата кеткен қуғыншыға тағы танданды. Неткен бейқам жан? Әлде бала ма? Жіберген шолғыншысы «қорылынан айнала үріккен біреу, кеудесі бүлк-бүлк етеді» деп келді. Таң ата ұйқыдағы қуғыншыға Абылайдың өзі келді. Көнетоз тонын жамылып, бөркін жастанып, бала жігіт жатыр. Кеуде тұсы ерекше бүлкіл қағады. Қакырынғанына ояна қоймаған жігіттің найзамен тонының кеуде тұсын сәл көтерді де, жылт етіп әрі қарай жасырынған түлкі күшігіне көзі түсті.

- Ойбай,- деп баж етті нөкерлерінің бірі,- аруакты бала.

Сыбыр-күбір күшейе түскен, бұған Абылай да пәлен деп басу айтпады. Несі бар, сонынан қуып кеп қолға қосылар балаң жігіттің де аруағы болса, оған жұрты сенсе, бүкіл қолдың жеңіске деген сенімі артпай ма. Жеңіс кілті жүректе.

Басын көтерген жас жігіт ханға сәлем берді.

- Қай туысқан боласың, шырағым?

- Есімім Әлмұхамбет. Жұрт қойған атым Жидебай.

*** **

Көктұқыл қосқа кеткен күн еді. Әлденеден жүрегі тулап, шыдамы кеткен Жидебай бекінісін тастай беріп, алдағы белге жортып шыққан. Арғы беттен бері беттеген екеудің бірі асығыс садағын тартып қалды. Жидебай ат бауы-

рына түскен қалпы қарсы шауып, өлдіге санап тұрған жауын жақындай бере найзамен түйреп түсіріп кетті. Жанындағы тұра қашқанын ақтабан ұзатпады. Сонадайдан осының бәрін бақылап тұрған шал да жетті.

- Жарадың балам, жауды жасқанбаған жеңеді.

- Мыналарды не істейміз?

- Жаны кеудесінде болса ханға апарамыз.

Жаракаттысын сауына қосақтап, ат арқасына таңып жатқанда Көктұқыл да келген. Мелшіе қарап, дәрменсіз жауды қамшымен тартып өтті.

- Олжалы екенбіз.

Хан алдында Көктұқыл батыр жаудың екеуін де өзім түсірдім дегенге келтірген. Атын тебініп, қамшысын шошандатқан шал:

- Жалған айтады мынау, - деп қалды.

Жалт бұрылған Көктұқыл ішіне қорғасын өзек салған он алты өрім дойырмен шалды тартып жіберген. Қамшы шалдың қаудыраған тонын тіліп түсті.

- Сен емес жауды түсірген Жидебай, - деп шал көзі шатынай айқай салған.

- Мактаншақсың.

Екінші ұруға Жидебай жібермеді. Көктұқылдың қолынан қамшысын жұлып акеткен. Ашудан түтіккен Көктұқыл Жидебайға найзасын ала ұмтылды. Бір-бір қабат сарт-сұрт соғысып өтіп, найза ұшын тор сауытқа тірей күш сынаса шіренісе кеткен. Қапсы жүрген екі аттың бірінің иесі, кеше абыройы асып жүрген Көктұқыл батыр сыпырылып түсіп, шаң қапты.

Қол бастаған жорық үстіндегі хан алдында мұндай бейбастыққа жол берілмеуге тиіс еді, қас-қағым сәттегі уақиғаға ешкім кедергі келтіре алмады. Ханның абыройы

ғана емес, қолдың бірлігін ойлаған Жеті жарғының бұл үкімі аяққа басылды. Ескінің жолы бойынша екеуі де жазаға тартылуы тиіс.

- Шалдың айтып тұрғаны рас па? Хан үнінде кешірілмес зіл жатқан.

Әлі өзіне келе алмаған Жидебай бас изеді.

- Қанда найзанды деп, - хан Жидебайға тұра алмай жатқан Көктұқылды нұсқады.

Айнала сілтідей тынған. Көбі хан шешіміне риза сияқты, біразының жүзінде пендешілік кімде болмайды деген Көктұқылға аяушылық бар. Хан үкімін естіген Көктұқыл Абылай алдына кешірім сұрап жата кеткен.

- Хан найзамды алғаш рет елдің ақымағы менен адасқанына емес, жауына сілтесем деп едім, - Жидебай ханның екі бұйырық етпесін білсе де осыған тоқтадымға сайып, найзасын тақымына қыстырған.

- Жігіттің сөзі толық, - десіп хан кенесшілері қозғалақтады.

Іштей тынған сарбаздар арасында да құптаған гуіл жүгіріп өткен. Болсын дегенді білдіріп, Абылай орамалын сілтеп еді, риза болған көпшілік Абылайлап аруағын одан әрі көтеріп әкетті.

Кезінде Абылай да пендешілікті, көре алмаушылықты аз көрмеген деп еститін Жидебай. Желкілдеп өсіп, жұрт арасында беделінің көтерілуін талайлар қызғанса керек. Жастың абыройын төгіп, қатты сүріндіруді ойлаған қаскөйлер катал сынақ өткізбек екен. Ел сеніміне жұрт бастар көсем мен қол бастар батырда әруақ болуға тиіс. Бірақ күні бүгінге дейін онысын не көсем, не батыр дабырайтып жаппай жұртқа көрсеткен емес.

Ел көрдік дегеннің сөзіне ғана сенетін. Дұшпандары

дүйім жұрттың алдында Абылайдың аруағын, бар қасиетін көрсетуін талап етіпті.

- Сен қаңғыбас, халықты босқа алдама,- депті міс.

Сәскеде ақ үйінен шыққан Абылай қорамсақтағы жалғыз жебесін алып, бисмиллә деп ауаға қоя салған екен, сұржебе әлденеге қыстырылғандай қалықтап тұрып қалыпты-мыс. Сонан бері сағымға сұржебесін ілген Абылай атаныпты деседі.

Көктұқыл батыр шолғыншылықтан шығарылып, сарбаздар қатарына жіберілген. Жидебай ханның сеніміне, қараның көңіліне ие болғандай. Алдыңғы шепті барлаушылыққа қосылды. Жау еліне таяған сайын, жүріс те қилықилы. Анық бет шығыс тұс болса да, кейде тіке терістікке салып үдете жүріп алады да, тағы шығысты бетке ұстап, сақтықпен жылжиды. Бір орыннан айналып кері шегінетін, не түстікке қарай тартатын кездері де аз емес. Бұл не жүріс деп жатқан да ешкім жоқ.

- Абылайдың айласы - дейді де қояды.

Қолдан күншілік жерге ұзап кетіп, жау елінің тынысын аңдыған Жидебай тобы жасақты жаудың үстінен шыққан. Алыс-алыс күзет қойып, қаперсіз бейбіт жатқандай.

- Бұл жаудың бірінші шебі,- деген ақырын ғана кәрі жауынгер.

- Соғысар жер осы ма? — деп сұраған әлденеге делебесі қозған Жидебай.

- Оны мен қайдан білем. — Кәрі жауынгер сен әлі бала екенсің ғой дегендей Жидебайға барлай карап, мырс етті.

- Жау болған соң тимейміз бе?

- Біз барлаушы ғанамыз. Сыр беруге қақымыз жоқ. Дұшпанға сырынды білдірсен, құрығанын.

- Күш атасын танымайды деген қайда?

- Батыр бір оқтық дегенді де ұмытпа. Тоз-тоз болған еліңнің бала-шағасының көз жасы біздің мойнымызда. Біреуден өлгеннен не өлтіргеннен келіп-кетер шамалы.

Бейқам жатқан қалмақ қолының хабарын естісе де, Абылай шабуға бұйрық бермеді. Сактықты күшейте түсіп, күндіз ну орман, қиын шатқа жасырынып, түн баласы үдете жүруге кіріскен. Күндіз жалғыз-жарым жортып, жер байқап, түнде тағы қолға ілескен барлаушыларға қиындық түскен. Бұралаң жүріспен жау ішіне ендеп еніп, үшінші күні садақ тартып, күш сынасқан ерулі қалың елге жолыққан.

- Жаудың алтыншы қабатына іліктік, бұл құба қалмақ, - деген кәрі жауынгер.

Барлаушының хабарын естіген Абылай атақты батырларын шақырып, кеңес құрған. Көпшілігі жедел тиісуді жақтайтын сияқты.

- Жау елінің жүрегіне ендік, жан-жағынан көмек күтуге үмітсіз еттік. Бізді бейбіт жатқанда шауып, шұбырынды етіп еді, біз әуелі үркітіп көрейік. — Абылай қатуланып, жанары сұп-суық от шашып, жауын сикырмен арбағандай далаға тесірейе қалған.

Жеті жерден ту көтерген қазақ қолы жауды орағыта айналды. Қазақ туын көрген жонғарлар у-шу. Қас-қағымда мыңдаған үй үрке көшті. Көк темірге құрсаңған қарулы жасақ топ-топ боп сап түзеп, мал мен жанды ортаға алып үдере жөнкілген. Иен далаға қарай бет түзеген көшті биенің екі-үш сауымындай уақытта еркімен жіберген Абылай, енді тағы бір қолдың алдынан шығып тоқтатуына бұйырған.

Қалмақ қолы соғыспай беріспеймізді танытып шел құрай тоқтады. Әскери кеңесті тағы ашқан Абылай:

- Енді жауды алудың тиімді жолын айтыңдар, - деген. Сабырлы, салқын жүзінде іштей есебінің мол екені сезіл-

гендей. Кенес ашуы - қол бастаған батырлар соғыс өнеріне шындала түссін, озық ойлысын танып алайыны сияқты.

- Жау әлі өз-өзіне келмей тұрғанда тию керек.
- Жекпе жек сұрайық.
- Үстінен малды қаптатып жіберіп, есін шығарайық.
- Мейлі, қазір дем алсын, түнде тиіп, тоз-тоз етейік.
- Бәрекелді, түнде өзінді өзін де соғып өтпейсің бе?

Қол бастағандардың ойы бір жерге тоғысар емес. Әркім өз дегенін дәлелдеп, осы қалай дегендей Абылайға жалтақтаған. Хан сыр берер емес, шокша сақалынын ұшынан ұстап, асықпай тарамдап, бәрін үнсіз тыңдаған.

- Дат, тақсыр.

Манадан босағада отырған жас барлаушыға бәрі жалт қарады. Бүктеулі қамшысын жерге тіреп, бір тізерлеп отыра қалыпты. Өңі бал-бұл жанады.

- Айтарың болса, айт кәне!

- Қалмақ қолы көкбекті жерге тоқтады. Бата алмаған болып, кейін серпіліп жатайық.

Сонда олар аттарын отқа жібереді. Ертең осы уақытта көкбек жеген ат тегіс тышқақ боп, мінуден қалады.

Отты жанарын табалдырықтан алмай мелшиген Абылай кеудесін көтере түзелді. Өнебойы уайым мен мұннан арылмайтын көзінде қуаныш оты жылт-жылт.

- Міне, жан-жағына масайрай қарады. — Асыл тастан, ақыл жастан деген осы. Осыған тоқтайық. Әруақ қолдасын сені, Жидебай.

Ертеңіне сәске түсте аты мінуге жарамай жаяулатқан жау қолы жөнді қарсылық ете алмады. Бірен-саран, жаяу соғысқан жау тобы жер жастанды. Олжаға кенелген қол енді жау қамауында қалмас үшін тез кейін серпілген. Ішкі жа-

ғынан дұшпан күтпеген жолдағы шептер ұрыса алмай быт-шыт боп қашып жатты.

Олжа бөлісерден бір күн бұрын Жидебай түс көрген. Түсінде мүйізімен көк тіреген Зеңгі баба:

- Әй, Жидебай, мені қорсынба, халқын сыйлаған төрт түліктің бірімін. Түбі ырыс болармын, мені ал, - деген.

Абылай:

- Әуелі қалағаның жас батыр Жидебай алсын, - деген.

Жидебай оқшау тұрған тоғыз бұзаулы сиырды алып, еліне қайтты. Ауылына батыр атағы, олжалы хабары жеткен екен. Өгей шешесі Апар күншілік жерден құлыным деп жылап қарсы алды.

- Апа, мынау сізге деген тартуым, - деп Жидебай тоғыз сиырдың бас жібін шешесінің қолына ұстатып тынған.

Қазақ қалмақтың шабысуы ұзаққа созылып кетті. Ашық айқаста әлденеше жеңіліс тапқан жау енді жеке-жеке бейбіт ауылды кенеттен тонауға көшкен.

Соны қонысқа жана қонып, көңіл жетермен жас марканың етіне ортақтасып, кештетіп барып жатқан. Алыстан жеткен қарлыққан айқай түн ортасында жұртты дүрліктіріп, шал-шауқан дірдектеп далаға шыққанша иесі де ат сабылтып жетті.

- Алып кетті.

- Уай, не айтып тұрсың.

- Бәрін түре қуып кетті. Сытылып шыққан мен ғана.

Қандай күн болады деп Жидебай бір топ саяқты бөлек жайдырушы еді. Аттарды сайға бекітіп тастап, қаннен қаперсіз ұйықтап жатқан баланы тауып, қуғыншы шыққанша сәске болды. Түс ауғанша соңынан қуғыншы келмеген соң жау да жайбаракаттыққа салынған сияқты. Сойылдап қуып айдаған із енді жайқала түсіп, әр жерде жылқының

Н.В.

Т.А.М.

17

МЕМЛЕ

ҚАЖАҚАНЫ

718488

тұрып тезек тастағаны көзге шалынады. Қуғыншылар жауға бесін шамасында жетті. Алпыс шақты екен, есік пен төрдей торы атқа мінген еңгезердей басшысы көлденеңдеп, жекпе-жек сұрағанын танытты.

- Әруак!

- Әлдебір үлкеннің шын көңілден шыққан сиынуымен Жидебай да ортаға шыға берген. Алғаш кезекті алған жау батыры Жидебайды найзамен шірене шанышқан, қапы кетті ме, өкіне бас шайқады. Найзасы сауыттан өтпеді. Жидебай найзасы да дұшпанының сауытын жыртса да денесіне дарымады. Қарсыласы ес жиғанша шапшаң қимылмен атынан аударылып еді, бір тізерлеп барып, тез тұрып үлгерген жау батыры Жидебай атының шаужайына жармасты, ат үстінен өзін жұлып алмақ болып, онысынан ештеңе шықпаған соң қылышына жармасты. Үлгертпеді Жидебай. Атқа өңгеріп әкетіп, кеудесіне қанжар салып, қайта лақтырып тастаған. Батыры өлген жау, серкесіз табын, дүрліге қашты.

Малын онай қайтарып, онай жеңіске жеткен Жидебай да, соңына ерген азғантай топ та желпініп, олжалы жорыққа белді бекем буған. Ауылға мал менен екі-үш отағасы қайтты. Бөрінің іздейтіні олжа, батырдікі намыс дейді екен, сан жеңіліп үріккен жау алысқа шырқап кетіпті, таптұйнақтай бекініпті. Ай жүріп шалдығып, енді елге қайтсақ деген жолда ойда жақта адасқан. Айсыз қараңғыда жол іздеген Жидебай пілте тұтатып, топты соңынан ертті. Тан ата ат суытып, енді жүрмек еді, белден аса жайылған қалың малға, сәнімен жылжыған көшке көзі түсті де, ұры сайға қайта кірді. Ұзап кеткен көш соңында тігулі ақ шатыр қалған.

- Мұнысы несі? – деп бөрі тан.

Таяай берген белгісіз топты көріп шатырдан шыққан үшеу лып етіп атқа қонған. Атына сенімді ме, әлде досқасын білгісі келді ме, қашпады. Қазақ екендерін танып үлгергенше Жидебай тобы да қоршап қалған. Үшеудің бірі шал, қалған екеуі жасөспірім қыз. Шал басындағы бөркін жерге бір-ақ ұрған.

- Кешеден бері мен көрмеген бір жұлдыз батыстан батпап еді, сен екенсің ғой. Осынша қапы қалғаным. Ең болмаса ныспыңды айтшы.

- Құдайға айта барайын деп пе ең? Жидебаймын.

- Ә, солай де. Естіп едім қазақта сондай біреу бар деп.

- Естісең сол.

Шал түсініксіз тілде қыздарға бірдене деп қалды да, аңдаусыз тұрған жігіттер арасынан сығыла қашты. Аты ерен жүйрік екен, сыйпатпай кеткен қалпында ұзай берді. Айнала қашқан екі қызды ұзатпай ұстап әкелген. Көзінде жас мөлтілдеп, ендігі тағдырына еріксіз мойұнсұнған екеудің үлкенінің аты Құлғана, кішісі Бөдене екен. Бөденені Жидебай Әлтекенің бір ұрпағы Жарасқа сыйлап, өзі Құлғанаға иелік еткен.

Ой-хой, дүния! Жазғы күнгі қызғалдақтай құлпырған Құлғанамен отасуы ұзаққа бармапты. Тағы бір жорыққа кеткенінде мерзімді уақытында оралмаған Жидебайды ел қазаға ұшырадыға жорыпты да, жап-жас Құлғана сұлуды Мырзағұлға қосыпты. Кейін іште кеткен балаға Құлғана Қазақбай деп ат қойғызып, оның Жидебайдан екенін жасырмаған екен. Татамын деген дәмінді, көрер қызығынды, сүйер ұлынды басқаға бұйыртқан тағдыр ойынына не айтарсың.

Жидебай әйелсіз емес еді. Айттырып әперген бәйбішесі, осым қалай деп алған тоқалы кезек күтіп-ақ қарсы алған.

Әуелде жорықтағы олжасы есепті Құлғананың орны бөлек екен, бірденесін жоғалтқандай шырк айналып, қоңылтақсып қалды. Қызғаныштан қуып тындың-ау деп бәйбішесімен де алақөздеу. Қоңылтақсып жүргенде хан тағына біржолата отырған Абылайдан шақыру жетті. Үйге де сыймай, түзден де жеріп жүрген шағы еді, сылтау айтып бармады.

Үйде жатып та барқалар таппай күзде керней кәрі Есей батыр бастаған топқа ілесіп кеткен еді. Ауылдан шыққан түні-ақ андыған жау жоқтай-ақ қаперсіз ұйықтаған қырық жігіт ертемен жаяу қалғанын бір-ақ білген. Із жобасына карағанда жиырма шақты кісі сияқты.

- Бетке шіркеу, сүйекке таңба болды, - деп күйзелді кәрі Есей, - Алдырып қайтқаннан өлгенім артық. Мен ізбен қуамын.

- Жә! Тағы шошандаған біреулерді Есей тыйып тастады. - сендер елге қайтындар.

Жау соңынан кеткен екеудің артынан қарап біраз тұрып, найзаларын шолтита кесіп таяқ еткендер кері бұрылды. Бұл жердің кейін Найзакескен аталарын олар біліп пе. Өзегі талып ашығып, қаны кеуіп шөлдеген жаяулар кештете жеткен белдің тап етегінен тігулі акша отауды көрген. Иесіз үй, дайын дәмге кезіккендер елге тіке жетуге асықпай осы жерде жауды қуа кеткендерді біраз күтуге шешкен. Ақша отаулы жердің кейінде Ақшатау делінерін кім білген.

Қуа кеткен қос жаяудың алдыңғысы Жидебай кәрі Есейді аяп жалтақтай берген. Намыс буған кәрінің жүрісі ширақ, қабағы қату.

Найзасын беліне көлденен ұстап, өкше ізінен бір қалар емес.

- Шират жүрісті, - деді. Біраздан соң:

- Осы жүрісім қалай?- деп сұраған Жидебай.

- Мұның да аз, аңшыл аттын жүрісіндей ғана.

- Ал ендеше.

- Міне, мұның тәуір аяннан артық, желістен төмен.

Бүйтпесек жауды биыл қуып жете алмаймыз. Жидебайды ерткен кәрі Есей келсін деп олар бізді күтіп жатпас.

Көз қиығын Есейге тастаған Жидебай бал-бұл жанған түрінен, ашылған қабағынан ризашылығын сезді. Тоғыз қой терісінен бір тон ғана шығады десетін Есейге. Ат көтере алмайды екен, жатаған торы биесін ғана мініп, болдырса, өзі арқалайды деген де сөз бар. Осы елдің бар тәуіріне бала жасынан көңілі ауған Жидебай Есейге де құлағы түрік. Кәрі батыр артына талай аңыз тастаған.

Шығанға шығып, жалғыз жүре беретін батыр жаяулықтан шаршап, қыс ішінде қалың қараған ішіне қисая кетсе, жау жылқысы үстіне кепті. Бір ту биені тоқтыдай алып соғып, арқалап әкетіпті. Ертеңіне ізімен жеткен тоғыз жылқышы түндегі ісінен, көз көрген пішінінен қорқып, тіл ката алмай кетіпті десетін.

Жорыққа шығарда жалаңаяқ Әз деген әулиеге бал аштырады екен.

- Барасың, шабасың, аласың,- деп қысқа қайырған Әз аз ойланып. — Сонда жабағы жүні түспеген буырыл тай бар, түбі маған бересің,- депті.

Сол Әзге берген тай тоғыз жылда біік шарбақтан байлаулы тұрғанда қарғыған ат бопты. Әлде біреулердің азғыруымен соны мінуге сұраса, Әз бермепті. Шарбақтан рұқсатсыз шығарып әкетіп бара жатқан Есейдің жолын кескестеген Әзді қағып жіберген екен, найзасы қатты Әз әлденені күбірлеп отырып қапты. Үйіне келсе тоғыз ұлы тегіс сұлап жатыр мыс.

- Ойбай, не істедің? - деп жылайды бәйбішесі.

Әруақыт өзіне тілеулес әулиені ренжітіп, қателік еткенін енді білген Есей Әздің аяғына жығылған екен, жалғыз аттан басқа дүниені тәрік қылған қария.

- Менде енді не ерік? Атқан оқ қайтпайды, бірақ ұрпақсыз болмассың. Әй, бекер еттім-ау, - деп өкініп қала беріпті.

Жорыққа Қабанбаймен аттанбақ екен. Қолды түгендесе Есей жоқ.

Іздеу салса Әзбенен әуреге түсіп, кешігіп, түйеге мініп, Қарауылшоқыда жалғыз тұр.

- Неге келмедің?

- Осы жақтан жау өткізбесем болмас па? Әрі Әз әулие үш күнде екі қатер бар деп еді.

Ұйықтама. Бір жарық көрінер, ол дәу. Екіншісі адам бейнелі Жезтырнақ, сол аңдиды деген.

Ел қорғаны болған батырының абыройын асыра сөйлейтін жұрт Есей тасты тасқа ұрып дәудің көзін шығарып өлтіріпті, қосының ішіндегі өз орнына ағашты жатқызып, жезтырнақтан құтылыпты десетін.

Әр жерде ат суытып, аз-мұз аялдағаны болмаса үрдіс жүріске салған жау жеткізер түрі болмады. Қалтадағы жалғыз малтаны ас етіп, өзек жалғаған екеуі қауданы қалың қараған ішіне құлай кетіп, түн өткізді. Ертеңгі сәскеге дейінгі жүріс те жаудың асығыс жүріп бара жатқан нышанын танытқан жау жұртындағы ыстық қоламта, шала мүжілген сүйек, апыр-топыр асығыстық.

- Ә, - деді Есей. — Ішінде жауырыншысы болды. Ол қуғыншы барын айтып, дегбірленіп алып келеді. Ендеше бізде айла жасайық.

Кәрі Есейдің ұсынысымен екеуі тымақтарын теріс айналдырып, көйлек, шалбарды, шапанды алдын артына қара-

та киіп, етік ұлтарағын өкшеге қарай салған. Кейін ел арасында тараған аңызда жау жауырыншысы бал ашып: - екеуі сонымызда киімдері әрі қарап тұр депті-мыс.

- Сен не сандалып отырсың? Етігі әрі қарап, өзі бері қарай жүретін кісі бола ма екен. Алжиын деген екенсің, - деп ұрысыпты басшысы.

Қайта-қайта екі-үш мәрте бал ашқан жауырыншыға осы көрініс түсе берген соң, жау қуғыншы кеттіге санап, олжа малдың ішінен семізін тандап сойып, еру жасапты. Бұл әңгімені кейін өзі сан естісе де, мынасы дұрыс не бұрыс деп Жидебай түзету енгізген емес. Құмалақшы-жауырыншыға сенетін қалың елдің көңіліне шүбелану пікірін тастағысы келмеді ме, әлде шын солай ма, ол арасы бүгін де құпия.

Бесін шамасында жүгіріп дөң басына шыққан жау шолғыншысын көріп, екеуі де жалп етіп ши түбіне құлай кеткен.

Әрлі берлі күн салып қараған шолғыншы атын тебініп қайта асты.

- Енді алыс емес.

- Иә, сәт.

- Бізді қайтып кеттіге санап, еру жасап жатқан сияқты.

- Шолғыншысы да бейқамдау сияқты. Жидебай осым дұрыс па дегендей есейге қараған. - Ең болмаса қайта айналып бір көрініс бермеді.

- Оның рас. Бірақ енді бүлдіріп алмайық.

Жалп еткен жапалақ көрсе жер жастана кетіп, сақтықпен бүкеңдей жүгірген екеу әлгі біразда шолғыншы тұрған дөңнің қырқасына шығып, жатаған обадан әрі қарай сығалады. Болжамдары дұрыс екен. Аламан жаудың көңілі енді орнығып, ақ май, қызыл етке енді ғана еркін араласқан сияқты. Сол жақтан ескен жел лебі кей кейдегі көңілді

күлкіні де жеткізіп қалғандай. Бейқам, кейісі тоқымын жастанып, тәтті ұйқыға кеткендей. Сірә, басшысінікі болар, жараулы қақ торы ғана ұзын арқанмен ұстап, қалған жылқыға тұсамыс салып, өріске жіберіпті.

- Мыналар тура той жасап жатқандай ғой.

- Үндеме, бәрінен қызығы кейінгі той. – Есей басын обаға тіреп шалқалай жатты. – Енді асықпалық.

- Мен елеусіз барып бар атын қуып әкетейін бе?

- Асықпа, Жидебай. Қақ торыны да алу керек. Ол үшін түн жамылғанымыз дұрыс.

Қарауыта кеш те батты. Жұлдыз туа, алакөбең шақта, көлеңкедей жылжып етекке түскен екеу тағы ақылдасты.

- Сіз, - деді Жидебай, - ана тұсаулы малды қазір босатқан соң біріне мініп, бетін бұра беріңіз. Мен қақ торыны айналдырып көрейін.

- Жарар, - деді құптаған Есей. - Бірақ әуелі бар малды босатып, алға салып алайық. Содан соң қақ торыға барарсың. Менен көрі жүрісің ширақтау ғой, бірақ байқа, қолға түсіп қалмасты ойла.

Өзек жағалай тұсаулы жылқыға жеткен екеуінің малды босатып бетін бұруы ұзаққа созылмады. Қақ торыға қайта айналып келген Жидебай қыл арқанды шешіп осы жау не істеп жатыр екен деп, тың тындап, аз-мұз аялдаған.

Кейінгі айтушылар онан арғысына тағы аңыз қосқан. Жау басшысы:

- Әй, манағы екі қазақ қайда екен, соны байқашы, - деп бұйырыпты.

Қу жауырынды отқа әрлі-берлі сүйкеп өткен балгері қарап жіберіпті де

- Ойбай, алып қойды, - деп баж етіпті.

- Не дейсің?

- Алып тұр ғой, қақ торыға аяғын салып тұр ғой. Тартшы ана арқаныңды.

Қақ торыға қарғып мінген Жидебай тура орталарын жара ұрандап, кес кестегенін атпен қағып, найзамен жасқап өте шыққан. Эттең, сол күндер қайтып келер ме?

Хан шақыруын құп алмай, өз бетімен тағы жол таппай, ауылын айналсоқтаған Жидебай өзін торыған жаудан сескеніп, жартылап бекініс үйшік салдырып еді. Күндізгі мекені сол жер үйі болғанымен, түнемелікке ағаш ішіне кетіп, арғымағын бәйтерекке байлап, жыраққа жібермейтін.

Хан тағына біржола отырған Абылай ұнаса тыңдап, жақпаса жөнкіле көшіп, жөніне кете беретін елдің басын біріктіру үшін ел жақсысын маңайына топтауға тырысқан. Шақырғанға келмеген соң Жидебайдың бір өкпесі болар деп топшылады. Айбыны асып тұрған Абылайдың шашпауын көтеруші кейбіреулердің әпербақан ұсыныстары да кезіккен:

- Хан сыйламады деген не сұмдық?

- Қол жіберіп, айдатып алу керкк.

- Бір жеңнен қол шығарымыз дегенде, осындай қыңырлар да қажытып бітеді. Жалпы жұртқа бір сабақ жасау дұрыс.

Бір жеңнен қол шығарамызы көкейіне қонып, бола алмай жатқан іс қынжылтса да, қыңырды бүйтіп тізгіндеу басқа елде болса да, бүгінгі қазаққа жөн емесін Абылай жақсы түсінген. У ішсең, руыңмен іш деген ұран байына да басқасына да бірдей. Өзім араз болсам да намысым бірге дейтін руласы сойылын көтеріп, шадырайып шыға келеді. ресейдің байлап қойып сабап, матап айдатуы, бұл жұртқа, тап бүгін қазаққа жат, құдайдан басқа сіңіре алмас салт.

Ендеше бүгін шанырағын көтерген мемлекеттің іргесі әбден бекігенше дала заңын бұлжытпай орындап, қыр көкжалын ақылмен үйіре білгеннен басқа не жол бар.

Жеті Жарғының үлкені Бұқар жырау да Абылайдың қол жұмсамағанын қалайтын сияқты. Тіс жарып үндемегенімен емеуіріні солай. Емеуірінін танығанмен, тағы қосары бар ма екен ниетімен:

- Не айтасыз? — деп сұраған.

Бұқар ақ жібекпен танулы жағын сәл босатып, сүзе қарады.

- Не айтайын, қазақтың ақылсыздықтан бірін бірі қырағаны аз ба?

- Не істе дейсіз?

- Тілдес.

Келер жылы көші-қонын арқанын төріне қарай бұрған Абылай Жидебай ауылы мекен еткен тұсқа жақындап кеп тұрақтаған. Көрші ауылдан Жидебайдың үйшігінің тұсын анықтап алып, жанына жалғыз нөкерін ерткен хан жер үй манын білдірмей шолып өтіп, өз шатырын ғана осында әкелуін тапсырған.

Таң ата екі адамын Жидебайдың жатағына жіберіп еді, кешікпей қайта оралды. Аты отта, өзі кеуектастың алдында ұйықтап жатқан батырдың сұсты өңінен оятуға батпаған.

- Не көрдіңдер?

- Тым сұсты екен. Қыбыр етсем, көк сүнгісінің өзі шаншатын көрінді.

Абылай мырс етіп күлді.

- Шабу қашпас. Аз ғана қазақты құрай алмай құртып алмайық. Шабылған ел ел болмас.

- Енді не істейміз? — деп сұрады нөкерлері.

- Тиіспендер, өзі оянсын.

Кісінескен ат дауысынан оянған Жидебай атына ұмтылмады. Хан шатыры көзіне жылы ұшыраған. Япырмай, Абылайдың жүрісін сезер ешкім болмас деді іштей. Жаяулап кеп шатыр ішіне бас сұғып.

- Ассалаумағалейкум, хан алдияр, - деп сәлем берген.

Сәлемін алған Абылай:

- Ә, Жидебайым, жоғары шық, - десе де, онан әріге бармай, барлай карап, қабағын қарс жауып, біраз отырды. Хан ниетін тани алмаған Жидебайда да үн жоқ. Қырдың көкжалы менен сан жауға ойран салған сайын даланын арыстаны үнсіз арбасты.

- Шақырғанға неге келмедің? – Хан үнінде зіл де, наз да жатыр.

- Талай хан өтіп еді, азулы ма дегеннің талайы үміт ақтамапты. Ел бүлінді, жау басынды. Сенің де атын дардай. Ісінді жақсы бастағаныңмен, әрісі не болады деп бірінші соған көзім жетпейді.

- Екіншісі...

- Екіншісі хан сайланып, Көкшеге өтіп бара жатып жол үстіндегі біздің ауылға ат басын бұра кетпедің. Бұған өкпеледім, әрі тәкаппар ма деп қалдым. Орынсыз тәкаппарлық ел үркітеді.

- Жақсыны жағадан алмас болар, қолтығынан демеу жақсының ісі. Жақсы істің сыртынан карап сын айтпайды, тер төгіп жүріп шын айтады. Бұл біріншіне. Ауылыннан аттап өткенім не аңғалдық, не асығыстық болар. Оған кешірім ет. Бұл екіншіне, - деді сабырмен Абылай.

Сөз төркінін түсініп, жүйелі сөзге тоқтап үйренген Жидебай шын пейілімен разы болып қалды.

- Мен сендік, тақсыр, - деп хан алдына жүгінгенін өзіне мін санамаған.

Жорыққа дайындалған Абылай үш Жүздің келмек әскерінің басын қоспаққа біраз аялдаған Қаракесектің кеіінде енді аты шыға бастаған Жарылғап пен Деріпсалы да осында Күні бойы найзаласып, құш сынасып, садақ тартып жаттыққан жігіттерде дамыл жоқ. Кей кейде жанына жалғыз ғана жолдас ертіп, көптің біріндей елеусіз киініп, жасағының тірлігін байқайтын Абылай айнала қамысы кісі бойы тұнғыық кара суда жалғыз жүзген жігітті сонадаидан байқап, Жидебайға иек қақты. Хан көзі жоталы жауырынды қақ бөле біткен ұйысқан кара қылға түскен сияқты.

- Тұлғалы екен мына жігіт, атын білші, - деген.

- Біздің елдікі, аты Жарылғап.

- Ә, дұрыс – Абылай Жидебай үніндегі мақтанышты танып, жымың еткен.

- Өзіңнен кейін шыққанға көңіл толып, сүйнесін.

Жидебай жас Жарылғаптың биыл ғана он тоғызға толғанын, туғандарының рұқсатынсыз осы қолға кеп қосылғанын да білетін. Жас жігіт бар қазақтың намысын жыртқан дуалы ауыз қаз дауысты Қазыбек биден бата алуға да өз бетімен барған. Жігіттің бітімі, сөз саптауы ұнаған қарт баба майданға мінсін деп Қылышқыр атты ат ұстатып, батасын беріп аттандырған еді.

*** **

Кейінгі шамада сан ұрыста жеңіліп, бір жағынан шүршіт шауып қырғын тапқан қалмақ елі бас көтере алмай қалған. Кезінде Абылайдың маңына тастүйіндей жинақталған батырлар жер жеріне, мекен-суына тараған Қызылтас, Көрпеш-Нұртай маңын мекен етіп, арқаның сауырын жайлап

Жидебай жатты. Хан ордасынан анда-санда келетін хабардан басқа баиланыс та шамалы Сөйтіп жүргенде атын зорықтырып, шабарман да жетті

- Тез жетсін,- депті Хан науқас көрінеді

Қос-қос атын жетектеп, атсоқты болып зорға жеткен Хан мамық төсекте өңі қашып, шалқасынан жатыр екен. Берген сәлеміне иегін ғана қаға алды. Иығы салбырап, жерге үнілген жегі жарғы да таспиғын тартқан имам да осында Бәрінде үн жоқ. Күбір-күбірден білгені ханның кіндігінен төмен жан жоқ, онысы өрлеп бара жатқандай. Тіл-аузын да қойыпты.

Абылай жай ыңыранды Бірдеңе айтар ма деп бетіне үнілген Жидебайға домбырамды әпер дегендей ым қақты Сағымға сұр жебесін ілген, шешендігімен елді үйірген, тапқыр дана Абылай күйші де еді Сонау Бұқар жырау заманында Абылай түс көріпті Арыстанға қарғып мінген екен дейді, енді бір сәтте онысы жолбарыс, бір қараса қасқыр, бұ қалай дегенше онысы түлкі боп, ақыры тышқанға айналып жүре беріпті. Түсінен шоңыған хан Бұқарды алдырып, онаша жорытыпты Дана жырау күреніткен жүзін қабағы жауып, түйіліп отырып қалыпты Сынаиы жорығысы келмейтін сияқты. Хан қайта сұрай берген соң:

Ей, Абылай, Абылай,

Сұрамасан не етеді?

Сұраған соң айтпасам,

Кісілігім кетеді,- деп бастаған жоруын айтқан

Адамның білер болашағы, білмегені жөн келешегі бар екен Еттім деген еңбегін құмға сіңген судай жоғалар болса, өмірін өксіді деген емес пе. Арыстан жауды жапырған өзін, жолбарыстай жұлқынған немерең болар, кейінгісі қас-

қыр, түлкі, соны қазақ баласы өзінен басқаның бәрінен қорқатын тышқандай болар деп кәрі жырау сылқ етіп жата кеткен.

Түнімен түсінен түршігіп отырған Абылай домбыраға қол созып, бір шерменде күйді шегін үзе шерткен еді. Абылайдың «Дүние ғапыл», біреулер айтатындай «Дүние қалды» атты күйі осылай туған.

Басын сәл көтеріп, домбыраны шерткен Абылайдың салалы саусақтары сағаққа зорға жүгіргендей. Белгісіз күй, беймәлім, мұнды жетпеген арманды көксеп, ауық-ауық өксиді. Шым-шымдап жүрегіне сінген саз жан-жүеңді билеп, егіліп, өз сонынан ертіп әкеткен. Күй сөйлей бастағандай.

Төсектегі ханның екі көзі Жидебайда. Мұндай тесіле қарағанын бұрын сонды көрген емес.

- Сен үк! Сен де домбырашысын. Тілім келмегенін қос шектің бебеуімен жеткіздім. Ендігісі сенің мойнында.

Қайта-қайта екі үш айналып тартып, хан күрсінгендей ыңырсып, домбыраны тастай берген. Екі көзі Жидебайда. Төсектен сырғып бара жатқан домбыраны ұстап Жидебай отырып қалды.

- Хан не деді?- деп сұрасты айнала.

Жидебай құлағында ызың қағып, көкірегінде күмбірлеп тұрған әуенді жай шерте бастаған. Әрі-беріден соң ханның жаңа күйін сылқылдатып тарта жөнелді. Екі қайырып тартып, домбыраны сүйеген еді, хан көзін жұмып жатыр екен.

- Әй, айтсайшы, хан не деді?

Жидебайдың жүзі күренітіп кетті. Абылайдың соңғы арманы тебіренітіп, жүрегі езілгендей. Иегі кемсен етті.

- «Хан айналаң торыған жау, қыспақта қалдың-ау, халқым. Қайтып те аман қаласың? Туған жерді тастап, қаны

бірге түрікті пана етесің бе? Атамекен, туған жер, ата баба аруағы онда саған лағнат айтпас па. Қайран елім, шаңырағымды көтерсем де, іргенді түрілместей бекітіп, жау алмас қорған жасауға қысқа ғұмырым жетпей кетіп барамын» - деп жатыр.

Отырғандар іштей өксіді. Байқатпаған болып сулы көздерін сүрткен, теріс айналып жөткірінсіген. Тәспиғын тартып, күбір-күбір дұға оқыған имамның аппақ сакалынан күміс жасы домалап түсіп жатты. Хан да қайтпас сапарға аттанып, мәңгі ұйқысына кетіпті.

Аза тұтқан ел Абылайдың мүрдесін ақ жуып, арулап Әзірет сұлтанға, қазақ елінің көне астанасы, түркі жұрттарының қадір тұтқан жері Түркістанға әкеп жерлеген. Жидебайдың әкесі Қожаназардын да сүйегі осында еді. Әкесінің басына дұға оқытып, ендігі тірліктің бетін ойлаған Жидебай іздегенін таппағандай, барын жоғалтқандай, қармана берді. Көңілі алаң боп, әлденеше күн Түркістанда жүріп алған. Қалмақ соғысы біткен сияқты, терістіктен орыс патшасы орап бара жатыр. Енді елдің күні не болады, деген уайым көңілге кірген.

Байқап отырса ұзаққа созылған «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» қазақ жұртының өнер қуған, білім іздегені таусылуға шақ қалыпты. Ендігі жастың хат танитыны да сиреп кеткен. Жаугершілік заманда ел қамынан гөрі тірлігі үшін қан төгіп айқасар найзаға ұмтылған. Ендігінің жөні не? Көне шежірені хатқа түсірмесе, ғылым-білімнен там-тұмдаған хабары болмаса, жерін қорғай білсе де мына халық ертең әркімнің жетегінде кетіп, тоз-тозы шығып, құрып кетпей ме?

Әкесінің де дүниеден қайтар шағында «елге білім берер адам іздерсің түбі» дегені есіне енді түсті. Қайтпек керек?

Қасиетті Қаратауын тастап, ақ түтек қысы бар арқаға бара қояр кісі табыла қояр ма? Жидебай Қаратауды мекендеген ауылдарды аралап, елге білім берерлік керекті кісісін байқап, тағы он шақты күн аялдады. Ақыры тапқандай болды. Жидебайдың өтінішін дұрыс санаған қасиетті ақсақалдар өзара қауқылдаса кеңесіп, Төлеген мен Нұралы деген Бұқар оқуын тауысқан екі жасты орталарынан шығарып берген. Жидебай жаңа үйленген екеуін басына тіккен үймен, мал мүлкімен біржола көшіріп, арқаға ала келген еді.

Ой-хой, дүния, сонан бері қаншама уақыт өткендей. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Жаза басып оқымыстының кәріне ұшырамаса... Жидебай енді өзінің бүгінгі мүшкіл халін, зағиптығын ойлап кетті. Дүниенің жарығын көріп, әлемнің әсемдігіне сүйсінгенге не жетсін. Көзден айырылғаннан бері соның бәрі ғайып. Тірліктің сол бейнесін аз да болса көрсем бе деп жасамағаны жоқ. Ең ақыры Дембі баксыны да алдыртқан. Дембі кешегі сонынан ерген батыры Деріпсалының баласы есепті еді. Талай ауыл шабылып, талай жұрт қаңырап бос қалғанда жау қайталап күні-түні жортқан Деріпсалы қираған елдің орнынан жылай жылай қалжыраған құндақтағы баланы тауып алып, биенің сүтімен асырап өсіргенін білуші еді. Кейін сол бала баксылық құрып, жүріс-тұрысына аңыз қосып алғандай. Әуес жұрт тіпті көпіртіп, баксының атын бұлтқа мінгізе шарыктатып әкеткен. 13 жасында есік алдында ойнап жүрген Дембіні алабөтен құйын көтеріп әкетіпті мыс. Сол құйын алыс жақынын кім білсін, бір байдың есігінің алдына әкеліп тастапты. Мына кереметті байқап қалған шал, сал ауру жалғыз қызына ем етуін сұрапты. Әлдебір күш Дембі балаға емде деп бұйыратын сияқты. Сонан бала ауру қызды көріп шығып, жас

ботаны сойдырып, орган жілігін қыздың ауру жілігінің орнына салыпты. Бірер айда тәуір болған қызын шал Дембіге қосыпты.

*** **

Қарт Жидекеннің қайтыс болғанына да жылдан аса уақыт өтті. Кәрі айбынның туы болған, көне жолдың ендігіге нұсқаушысы есепті қарияның орны ел ортасында омырайып бос қалды. Ресей патшасына бағынып, күнде өзгеріп жатқан өмірдің екпініне ілесе алмаған көп ақылгөй ақсақалын іздейтіндей. Жидекен жарықтық солай деуші еді, - деп тамсана еске алып, тым болмаса ол кісінің жасына таласушы еді. Біреулері 110-ға келді десе, көбі 120-дан кемге көнбейтін де, бірен саран қарт батырдың шіркін сүйегі асыл-ақ еді ғой, жүз отызға да мойымай тік кетті дүниеден деп шалқитын.

*«Құба белдер» тарихи романынан.
1989 жыл*

Мұхаммедқали ӘБДУОВ

ДОС БАТЫР

Аңыз әңгіме

Батыр ұйқысынан шошып оянды. Төсегінен ширақ кимылдап тұрегелді. Іліулі тұрған түйе жүн шекпенін алып,

иығына жамылды да төр алдына малдасын құрып отыра кетті. Жасы алпысты алқымдап қалса да сыны қашпаған енгезердей бітімді, кесек тұлғасы, буылтық-буылтық болып бөлек-бөлек жатқан бұлшық еттері екі жағына екі кісі мінгендей қос иығы, тұтаса біткен мойын мен түксиген қабағы, қыр мұрыны, күнге әбден күйіп тотыққан сұсты жүзі алып күштің иесі екендігін айтпай-ақ танытып тұр. Оның өткір жанары есіктің босағасынан жылжып барып, жүктің үстінде жатқан сауыт-сайманға қадалды. Сырт пішіні қозғалыссыз қалғанымен ойы әлем-тапырық еді. Жаңағы бір көрген түсі маза берер емес.

.. Түсінде жаумен канды шайқаста жүр екен дейді .. Шынғырған адам, кісінеген жылқы, у-да шу сұмдық сұрапыл дүние... Енді бір сәт бәрі де тына қалыпты. Жанында тұрған жалғызы Қожаназарды көрді. Жеңдің бе жауды құлыным, келші деп құшағын ашып ұмтыла бергенде түсі суық бір адам екеуінің арасына тұра қалды. Сонан оянып кеткен еді. Ойпырмай, жалғзына жау найзасы қалт тиіп, жазым болмаса игі еді! Қол жинап батасын беріп, жауға аттандырығанына бір жұманын жүзі болған жоқ. Не істесе екен? Әлде соңынан барғаны дұрыс бола ма?

Ойы осылайша сан-саққа жүгірген батыр терен күрсіне бір дем алды да, еңсесін көтерді. Сандықтың жанында шашылып жатқан асыққа көзі түсіп еді, есіне енді жеті жасар немересі оралды. Осы немересін ерекше жақсы көреді. Ата-лап үйге кіріп келгенде бар дүниені ұмытып соның сөйлеген сөзін тындаудан, ойынына қараудан жалыққан емес. Жаздың бір жаймашуақ күнінде жиде піскен мезгілде дүниеге келген немересіне Жидебай деп ат қойып еді. Енді міне сол Жидебайы жеті жасқа шығып, ер жетіп қалды. Байқайды, жүріс-тұрысы, кимылы ширақ, дене бітімі де ерекше.

Кеше кешкілікте қолына найза алып, төбесінен жоғары көтере шыр көбелек айналдырып тұр екен, жақындап барып: қой шырағым, найзамен ойнама, жазым боларсын — деп найзаны ұстаимын дей бергенде, сабы келіп билегіне сақ ете қалды. Байқаусызда тиді. Бірақ билегі сырқырап қоя берді. Ашуланудың орнына немересіне сүйсіне қарады. Қолың қаиратты, жүрегің айбатты болайын деп тұр екен, тек ғұмырын ұзақ болғай, деген іштей сонда.

Немересінің тәтті қылықтарын есіне түсіріп, көңілі сергіген батыр енді ширақ қимылдап, орнынан тұрды да сыртқа беттеді. Таң толық атыпты. Жер бетіне түскен сәуледен шөп басын шалған шық-қыраулар жылт-жылт етіп, мөлдір тамшыларға айналып жатыр. Тырс еткен дыбыс естілмейді. Бар тіршілік таңғы тәтті ұйқының құшағынан шықпаған қалпы. Ауылдың күншығыс жағында Қызыларайдың қалың жынысты орманы мен мұңдалап тұр.

Есіктің алдына табиғаттың тылсым тыныштығын тамашалап тұрған Дос батырдың көзі күнбатыстан күстай ұшып келе жатқан аттылы адамға түсті. Біреу төбесінен мұздай су құйып жібергендей әсер алған ол, бір сәтке бойын билеген қорқынышты оиды сырып тастап, есін жиып алды. Аттылы адам бауырымдап емес, аттандап келеді екен.

Таңғы тыныштықты тіліп өткен ащы дауыстан ауылдағы бар адам аяғынан тік тұрды. Қалмақтардың шапқыншылығынан әбден зәрезап болған ел тағы да бір сұмдықтың тап келгенін сезсе де қандай қауіптің төнгенін таба алмай дал. Топталған жұрттың арасынан уытты үндер, терен күрсіністер естілуде.

- Тағы қандай қияметке тап болдық!

- Не сұмдық болып қалды?!

Аттылы адам аттандаған күйінде көпшіліктің алдына

келе бере атынан сыпырылып түсті. Өзі де, аты да суға сүнгіп шыққандай. Оң жақ білегін таңған шүберектің сыртына шып-шып қан шығып тұр.. Екі иінен алқына дем алған жігіт екі ауыз сөзді зорға айтты:

- Батыр аға, барымталап кетті...

Жұрт шу ете қалды

- Кімдер екенін білдің бе?

- Қайықпанның торысын байқап қалдық.

- Не малға, не жанға маза бермеді-ау!

Дос колын көтерді. Көпшілік бірте бірте саябырлай бастады. Батырға бәрі де түсінікті еді. Әттең! Қожаназарды қол жиып жауға аттандырып кермеде тұрған аттарды айырбасқа жіберген түні қапыда соққанын қарашы! Қайықпан қалмақтың атышулы барымташысы болса, торысы жүйріктігімен аймаққа даңқы шыққан. Көп ойлануға уақыт тар. Не де болса нартәуекел! Қасына бір серік алу керек те, сонына түсу керек.

- Уа, халайық! Көп айтуға уақыт тығыз. Барымташыларға малды жіберіп қойып, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Ойлай келе мынандай шешім жасадым: қуғынға мен шығамын, араларында қасыма серік болатын кім бар?

Көпшілік үнсіз қалды. Ер азаматтар жауға кеткен, мұндағылар кілен кәрі-құртаң мен бала-шаға, қатын-қалаш. Кім шыға қоюшы еді?! Үнсіздікті бұзған жас баланың дауысы болды.

- Рұқсат етсеңіз, қасыңызға ілесетін мен бармын, аға!

Дос жалт қарады. Рұқсат сұраған дауысқа бұрылса күні кеше ғана сонау алыстағы Бораншы ауылынан ата дәстүрін сақтап, бата алуға келген Керней ақсақалдың он бес жасар немересі екен. Батыр ойланып қалды. Керней қарт: Немерелерімнің ішіндегі өзіме өте ыстық көрініп тұратын осы

Есейім еді, болашағынан үмітім мол болғандықтан бата алуға өзіне жіберіп отырмын, деп сәлем айтқан екен. Бала да болса қонақ емес пе? Қонағын жауға жұмсағаны жөн бола қояр ма? Көз қарасы өткір, дауысы ашық, сөзі бекем, өзіне өзі сенімді болса керек. Шешен болса дауда сына, батыр болса жауда сына демеуші ме еді. Барса барсын, бетінен қақпайын. Болашақта бас болар бала болса, осы жолы байқалар.

- Жә, бопты, келістік! Майқы атамыздың аруағы қолдасын, әумин!

Батырмен қосыла көпшілік беттерін сыйпады.

- Уа, жортқанда жолдарың болсын!

- Алдарыңнан жарылқасын!

Осындай тілектермен жиналған қауым Дос пен Есей баланы жебеп жатыр. Үйге жақындай берген батыр есіктің алдында тұрған бәйбішесіне:

- Қартан тартқанымен қабырғасы қатқан қас батыр, жалын атқанымен бұғанасы бекімеген жас батыр жауға аттанады, сусыныңды әзірле, - деді.

... Арада сүт пісірім уақыт өткенде қару жарақтарын асынған қос қуғыншы солтүстік батысты бетке алып кетіп бара жатты...

Түс ауа бұлар Қарабас тауының иығына ілікті. Алдарында қабат-қабат адырлар, жал-жал болып биіктер жатты. Күннің жүзін қолымен көлеңкелеген Дос батыр алдыңғы жақты шолғанымен көзіне ештеңе іліге қоймады. Ауылдан шыққалы жарым жолда сәл аялдап, ат шалдырғаны болмаса әлі аяқ суытқан жоқ екен-ау! Шаршаған шаршамағанын білгісі келіп балаға көзінің қиығын тастап еді, жоқ әлі тың екен. Жүзінің күн қақтап қара күреніткендігі болмаса, қалжырағандықтың нышаны сезілмейді. Ата балаға сыншы дейді ғой

кариялар. Керней қарт үміт күткен немерем осы деп тегін айтпаған шығар! Жә, жол ақысы жүрсе бітеді. Бала шаршамаған екен, ендеше аялдауға болмайды. Найзасын тасқа тіреп, аз ғана тыныстап алған Дос батыр дулығасын баса киіп, қалқанын сол қолына алды да:

- Ал, Есей бала, қас қарайып кетсе із кесу қиынға түседі, кеттік, - деп атын тебініп жүріп кетті. Төменгі еңіске түсу жоғары өрлеудей емес жеңіл болды. Үстінен өткен жылқылар жапырып кеткендігі болмаса, етектегі сайдың шалғыны тура үзеңгіден келеді екен. Бағыттары дұрыс Бірақ барымташылардың тоқтамауы Досты ойландырып келеді. Сонда қалай болғаны? Әлде қалмақтар соңына қуғыншы түскенін біліп қалды ма? Бірақ, қалай біледі?..

Қас қарая апақ-сапақ мезгілде қос қуғыншы бір төбенің етегіне келіп аялдама жасады. Түн түспей айналаны шолып алған дұрыс болар деп ойлаған батыр төбе басына шығып, жан-жаққа көз тастауды Есей балаға тапсырды. Өзі қаулай өскен қалың көденің үстіне бір жамбастап жантайып, дәл қазір қалмақтармен кездесе қалса, шабуылды қалай бастауы керектігі туралы ойлады. Әрине, жолай тоқтап дем алатын болса, жау бейқам жатпайды Бірнеше жерден қарауыл қоятыны анық. Ең алдымен Қайықпанның бәйге торысын қолға түсіру керек. Ол барымтаға қарымта боларлық. Жылқы жарықтық жершіл Алды ашылысымен жылқылар да өз мекеніне қарап тартары сөзсіз.

Бір сәт ойынан арылған Дос Есей бала көрінен ме екен деп қыр басына көз тастады. О, ғажап! Ол төбенің басында бір орында қозғалыссыз, қимылсыз, қақайып тұр. Не болып қалды екен? Батыр орнынан асыға тұрып, қырдың басына қарай көтерілді. Жақындап келгенде байқады, бала

белгілі бір мақсатпен солаи жасаған болса керек. Достын аяқ дыбысын естіген ол дауысын бәсең шығарып, түсіндіре бастады:

- Ата, менің жаныма жақындамаңыз, келесі төбенің басында жаудың карауылы бар екен, мені байқап қалғандықтан осылай қозғалыссыз тұрып қалдым, біраз қарады да тас деп ойлаған болуы керек, демалуға жантайды

Батырдың жүрегі елжіреп кетті. Енді осы күйінде тас мүсін болып жер бетін қараңғылық көрпесі жапқанша тұру керек қой! Екінші жағынан шын көңілімен ырза болды. Баланың ісі жөппелдемеде ешкімнің ойына келмейтін жағдай. Қандай тапқырлық десенізші! Жанына мұндай сенімді серік жүргенде жаудың жиырма шақтысы түгілі қырқы келсе де бұйым құрлы болмас. Батыр тізерлей отырып қараңғылықтың түсуін күтті. Бір уақытта барып ұзақтығы жылдай көрінген санаулы сәттер өтіп, түннің түнегі де жердің бетін жапты-ау, әйтеуір! Дос қасына келген Есеи баланы кең құшағына алып тұрып маңдайынан сүйді. Жоспар да осы жерде жасалды. Екеуі жаудың карауылы тұрған төбені екі жағынан айналып өтіп, қос қапталдан кірмек болып келісті.

- Бірақ, - деді Дос, - менің дауысымды естімей қимыл жасама, саған тапсырылатын міндет – жылқының бетін елге бұру. Ал, енді іске кіріселік ..

Екі айырылған қос қуғыншы қараңғылықтың қойнауына сүңгіп кетті. Төбені айналған батыр қалың қарағанның арасынан шыға келгенде тігілген қостың үстінен түсті. Анықтап қарап еді, әлгінде ғана ыстық тамақ істеп ішкен болса керек, әлі де сөне қоймаған шоқтың сәулесі бір күшейіп, бір бәсеңсіп жатыр. Қостың жанында екі ат қантарулы тұр. Тың тыңдап көріп еді, аулағырақта пыск-

ырынған жылқының дыбысы мен «хау-хау» десіп әредік айқайлап жүрген жылқышылардың дауысы естіледі. Шамасы от жағып отырған болу керек, шатыр ішінен сыртқа жарық түсіп тұр. Батыр енді солай қарай беттеді. Жақындап келгенде барып бір аттың шылбырын босағадан ішке кіргізіп біреудің ұстап отырғанын байқады. Бұл іске танырқаған ол тақап келіп үніле қарап еді, Қайықпанның торысы! «Сапарымыз сәтті болатын шығар, іздегенім алдымнан шықты», деп ойлаған Дос шылбырды ауыздықтың түбінен кездігімен қиып жіберді. Атқа ырғып мініп, айқайды салып қалды. Дәл сол мезетте екінші шеттен қаңтарулы тұрған аттардың біріне Есей бала мініп үлгерген еді. Жылқы үйірілген жаққа қарай кетіп бара жатып костың қасындағы айқай-шудың арасынан өктем шыққан дауысты батыр анық естіді.

- Дос батырға қарсы шауып, мерт болайын деп пе едіңдер, басымызды сауғаға бергенінің өзі олжа емес пе? Қайтындар кейін!

Ауыл қайдасын деп елеңдеп тұрған жылқылар алды ашылысымен-ақ дүркіреп шаба жөнелді. Қарсыласпақ болған үш-төрт барымташыны Дос батыр денелеріне дарытпай найзасымен аттарынан іліп түсіріп кетті.

... Таң қылаң бере жылқы ауыл шетіне ілікті. Ат басын үйіне бұрған батыр Жидебайын қолынан жетектеп боздап келе жатқан бәйбішесін көрді. Көз алды тұманданып қарауытып кеткендей болды. Біраздан соң барып, өз-өзіне келіп есін зорға жинады. Сондағы естігені:

«Құлыным жаудың қолына тұтқынға түсіпті, құтқарып алар кім бар?!»- деген бәйбішесінің сөзі болды. Жерде тұрған немересін ат үстінен көтеріп алды да маңдайынан күшырлана бір иіскеп қайта түсірді. Ат басы кері бұрылды. «Бала

адамның бауыр еті» деген емес пе. Шөлін қандырып сусын ішуге де шамасы келмеді, енді батыр жалғызы үшін жауға аттанған еді.

*«Жезқазған туы»,
15 желтоқсан 1984 жыл*

Аманкүл МҰСАТАЙҰЛЫ

ДОС БАТЫРДЫҢ НЕМЕРЕСІ

Абылай ханның әйгілі батырларының бірі болған Жидебай – Дос батырдың немересі. Дос батыр қалмаққа қарсы соғысқан ерлердің бірі. Елінің азаттығы жолында қалмаққа қырғидай тиген, Жоғар басқыншыларымен болған бір соғыста Дос батыр баласы Қожаназармен бірге жау қолына түседі. Қалмақтар екеуін үйге қамап тастайды. Тыншы қойып күзетшілерге: «Әкелі балалы бір-біріне не айтады. Тындап бізге айтатын болындар», деген екен. Дос баласына былай деп ақыл айтады: «Жау мейірімсіз, қатыгез, бірақ екеумізді бірдей өлтіре қоймас, сені елге тірі қайтаратын болса, халқыма, туған еліме, жеріме, туған-тустарға сәлем айт. Мені жау қолында қалды деп ойлама, құдай жазса қалмақтан кек алатын ұл туады. Оның атын Жидебай қой, қырық шілтен періштелер қолдар»- дейді де қалмақтардың өздері туралы кеңескен сыбыр-сыбыр әңгімесін естіп:

Сыбыр-сыбыр етеді,
Сыбдыры сыр құлаққа жетеді,

Сырын білмеген жау еді,
Әлі де біздерді не істеп кетеді.
Мен өлсем ботам-ай,
Қожаназар құлыным-ай,
Сен тірі қайтсаң екен-ай,- деп жылайды.

Тыншылар тындап алып қалмақ ханына әкелі балалы тұтқындардың сөздерін жеткізген екен. Сонда хан: «Тумаған бала туып өскенше, бізден кек алғанша талай-талай, қилы-қилы заман өтер. Ондай болса баласын алып келіңдер», - депті. Қожаназар келгенде: «жаушы бала, бері жақында» - дейді.

Қожаназармен сөйлесе келіп: «сен еліңе барғаннан кейін жасақ, қол жинап, бізбен қайта соғысатын болсаң осы бастан айт. Еліңе жібермейміз, сені де өлім жазасына кестіремін», дегенде, Қожаназар: «Тақсыр, мені қорқытпаңыз, алланың жазған өлімі болса, қорықпаймын, әкемнен жаным артық емес, бір жазу бар шығар»- дейді.

Екі-үш күн өткеннен кейін бір топ жендет келіп Қожаназардың елге қайтатынын айтады. «Қазір баланызбен қоштасыңыз, енді қайта айналып көрмейсіз»- дейді Досқа. Тұлпарын алдына көлденең тартып, баласын мінгізіп жатып: «Тұлпардың басын бос қоя бер, тізгінді тежемей өзіне ерік бер», дейді. Баласы солай етеді. Тұлпар елге өзі бастап алып барады. Алакөл, Балқаш жағалап Әулиедегі ауылына аман-есен келеді. Әкесінің жау қолына түскендегі күйін, елге сәлемін, қалмақтардың ойын туғандарына айтып береді.

Бір жылдан соң әкесін іздеп қалмаққа келеді. Алайда Дос батырды қалмақтар өлтіріп тастапты. Сонда Қожаназар қалмақ ханына былай деген екен:

Сен арыстан болсаң,
Мен жолбарыспын,
Сенімен алысқалы келгенмін,
Сен қасқыр болсаң ырылдасқан,
Мен барыспын, шабысқалы келгенмін,
Сен қалмақ шабысқалы келсең,
Мен қазақ, табысқалы келгенмін.
Әкем өлсе келесі жылы,
Шабысқалы келемін.

Қалмақтар Дос батырды намаз оқып, басын шәждаға тигізіп, ұйып отырғанда шауып жібереді. Сонда шашыраған қан маңайды қып-қызыл жоса етіпті.

Достын өліп жатқан жеріне қалмақ ханы келіп, көзімен көріп: «Біздер қателестік, баласын жібермей қоса өлтіру керек еді. Мына қанның жан-жаққа қан жоса болып шашырауы тегін емес. Үрім-бұтақтары шашыраған қандай болып өсіп-өнеді екен, бізден кегін алады екен»-депті.

Кожаназар ұлды болып оған әкесі өсиет еткендей Жидебай деген ат қояды. Жидебай бала күнінде шешесі қайтыс болады да Апар бәйбішенің қолында тәрбиеленеді. Апар бәйбішенің бойы аласа керегенің басына қолы жетпейді екен, үй тіккенде Жидебайды шақырып алып етбетінен жатқызып, өзі арқасына шығып уық байлайды екен.

Ауыл ақсақалдары балалармен күрескенде ылғи жеңіп шығатын Жидебайды шақырып алып: «Апар бәйбіше уықты неге сенің үстіңе шығып байлайды?»- деп сұрайды.

Сонда бала Жидебай: «шешемнің мұнысы жасынан қатып-піссін, белі майыспайтын берік болып өссін, батыр болсын», дегені деп жауап берген екен.

Шынында да Дос батырдың немересі Жидебай атасына тартып, ержүрек болып шығады. Абылай ханның атақты батырының бірі ретінде аты алты алашқа тарайды. Он жеті жасында-ақ қалмақпен соғысып атасының кегін қайтарады.

Жыршы Бәйешұлы Жидекенді былай жырлаған екен:

Қос түлкілі Жидебай,
Қуанышым, мақтанышым батырлығың,
Даңқыңа риза болды халық бүгін
Шек салып жетпеген батырлығың.
Айтылмас ешкім жамандай,
Сонау өткен заман-ай.
Батырдың бірін еске алдым,
Қаракерей, Қабанбай,
Қабанбайға серіктес,
Қожаназар Жидебай.
Батырлықтарына ел риза,
Арнап жаздым өленді-ай.

Міне, күні кешелерде еміс-еміс қана еске алынатын Жидебай бүгін өз халқына ірі тұлғасымен оралып отыр. Таяу күндерде Ақтоғайда өтетін той да баба аруағына деген құрметтің айғағы.

«Сарыарқа» газеті. 5 тамыз, 1993 жыл.

Ақтоғай ауданы

**Аманкүл МҰСАТАЙҰЛЫ – қазақ тарихи және мәдени
ескерткіштер қорғау қоғамы құрметті мүшесінің
әр жылдары газетке шыққан деректері**

ЖИДЕБАЙ - ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ БІР БИІГІ

Халық даналығында алмас қылыш кын түбінде жатпас деген бар. Әр ауылдың, әр елдің өз асылы, өз данасы, өз батыра да бар. Осындай тенеуге лайықты, ауданның ортақ бабасы – Жидебай есімін бүгінгі ұрпақ естігенімен, бабамыз туралы көп деректерді біле бермейтіні анық. Сондықтан да ынтызар көпшіліктің сұрауымен, бала жасымнан Жидекен туралы естіп білгендерімді қолыма қалам алып қағазға түсірген едім. Әрине, қазір Жидекенмен бірге өмір сүргендер, оны көзбен көріп, соңынан ергендер жоқ. Біздің дерегіміз ел аузынан жиналған мұра. Сондықтан артық кемшіні болса білгір оқырман түсінер деген ойдамыз. Тоқырауынның суын ішіп Қызыларай тауына қарап бой түзген, батырлығы мен тапқырлығы, қара халыққа қайырымдылығы арқасында есімі елге тараған Жидекен аруағына бас ие отырып, естіп білгенімізді бүгінгі ұрпағына жеткізуді жөн көрдік.

Кейбір тарихи деректер бойынша Жидебай бабамыз 1726 жылы дүниеге келіп, 1826 жылы жүз жасап дүниеден өткен деген жорамал да бар. Руы - Әлтеке, әкесі Қожаназар, үлкен әкесі Дос батыр. Дос туралы мынадай деректер бар. Сарыарқа елінің қалың жылқысын қалмақтар шауып кетеді. Сонда намыс кернеген Дос батыр «ысқырса желдікі, айдаса жаудікі»- деп отырамыз ба, жылқыны сүрлеу ізіне түсіп, жаудан қайтарайық, менің артымнан жаяу кім ереді деген екен. Топты жарып 14 жастағы Есей

деген бала шығады. Халық қол жайып «Майқы бабамыздың шешендік өнерін берсін, жаумен бетпе-бет сөйлескенде тапқырлық дара сөзін берсін, желмаяның жүрісін берсін» деп бата береді. Содан Есей мен Дос батыр жауырынға карап жол тартып, қазіргі Жамбыл облысы, Қаратал өзенінің бойына келіп тоқтайды. Сол жерде иіріліп жатқан жылқыны таниды бірақ ішінде ханның қараторысы жоқ болып шығады. Бақса ат шапқыншылар дем алып жатқан шатырдың белдеуінде байлаулы тұр екен. Есей бала оны лезде ерттеп мініп, қалмақтардан жылқыларды құтқарып ауылға аман-сау қайтады.

Тағы да Дос батыр туралы мынадай айтылады: Дос батыр мен баласы Қожаназар екеуі Жоңғар-қалмақтармен қолға түседі. Күзетшілер тындаса Дос былай жырлап отыр екен:

Сыбыр-сыбыр етеді,
Сыбыры сыр құлаққа жетеді.
Сырын білмеген жау еді,
Әлі де біздерді не етіп кетеді.
Өзім өлсем боғым-ай,
Қожаназар құлыным-ай!-
деп өксіген екен.

Содан күзетшілер жырды басшыларына жеткізеді. Ол Достың өзін алып қалып баласын босатып жібереді. Дос батырдың осыдан кейін туған «Сыбыр-сыбыр» деген күйі бар. Дос Талдықорған облысы Байғозы, Майтөбе, Боржы өзені маңына жерленген. Қазіргі өзен аты – Дос өзені. Дос батырдың бейітіне құлпытас қойылған. (Қазақ энциклопедиясының 90 бет, 2 томында көрсетілген).

Батыр атасының жолын қуған Жидебай да әрі батыр, әрі тапқыр, шешен жан болады. Әлкей Марғұланның айтуы бойынша 1748 жылы қалмақтардың қалың әскер қолы Сары-арканың беліндегі Баянауыл, Қарқаралы жерлеріне басып кіреді. Абылай жауға қарсы қол жасақтайды. Арғын ұрпақтары тегіс көтеріледі. Сарым, Әлтеке, Қаракесек рулары шығады. Хабарды Жидебай батыр ести сала Абылай хан қолының сырт жағына келіп қоныстанады. Азаннан ерте тұрған Абылай қолдың шетінде жатқан дара адамды көріп бұл тегін болмауға тиіс деп келіп көрмек болады. Жанына келіп шапанын ашса, төсінде екі түлкі ұйықтап жатқанын көреді де оны оятпастан кері қайтады. Жидебай тұрған соң Абылайханға бізді қабылдап алсын деп арнайы кісі жібереді. Содан қалмақтармен соғысқа кіріседі. Сарыарқа даласында жеңіліс тапқан қалмақтар қаша соғысады. Баянауыл жерінде Қалмаққырған деген жер атауы әлі күнге сақталып келеді. Бабамыз да өз қолымен осы жердегі соғысқа қатысқан деген осындай деректерді естіген едім.

Қалмақтар қайта басын көтеріп Балқаш көлінің батыс жағын жағалап, қазақ ауылдарына маза көрсетпейді. Сондай кездің бірінде Жидебай бастаған топ Бектауата Әулиеата жерінде қалмақтарды қарсы алады. Қалмақтар Қаработа деп аталатын үлкен кезенге бекінеді. Осы жерде қалмақтар жеңіліс тауып Балқаш көлін жағалап қашады. Халық болып көтеріліп қалмақтарды Ащыкөлге қамап ақсүйек жасайды. Алматыға барар үлкен жол бойындағы Ақсүйек қалашығының атауы осыған байланысты қойылса керек. Қашқан қалмақтар Қаншенгелде жеңіліс табады. Қаншенгел жері Күрті өзенінен 30 шақырымда. Осы бір үлкен ұрысқа Жидекенмен бірге Жарылғап, Дүйсенбай,

Кәрсенбай, Сәрсенбай, Жалантөс, Сабота атты батырлар да қатысады.

Әлкей Марғұланның еңбектерінде былай делінген: «Жоңғар қазақ жеріне ХҮІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап шабуыл жасап маза бермеген. Сол шабуылын олар үзбей ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысына созған. Ел-жұрт ауыр кезенге тап болған. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрестің ең ауыры жоңғарларға қарсы күрес еді. Бұл ұзақ жылдарғы азапты күрес болды. Жоңғар қалмақ хандықтары ауызбірлігі нашар, көшпелі қазақ ауылдарын бірінен соң бірін басып алып бас көтертпеген. Содан Абылайхан бас көтеріп үш жүздің игі жақсыларын, сұлтандарын жинап алып ақыл-кеңес құрады. Осыны Әз-Тәуке «Үш жүздің баласының атының басын бір кезенге тіредін» деп жырлаған. Абылай ханның бас қосуынан соң қазақтар батыр ұлдарының арқасында өз жерлерін жаудан құтқарған».

Жидекен туралы Әбдікәрім Жүнісұлының аузынан жазып алған мына бір естелік те қызықты. Қарақожа деген тілі өткір, көріпкел адам болса керек. Бірде бір камалды бұзып кірсе бір адамның дауысы құлағына санқ ете қалады. Қатты сасып қалған Қарақожа: «Еш жау ала алмаған камалды сен алған екенсің ғой Жидебай, мені де көріп қалдың ба, көзің шыққыр», - деген екен. Қарақожаның тілінің ортасында кара қалы бар дейді. Кейінде Жидекеннің көзі көрмей қалыпты.

«Көзімнің майып болғаны Қарақожаның қарғысы,

Жасымның жүзге жеткені дін мұсылман қауымның алғысы» - деп бабамыз қартайған шағында жырға қосып отырады екен. Бұл камал қазіргі Талдықорған облысының Талғар қаласының маңында көрінеді. Оны жергілікті тұрғын-

дар Жидебай асуы деп атайтын көрінеді. Мен ол жерді 1963 жылы Әлкей Марғұланмен бірге еріп жүріп көргенім бар.

Жидебай батыр Үмбетай жыраудың батырлар жырын айтады екен:

Аруағына болысқан,
Әділ билік кылысқан,
Керейде батыр Жәнібек,
Қаз дауысты Қазыбек
Қу дауысты Құттыбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Абылай сенің тұсында
Сол бесеуі болыпты-ай,
Кейі батыр, кейі би,
Тәңірім берген сондай сый.

Жырау жырлаған батырлардан еш кемдігі жоқ, кесек тұлғасы мен ақыл-айласы, асқан тапқырлығы аркасында аты мәшһүр жұртқа мәлім болған аруақты бабамыз Жидебай Қожаназарұлының есімін бүгінгі ұрпақтары да ұмытпақ емес. Жидекеннің мазары қазіргі Шет ауданының Талды өзенінің бойында тұр. Шапқыншылық тұсында актық сапарға аттанып бара жатқан Жидекеннен замандастары қайда жерлейміз деп сұраса керек. Сонда Жидекен Машыраптың бейітіне қойындар дейді. Сіз атаусыз қаласыз ғой деп қиналғандарға Жидебай барған соң «Машырап-шашырап артын қысар»- дейді. Расында да қазір сол бейіт тұрған жер Жидебай басы деп аталады. Бізге жеткен деректер бойынша Жидекен қазір 273 жасқа толып отыр. Ол кісі туралы деректі тарихи материалдар әлі де көп. Софы Сматаевтың «Елім-ай» романында Жидекеннің өмірі жақсы жазылған.

Шет ауданының тумасы жазушы Кәмел Жүнісов те Жидекең туралы тың деректер жинақтаған.

Халқының тәуелсіздігі мен дербестігін, бірлігін аңсап, сол жолда күресіп өткен батырда арман бар ма?! Батыр да дана, тапқыр да шешен Жидекең есімі ұрпақтар санасында сақталып өмір сүре бермек.

*«Арқа еңбеккері» газеті, №117, қыркүйек, 1991 ж.
Ақтоғай ауданы*

Аманкүл МҰСАТАЙҰЛЫ

АҢЫЗДА АҚИҚАТ БАР

Қазақ халқының азаттығы жолында қасық қаны қалғанша айқасып, аты аңызға айналған талай батырлар бар. Солардың бірі Жидебай батыр – елін ешкімге кіріптар қылмай, азат етіп, ұлт бостандығы жолында жоңғар-қалмақ жауларымен алысып өткен Әлтеке батырдың ұрпағы.

1750 жылы Аягөз бойында қалмақтардың омыртқасын үзе соғып, ата кегімізді қайтарған, қоқандаған Қоқанды тәубасына түсірген, шүршіт пен қалмақты кеудеден кері итеріп, ел іргесін мықтаған қазақ халқының бір бақытты шағы еді. Сол кезде әулие қонған Әлтеке батыр ерекше көзге түскен. Оның әулиелігі – қойдың жауырынын ақтай қарап, болашақты тайға таңба басқандай анық болжайтындығында екен. Жауға аттанарда жауырынға қарап жіберіп, сәті түсетін болса ғана аттанады екен.

Дарындылық қасиетпен жансыз сүйекті сөйлетіп, елдің қамын ойлап, алдағы болатын оқиғаны біліп, халқына айтып отыратын болған. Одан ел-жұртты қатты именеді екен. Өйткені, жауырынға қарап, жасалған ұрлықты, зорлық-зомбылықты біліп, халыққа әйгілеп, маскара жасайды екен. «Әлтекенің өзіне сенбе, сөйлететін жауырынына сен» деген мәтел пайда болған.

Бірде Әлтеке өзінің баласы Досты шақырып алып, екеуі әңгімелесіп отырады. Сонда оған ақылдаса келіп: Мен сені Меккеге жіберсем, сондағы медресеге түсіп, оқып келсең деп отырмын. Мұны қалай көресің? – деп сұрайды. «Әке өзіңіз шешкен екенсіз, ақылыңызды қабыл аламын», – дейді баласы. – Бөтен елді, бөтен жерді танып, халқымен араласып, білім алып, адам болып келгенім өзіме жаман болмас, тек менің бір ойым бар, сіз келісесіз бе, келіспейсіз бе оны білмеймін. Бірақ айтайын.

- Қожаназарды өзіммен бірге ала кетсем қайтеді? Ержетіп қалды, ел-жұртты көрсін, білім алсын. «Жарайды оған келістім. Олай болса, қыстай дайындал, көктем шығысымен жүріп кет. Жакын жер емес жердің шеті болуы керек», – деп ақыл береді әкесі.

Содан Дос баласы Қожаназар екеуі Меккеге жүріп кетеді. Аман есен жеткен соң Медресеге түсіп, Сұлтан қажы деген мұғаліммен танысып, жолдас болып жүреді. Сұлтан қажының жалғыз қызы Наркыз да сонда оқиды екен. Қожаназар екеуі, бірін бірі ұнатып, ғашық болып қалады. Бірде әкесімен әңгімелесіп отырғанда баласы өзінің Наркызбен арадағы байламын айтады. Содан әкесі Сұлтан қажыны үйіне қонаққа шақырып, екеуі көп әңгімелеседі. Айтылмаған сыр қалмайды. Сұлтеке, менде өзіне айтылмай жүрген бір сыр қалды, соны айтсам деймін. Екеуіміз өмірлік құда

болсақ деп ойлаймын. Екі баланы табыстырсақ, достығымыз бұдан да бетер нығаяр еді дегенді айтады. Дос бұл табан астында шешілетін мәселе емес, мен де үй-ішіммен ақылдасып көрейін. Дәл қазір ештеңе айта алмаймын. Маған құда болуға көңілдерін білдіріп жүрген адамдар көп. Бірақ олардың ешқайсының тілегін осы уақытқа дейін қабылдамай келіп едім. - дейді ол.

- Балалар бірін- бірі ұнатса - мен қарсы емеспін. Наркыз ұлдарымның арасында жалғыз қыз. Осыған ғана қиналамын.

Ақыры екеуі сөз байласып, төс тигізіп, құда болуға келіседі. Екі баланың тілегі орындалып, максаттарына жетеді. Бір жыл өткеннен кейін елге қайтатын уақыт болады. Сұлтан қажы Досты және оның баласы мен келінін елге шығарып салады. Дос еліне келіп, думан той жасайды. Елде бала оқытып, білім береді.

... Бірде Жидедай ұйықтап жатып түс көріпті. Шешесі Наркыз баласының жанына келіп: «Неге камығып жатырсың? Көтер басыңды балам, елінді, жерінді жау қоршағалы тұр. Қорғамайсың ба? Қасына қос түлкін келіп тұр. Ол сенін Алланың әмірімен келген пірін. Олар сені желеп-жебеп жүреді. Тұр да жүгенінді алып, жылқыға бар. Жүгенінді сылдыратқан кезде акбоз атқа мінген ақсақалды адам жылқының ортасынан өзіне қарсы шығады. Барып сәлем берерсің. Ақ тұяқ. көк бесті жанына келіп, жер тарпып иіскелесе, ол сенің қос «қанатын» деп аян берген екен. Оянып жан-жағына қараса ешкім жоқ екен. Ертенінде төбе басына шығып, кешегі түсін есіне алып, ауыл маңында жатқан қалың жылқыға көз тастап отырады да, үйге келіп, кереге басындағы жүгенді алып, қалың жылқының ішіне барады. Жылқыларға қарап тұрып, жүгенін сылдыратқан екен, жылқы-

нын ортасынан ақбоз атқа мінген ақсақалды адам шығады. Ол кісіге барып сәлем береді. Ақ тұяқ бесті жылқының ішінен кісінеп қарсы алдына келеді. «Түсіне кірген ақсақал жылқышы Қамбар ата мен боламын». Жидебай аң-таң болып, ақ тұяқ атты ұстайды.

Әрбір батырда өзін қорғап жүретін, жол сілтейтін ірі болған екен. Мысалы, Қаракерей Қабанбайдың арыстаны, Шақшақ Жәнібектің жолбарысы, Жарылғаптың бүркіті болған екен. Олар өзінің батырларын желеп-жебеп, қауіп қатерден үнемі сақтап жүреді екен. Сол сияқты Жидебайдың да қос қолтығында жүретін екі түлкісі болған екен дейді.

Осының барлығы аңыз. Қазақ жерін, қазақ халқын басқа сырт жаулардан қорғауда Жидебайдың да сіңірген еңбегі аз болмаған. Бабамыз Жидекеннің аңыздары өте көп. Солардың ішінде ақиқатқа, шындыққа келетіндері де бар.

Биыл Ақтоғай ауданы Жидекен бабамыздың 270 жылдық тойын атап өткелі отыр.

«Ақадыр таңы» газеті. 26 маусым, 1993 жыл

Мәшһүр-Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ

ЖИДЕБАЙДЫҢ ҚЫЗЫЛ ТҮЛКІСІ ТУРАЛЫ

Жеті сегізден жаңа асқан кезінде Дос батырдың қарашанырағында отырған інісі Әлмұрат байдың үйіне қараке-

рей Қабанбай батыр келіпті деп Жидебайдың құлағына тиді. Барсам-ау, көрсем-ау деп, Жидебайдың түн бойы көзі ілінбей алас ұрды. Таң жаңа атуға сәуле беріп келе жатқан қарсанда көзі ілініп кетіп еді. Бабасы Дос батыр түсінде аян берді.

- Балам, алашқа аты шыққан Қабанбай батырдан барып бата алып қал, деп. Шошып оянып, ұшып түрегеліп, үстінде боз жейдесі бар, құстай ұшып бара жатса, Қабанбай батыр да жорыққа аттанып, алаңқаракта жүріп барады екен. Алыстан немене екенін айырып, тани алмады. Ліктей ұшып келе жатқан бала екенін таныған соң, тосып тұра қалды. Бала жетіп келіп:

- Ата, маған керек бата, - деді.

- Түнде түсімде Дос батыр айтып еді. Жарайсың, жарайсың, - деп бата-сатаны береді.

- Төрт алмажайым бар еді. Біреуін саған байладым, ал балам, - деп Қабанбай батыр жүре береді. Сөйтсе төрт алмажайының бірі қызыл түлкі дегені болады екен. Сонысын беріп кеткен екен.. Абылайхан үш жүздің баласы қазаққа хан болғанда Әлтеке Сарым Жидебай атакты батырының бірі болып, Абылайханға қолбасы болған екен. Бір жаққа аттанарда, қосын жүргізерде Үйсіннен ақ шабдар атты алғызып, Әлтеке Сарым Жидебайға мінгізеді екен. Жидебайға айсыз қараңғы түн тал түстей жарық, боран-соран ашық күндей, жан таба алмаған жерді көріп қойғандай табады екен.

Біреудің пышақ, шакпағы бара жатқанда қалған болса, айсыз қараңғы түн болса мейлі, жауын-шашын, боран болса мейлі, жүріп келе жатып, найзасын шаншып тұра қалып, ал осы жерді қарай ғой дегенде, қалған-құтқан нәрсесін тауып алады екен.

- Сен осыны қалай табасын,- дегенде жанға сырын айтпайды екен. Жалғыз-ақ Абылай-хан айта береді екен:

- Осынын қызыл түлкісі бар,- деп.

Бір жорықта жүргенде Абылай хан біреуге қадағала деп тапсырып қойды:

- Ұйықтап жатқанда қойнын ашып карашы,- деп. Сол адам андып жүріп, қарауылда елсіз далада жатқанында ақырын басып барып қараса, өңірінін астында төсінін үстінде жатқан қызыл түлкіні көріпті. Түлкі жалт қарағанда үрейі ұшып, қаша жөнеліпті. Ханға келіп көргенін айтыпты. Көргені бар болсын, екі көзіне шел қаптап кетіп, көзінен айырылыпты.

*«Қазақ шежіресі» кітабынан.
1993 ж. арабшадан аударылған*

Толеукадыр ТОКТАМЫСОВ

О ЖИДЕБАЙ-БАТЫРЕ – БИ, АУЛИЕ

Настало время возвращения из забвения славных предков, служивших народу, родной земле. Память о них жила у потомков столетия. Народ, не находя опоры в живых, постоянно обращался к нетленному духу этих бессмертных, которых он назвал простым словом «аруах» что значит светой дух. У казахов, по древней исламской религии, истоки которой восходят к Заратустре – первому пророку человечества, пророку казахских степей,- дух был превы-

ше бога. Таким и был Жидебай, сын Кожаназара, внук легендарного Дос-батыра, воителя против нашествия джунгарских калмыков, погибшего на войне с захватчиками. Он, предвидя рождение внука, дал ему имя – Жидебай. Так говорит молва о событиях, которым свыше 300 лет. В этом году исполняется 280 лет Жидебаю Кожаназар-улы, командовавшему войском дозора, руководившему разведкой Абылай хана. В Талдыкорганской области есть перевал, названный его именем. Жидебай провел по нему войска так неожиданно, с той стороны, откуда джунгары никогда не ждали, что разгром калмыков был предопределен.

Как пишут о нем сегодня, он был среди самых отважных батыров, разгромивших джунгаров в историческом сражении Анрахай. О таланте Жидебая, как предводителя войска, сложено множество легенд, на основе которых реальные факты. Объем статьи не позволяет привести их. Народ восхищался им, о чем свидетельствует изречение: «Сары-аркадай жер кайда, Жидебайдай ер кайда?» - «Где еще есть такой батыр, как Жидебай?» (казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. Алма-Ата, изд Наука, 1972 г.) Восхищенный своим сородичем, Казыбек би говорил: «Замана өтпес болсашы-ай, Жидекем өлмес болсашы-ай», что значит: «Если б жизнь не проходила, если б Жидекең был неподвластен смерти».

Все это свидетельство великого ратного подвига Жидебай батыра. Он не был деятелем родового ранга, его влияние простиралось до границ обитания каракесексов, аргынов. Его врагами были джунгары-чужеземцы, захватчика, борьбу против которых он вел под знаменем алаш, объединявшем казахов всех родов и жузов.

Жизнь полна противоречий. В истории казахов много фактов межродовых распрей, войны. Мудрость Жидебай-батыра состояла в том, что он никогда не принимал в них участия. В собранных ныне сокровищах преданий наших предков определенное место принадлежит Жидебаю как бию, как миротворцу. Он был близким другом, советчиком всех знаменитых современников. Народная память сохранила многое о трогательной дружбе двух великих казахов XVIII века – Жидебае и Караменде-биев. Жидебай был человеком, умиротворившим отношения двух родов – керней и дадан тобыкты, - и определелившим место обитания тобыктинсев, предводимых Караменде-бием, на берегу озера Балхаш (Бас тресын, орта тресын, аяк тыресын – так назвал он места, которые теперь трансформировались в Орта-дересин, Бала- Дересин). Два бия переписывались до самой смерти, оставив потомкам образцы дружбы и верности. Их потомки были верны этой дружбе, а если находились кое-какие, то они – клятвопреступники.

Имя Жидебай – свято для потомков. По старому обычаю жены его рода до сих пор называют его уважительно «Жемис-Ата», что значит отец плодов.

В дни страдания, горя, люди идут к могиле поклониться духу святого, исповедаться, очиститься от грехов. Его могила находится на жайлау рода атека реки Талды в 25 км. На север от поселка Аксу-Аюлы в Шетском районе.

Мы переживаем эпоху возвращения народа от состояния беспамятства, манкуртизма, к возрождению исторической памяти своих батыров и биев, поэтов, бывших в заведении в период большевистской эпохи. Их «вина» состояла в том, что они боролись за национальную незави-

симось, мечтали умереть не дома, не в постели, а не поле боя за землю предков.

«Еңбектері мен естеліктері туралы» кітабынан,
2002 жыл

Мұхамедқали БАЙМҰХАНОВ – жазушы

ЖИДЕКЕН ТУРАЛЫ СӨЗ

Жидебай батырдың атасы Дос баласы Қожаназар екеуі қалмаққа таң атырмай соғысқан батырлар екен. Бір күні қалмақтар есебін тауып, екеуін де қолға түсіріп, зынданда бір жыл жатыпты. Елге хабарлаудың есебін таппай жүргенде, бір күні қалмақ қонтайшысы өздерін таңда екеуіннің біреуінді астарына ат беріп елдерін қайтармыз. Екіншің енді бізге тиіспестің кепілі болып осында қаласың депті. Дос пен Қожаназар ақылдасып, ақылдасқаны баласы сен қайт әке, әкесі баласына сен қайт деп қалмақтың жауабын бер деген уақыты өтіп бара жатады. Сонда әкесі қарағым енді егеспе, әрі-беріден соң сен елге қайтсаң кейінгіге тұқым таратасың, ал менің болса қалмаққа тамағын ішіп зиянымды тигізбесем сендерге пайдам жоқ депті. Және екеуіде шал қалса көп ұстамай қалмақтардың өлтіре салатынын да біліп отырғой. Бұл тағдырды қойыңыз, сонымен Дос зынданда қалып бір күні кешқұрым қалмақтар жүруге жарайтын бір тәп-тәуір ат әкеліп беріп, әкелі балалы екеуі жыласып қоштасып, елге аман есен жетсең ел жұртыма сәлем айт. Менің кегімді қазір

алам демесін, өйткені бұлар мені таяудпа өлтіріп тастайды. Өздері дайындалып әбден күшейіп тиіссін дейді, онымен қоймай Дос қарт. Достың әкесі Әлмұрат, Әлтекелер де кезінде қалмақпен қатты соғысқан, Бір жолы Әлтеке Қалмақ тұтқынына түсіп қалғанда реті келіп қалып Қараменде әкесі Шахамен бірге туған Толыңқарт деген батыр құтқарып әкетіп босатқан. Бұл оқиғаны қалмақтар да қазақтар да осы келе жатқан Жидебай, Сенкібай, Жарылғап, Қараменделер достығының түбірі тіпті осында жатқан шығар деп те ойлауға болады.

Сол жолы Қожаназар артта қалған әкесін қимай олар (қалмақ) кешқұрым аттандырды дедік қой. артына қимай қимай келе жатса бір уақытта артынан дүбірлетіп келе жатқан ат тұяғының шапқан дүрсілін естіп қараса келіп қалған әкесі екен. Ол бұған таңқалып жөн сұрағанша, әкесінің жанындағы өзіне ылғи келіп азық-тамақ беріп кетіп жүретін қалмақтың әдемі қызын көреді. Өзіне қыздың ғашық болғанын Қожаназар бұрыннан сезіп жүреді екен, бірақ тұтқын қолында оған не десін. Сөйтсе қыз айтыпты: менің шешем тұтқынға түсіп келген қазақ қызы, әкем қалмақтың айтулы бір батыры, атын сұрамаңдар, ағамның маған жаны ашыды, нағашыларымыз ғой деп, мен мына әкенді зынданнан алып, екі бәйге атқа мінгізіп, жолда Қожаназарға жеткенде бересіңдер, әйтпесе оның астындағы аты жарамас, мінгізерсіңдер деп жетекке жақсы ат берген қалмақ жігітінің адамгершілігі адам нанғысыз болған. Арттарынан қуғын бола қоймас, сонда да қамсыз болмай, қазақ еліне тезірек жетіндер қарындасым, ана жігітке соны айт, - депті.

Міне, адамгершілік! Жау дегенмен жаудың ішінде адамдығы бар адамдар аз емес, тіпті көп болуы мүмкін!

Бірақ өмірдің заны солай, жауласқан соң екі жақ, бір-біріне жау. Жаулықты олар адам жаралғалы қолданылып келе жатқан құралдың барлық түрімен, күллі жамандық, жаулық түріне барады: өлтіру, ұру, соғу, зынданға салу, бір-бірінің ауылын шауып кету, түк қалдырмай өртеп кету, тағы, тағылар. Кейде жауыздықпен жасалған жаулықтың түрін көріп, апырау, осыны екі аяқты адам баласы істеген бе — деп таңғалатын, яғни адамның жауыздығына адамның өзі, өрескел көріп танданар кез көп болады. Қазақпен қалмақтың арасындағы егес ұзақ уақыттан келеді, қалмақ қонтайшылары кезінде үріп ішіп, шайқап төгіп отырған ұйғыр мемлекетін құлатқан соң өздерін күшті санауларын қоймады, қазаққа тиісе біреуінің бір ұшығы адам менмендік болуы да мүмкін еді. Қазаққа үнемі тиісіп, жауласудан ақыры олар пайда таппақ түгілі өздері мемлекет ретінде жойылып кетті. Жартысы Ресей қолтығына Еділ бойына қашты. Бірсыпырасы Монғолияға барып сінді, на пайда тапты?!

Қожаназар батырдың аты қазақ ұғымына тосындау сияқты. Көбінесе мұндай атты түркімендер қояды. Жидебай батырдың әкесі туралы естігені көп. Мынау еске түсіре жанындағыларға айтып келе жатқаны соның бір ұшығы, өз өмірі де, әсіресе балалық шағы қызық еді...

Сонымен Қожаназар батыр болып атала бастады, өйткені қалмақтан жыл өткен соң, ел жоқтап қойған соңғы қайта оралуы, тіпті сұлу қалмақ қызын қалыңдық қылуы ел ішінде аңыз болып кетті, аңыз болғанда сүйкімді аңыз еді. Бірақ әкесі Дос елге келгеннен соң көп ұзамай дүние салды.

... Қожаназар деген түркімен батыры екен, қайдағы барымта-карымтада, қалмақ, торғауытқа Дос батыр екеуі қанды көйлек, төс қағыстырған дос болған екен, бұл кезде

қазақтың Жиделі-Байсын, Бұхара, Ташкент, бергісі сыр бойында жүрген кезі, Дос сол батыр жолдасының құрметіне баласының атын Қожаназар қойған екен. Ескі тарихқа көз жүгіртсек, - деді Жидебай батыр әрі шешен:

- Арғыннан туылған бес сопыны алыңыз, Мейрам сопы, кенжесі Кенже сопы... Неғып бұлар Сарыарқада мешіт жоқ, медресе жоқ софы болып кеткен деп, кейінгі ұрпақ ойлар, ол ойлары жұмбақ болмасын... Ол уақытта қазақ жаңа айттым, Жиделі –Байсын, мешітті, медресені өзбек пен сартқа жақын тұрған, тіпті аралас-құралас болған, Алшын Жалантөс Самарқанды билеген, Бердібек – Қаракесектің бір атасы Ташкенді билеген... Айта берсек қазақ тарихы ата қазық дейді, - Жидекен...

- Содан бертін Арқа жеріне көшкен соң марқұм атамыз, Қожаназар досынан көз жазыпты, қайтіп көріспепті, өмірдің түбі өкініш... Жидебайдың жастау кезінде әкесі Қожаназар да қатты бір қалмақпен қақтығыста ауыр жарадан жазыла алмапты. Жидебайдың жас күніндегі тағдырының қызықтығы енді басталған. Әкесімен бірге туған бай ағайынының қолында қозы баққан. Анасы Апар деген кішкентай кісі еді, жайлауға не болмаса жаңа қоныста үй тігуге қазақ ауылында көбінесе әйелдер белсенді қатысады. Еркектер жұмыстың ірісін істеп береді, қомдайды, көшіреді, кейде жүкті түсіріп те береді, онан арғысын әйелдер атқарады деуге болады, бірақ ортада бақанмен шаңырақ көтергенде еркек адам атқарады. Аса үлкен байлардың кейде он екі, он сегіз канатқа дейін жететін үйлері болады, оларға уықты аттың үстінен еріксіз еркектер тігеді. Айпара анасы бойы кішкене болғандықтан дәу ұзын бойлы баласы Жидебайды шақырып алып, уықты соның иығына шығып тұрып, күлдіреуішке сұғатын.

- Жидебай он екі, он үш жасында Қаракерей Қабанбай келді дегенді естіп, қозыны жанындағы балаларға тастай сала жүгіреді. Сөйтсе Қабанбай келгелі бірер күн өтіп те кетіпті, ол ауылдың сый-құрметін көріп, енді тағы жата тұрыңыз дегенге көнбей, алда жорық жайы бар, Абылайханаға кетіп бара жатыр едім, әлхамдулла деп бата істеп аттанып барады екен. Бұл ауыл Әлтекенің үлкен ауылы еді, Қабанбай әдейі сыйлап түскен екен. Аттанып бара жатқан адамдарды көріп Жидебай бала өкпесі өше жүгіреді, сәті түскенде аттылар осы жаққа бұра тартып, баланың қарсы алдынан шығады, аттын үстінде таудай болып келе жатқан Қабанбайға жете беріп, өкпесі өшкен бала бір сүрініп құлап тұрыпты. Сөйтсе баланын жүгіріп келе жатқанын олар байқап қалып бұрылған екен.

- Сен кім баласысың, - депті Қабанбай батыр (бұл кісінің шын аты Ерасыл екен) - Ата, батаңызды беріңіз, менің де қалмақпен соғысқым келеді, - депті бала Жидебай. Қабанбай:

- Сұбханалла, түнде түсіме Қожаназар досым кіріп еді, соған көрінген-ау, балам қолыңды жай төрт алмажайым бар еді, біреуін саған сыйладым, әкеңнің қазақ баласына еңбегі бар еді, - деген екен. — Енді қойныңды ашшы — депті ат үстінде тұрып Қабанбай Жидебайға. Жидебай үстіндегі дал-дұл болған қойшының ескі бешпентінде қойын сияқты қойын бола ма, өнебойы жыртықтан сау жері жоқ, сонда да болса, екі иінін көтере берсе, екі түлкі жүгіріп шығып екі жаққа қаша жөнеліпті. Сол сәттен бастап Жидебайда ақыл мен қулық, айлакерлік тоғысқан, әрі кеменгерлік пен шешендік тоғысқан айтулы қасиет пайда болып, өмірінің соңына дейін серік болыпты, осы түлкілер, және Қабанбайдың келіп кетуімен бата беруінен кейін Жидебай жас шешен, жас батыр атағына іліге бас-

тайды. Қандай ісі болса да ілгері басады. Бұрынғы ескі деректерде Жидебай, бертінгі кезде Ағыбай қандай жолды болса, сол заманда Жидебай сондай жолды болған. Әртүрлі қасиеттері де қазақтардың Ұлы Отан соғысында тек пайдаға асып отырған. Бір оқиғаны алдын ала болжаушылық, жер жағдайын жақсы білетіндігі, жеті түннің қараңғысында инедей жоғалған нәрсені тауып алатындығы Жидебайдың атағын арсы-күрсіге шығарған. Жидебай шешен өзі жасында басқа да жетім балалар сияқты көрешекті көріп өскен. Бірақ өзі өте зерек болып, ауылда бала оқытып жүрген қожа балаларға дәріс беріп жатқан уақытта керегенің көзінен тыңдап тұрып біліп алады. Көп кешікпей Қожа оның мұнысын біліп қалып: - әй, алла пендесі, оқуына болады, оқуына болады,- деп үш рет айтыпты. Түркістаннан келген дін таратып жүрген ол да бір қасиетті адам екен, Жидебай көп нәрсені біліп алды, «Иманшартты» жатқа соғатын... Осы жолы да серіктері Жарылғап, Сенкібай, Қараменде билерге біраз шарғы айтты. Бір айтатын нәрсе, ұмытып кетпей тұрғанда осы біздің кейіпкеріміз төрт бидің төртеуіде арабша жақсы оқыған. Оқушылар үшін айта кетейік, осы билердің сол кездегі бір-біріне жазысқан хаттары дәлел... Жидебай би әрі батырдың Арқаның биіне жақындап келе жатқандағы жанындағыларға және еріп келе жатқан шерік-сарбаздар ұқсын деп айтқан әңгімесі: «Пайғамбарлардың ішіндегі Аллаға ең жақыны – төртеу екен. Мұхаммедті – Хабиб деп сүйікті Ибраһимді – Халил шын дос, Мұсаны – Қалам тілдесуші деп аллатағала атаған дейді. Ал енді Исаны Исус Рухолла деп атаған, өйткені ол мария анадан, үрленген рухтан жаралған, әрине – алланың құдыретімен, екіншіден Исада өлген адамды дем салып тірілтетін, басқа пайғамбарларда

жок, қасиет болған Осы жерде Ислам дінінің бір ғажап артықшылығын айтпай кетуге болмас, бұл діндегілер Иса пайғамбарға құран бағыштайды, ал христиан дініндегілер Мұхаммед пайғамбарды көп заман мойындамай келіп, кейіннен мойындады, бұл жөнінде Рим папасы арнайы бөтуа шығарған, мәселенің ұшығы біздің пайғамбардың Исадан 1550 жыл кейін дүниеге келуінде болса керек, әрине оның нұры, адамзат жаралуынан он мың жыл бұрын жер бетіне келген деп терең шарифат кітаптарында түсіндіріледі. Жидекеннің бір қызық шарифат туралы әңгімесін естігелі бәрі аттарын тебініп жанына жақындағысы келеді. Күн сол тымық, жел болса ауыздан шыққан сөзді қағыт кетеді, бүгін айтулы бір тымық күн, аттардан шыққан тер қолма-қол бусанып, булары көрінер көрінбес будақтап ауаға ұшып, кеуіп кетіп жатыр. Бұлар әнеукүнгі хан жиыннан қайтып келе жатқанын әңгімеміздің басында айтқамыз. Жидекен әңгімесін жалғастырды: «Пайғамбарларға Алладан Жебірейіл періште арқылы келіп, сол арқылы хабарласып отырған. Ал, Мұса пайғамбар тікелей сөйлесе алатын болған, әрине, далада, тасада, перде сыртында тұрып. Ол сол кездегі Бани Исраил еліндегі Тор тауына барып сөйлеседі екен. Бірде ол өзімен тауға барған Бани Исраилдың басшыларын Харун пайғамбардың бейітінің басында қалдырып, жалғыз өзі Тор тауына барып мінажат қылып отырғанда, Алладан хабар келді:

- Әй, Мұса, тілегінді айт!

- Ия, Алла сенің Мұбарак жүзінді көрсем,- дейді Мұса қуанып. Бұл сөзді естіген періштелер шу көтереді. «Әй, Әмранның ұлы Мұса! Аллатағаланың Мұбарак сөзін естідің, енді дидарын көрсем деп талап қылып жатырсың, бұл қылығың дұрыс емес» десіпті.

Алладан сол кезде хабар келеді:

- Әй, Мұса, төмен қарағын! Мұса ғалайһыссалам төмен қарап Сират Тақтаны көрді. Осы кезде тағы хабар келді: - Енді жоғары қара! – деген. Ол жоғары қарап, ғарышты, одан соң Сират Тақтамен Ғарыштың арасындағы неше түрлі ғажайыптарды көрді.

Тағы да мінажат қылып:

- Иә, алал, бұлардың барлығы сен жаратқан нәрселер ғой, мен сенің дидарыңды көруді арман қыламын,- деді тағы.

Сонда бір дауыс келді:

- Бұл арманың әзірше іске аспайды, дидар көруді көңіліңнен шығар, алланың дидары өте үлкен де ұлық. Сен болсаң небәрі бір тұтам нашар нәрсесің, алланың әрі көркем, әрі мінсіз, ешбір кем кетіксіз дидарын көрсең, шыдам қылып тұра алмассың,- деп.

Сонда Мұса ғалайһыссалам айтты:

- Иә, алла айтқаның рас, мен бір тұтам ғана , тіпті сен үшін көзге де ілінгісіз нәрсемін, бірақ дидарыңды бір көріп, күл болып ұшып кетуге де бейілмін,- депті.

- Әй, Мұса! Ондай болса дидарымды көруден бұрын тауға қарап тұрғын, мен де тауға қараймын, қарағанымда тау төтеп бере алса, сен де төтеп бере аласың,- деген хабар келді. Мұса жарайды деп етекке түсіп тауға қарап отырады. Бірінші аспаннан жетпіс мың періште түсіп, ғажайып қорқынышты, бұрын Мұса естімеген дыбыстар шығарысып даурығысады.

- Әй, Ғымыранұлы! Алланың сөзін естігенге қанағат қылмай, енді дидарын көруге талап қылдың ба,- депті олар. Бұдан кейін періштелер аспаннан қат-қатымен түсіп, әртүрлі суретке еніп, мысалы, бір тобы бүркіт суретіне еніп,

шаңқылдап мұның алдынан өтіпті. Осылай жетпіс мың перште мұның алдынан неше түрлі ғажайып болып, әр түрлі суретте өтіліпті. Бірақ Мұса бұрынғысынан өз талабын айтты, көз жасы көл болып, бұрынғы тілегін қайталапты. Сол уақытта Алладан бұйрық болып, ол тауға қарайды. Бір тау оған сондай үлкен мың тау болып көрініпті, таудағы алтын, күміс, лағыл, гауһар тастардың сан жетпес құбылған түрін, және бір таудағы жүз мың өз кейпін Мұсаны көрді. Осыдан кейін тағы дауыс келді: - Әй, Мұса, тауға қара! – деген. Ол тауға қараған кезде Аллатағала өзінің дидарынан тауға зәредей бір нұр түсіреді. Бұл нұрдан бүтін әлем күн сияқты жарқырап кетеді. Одан кейін өте қорқынышты дауыстар жаңғырығып, таудың бір бөлегі лаулап жанып, күйіп, мұсаның көз алдында күлге айнала бастайды. Тағы бір таудың үсті және бір бөлегі судай еріп кетеді... Бұл халді көрген Мұса пайғамбар есінен танып қалады. Сол кезде тағы перштелердің наразылық дауысы естледі.

- Әй, Мұса Аллатағаладан ең ұлық нәрсені талап қылдың! – деген олар.

Мұса есін жинап тәубе қылып:

Алла, сенің дидарыңды саған жақын үлкен перштелер де көре алмайды екен. Мен қате жасадым, кешір өзің жартушы, құдыретті Алла, - деп жалбарыныпты.

Алла тағаланың Мұсаға дидар көрсетпеуінің себебі: Аллатағаның дидары бақи – мәңгілік көз болса, пәни тұрақсыз - көз. Пәни көзбен бақи дидарды көру мүмкін емес. Тағы бір үлкен себебі, аллатағаланың дидарын көру Мұхаммед ғалайһисаламның нәсібі екен. Өйткені Мұхаммад Мұстафа Саллалоһу ғалайһиссалам Миғражға шыққанда, аллатағала оған: «Дидарымды қиямет күні көресіз» деп уәде еткен.

Мұсаның есі ауып жығылу себебі, ол тауға карағанда үстіне қилем жамылып алған жетпіс мың кісіні көріпті. Олардың барлығы зікір, таспих айтып Аллатағаланың дидарын көруді талап қылып тұр екен. Сонда Мұса пайғамбар оларға Аллатағаланың жүзін он төртінші күні туған айды көргендей көрерсіндер, деген екен оларға. Мұса пайғамбардың бұл хадисі мұстақып болып саналады екен шарифатта. Біздің халықтың өмірімен тұрмысына, акынның, шешеннің жел сөзіне айналған «он төртінші туған айдай» деген сөз осыдан қалған екен. Өйткені, әр айдың он төрт күні ай дөп-дөнгелек болып толысатыны сол уақытта-ақ адамдарға, яғни Мұса пайғамбардың заманында-ақ белгілі болған екен, - деп Жидебай шешен, өзінің жол қысқарта айтқан шарифатын аяқтады, жанындағылар бұл кісінің мұнша көп, қызықты да қорқынышты көрінетін дүниені білгеніне таңқалысты.

Жидебай шешеннің сол заманда айтқан Мұса пайғамбар туралы әңгімесіне осыны жазып отырып, қазіргі дәуірдің адамы — біз де сүйсіндік.

(Енді содан бері кемі 230-240 жылдар өтті деп алсақ) Жоғарыда Жидебай бабаның айтқанына қосымша, өзімше толықтыру ретінде оқушыларымызға бұл жөнінде, ислам жөніндегі сенімдеріне тиянақ ретінде ғылымға сүйене отырып, оқушыларымыздың көңіліне тимейтіндей етіп біраз әңгіме біздің де айтқымыз келгені рас. Ол мынандай: «Күннің жеті жерден үш жүз есе үлкен, ол бір жүз елу миллион шақырым қашықтықта екені, бастауыш ғарыштың (астрономия) білімі барларға да айқын. Ал, Галактикада (Құс жолында) Альфа шок жұлдызындағы кейбір жұлдыздар күннің өзінен үш мың есе зор болғанда, оның қашықтығын 21 қатар санмен оқуға ғана болатыны да белгілі.

Қазіргі ең ұшқыр самолеттермен қонбай ұшқанда Альфа жұлдыздарына 7 млн. Жылда ғана жетуге болады екен. Алла жерде де емес, көкте де емес, өзі жаратқан дүниенің ішінде де емес, дейді Ислам ғылымы. Осы орайда ұлы Абайдың «Алланың ғылымы өлшеусіз, адамның ғылымы өлшеулі, өлшеулімен - өлшеусізді біле алмайсың» - деп түйгені қандай ғажап айтылған. Оны айтасыздар, біздің кітабымыздың осы жолдары жазылып жатқан уақытта теледидардан ғалымдар Бикеш шок жұлдызынан жана Галактика ашылғанын хабарлады. Не деген ғажап дүние... Галактика аржағында Галактика, шексіздіктен шексіздік... расында ғылым қанша қарыштап кетті, білмейтініміз жоқ, құпияның бәрін таптық деп қазіргі ғалымдар өздері де айта алмас. Өйткені адамның ғылымы Алланың ғылымының жанында Жер үстіндегі бір тарының қауызындай ғана шығар... бәлкім одан да кіші...

Демек, біздің ұғым дәрежемінде жаратушы Алла, Ислам ғылымында айтылғандай сол Галактикалардың сыртында ғой. Тіпті де біздің мүмкіндігіміз шектеулі ғой. Біз өзіміз білеміз, игердік деген өзіміздің Жер планетасының ол жеті мен бұл шетін көре алмаймыз ғой, тек айналамыздағы бірнеше шақырымдық көкжиекті ғана көре аламыз. Соншама дүниені алып етіп жаратқан Аллатағала өте биікте, дидапры да аса зор, ұлық делінеді. тіпті Ислам терең талданды, дейтін терең жазылған кітіптардың өзінде. Сондықтан тіршілікте оны көру мүмкін емес. Бірақ тек қана Исламды терең талдап, оның ғылымын ұлық дәрежеде игергенде ғана жұмбақ ойды азырақ сейілтуге болады. «Лаухулмахбуз» ғылымын, яғни о дүниедегі жағдайды оқытатын ұлық жоғары оқу орны Иранда Куфе қаласында бар делінеді, бірақ оған түсуге қойылатын талаптың қатандығынан

бұрынғы ТМД елдерінен әзірше соны оқып, бітіргендерді көргеміз де естігеміз де жоқ.

Осы бір орайда бұрынғы кенестік жүйе кезінде Маркс пен Лениенді ғылым, ал дінді фантастика, қиял-ғажайып, мистика деп оқытқанына бүгінде күлкің келеді. Бірақ саналы адам мұны қашан да түсінеді, оны көп санасыздың сол пікірдің жетегінде күні бүгінге дейін жүріп, тіпті өздерінің парықсыздығына қарамай дау ашқалы келетіндерін қайтерсің!

Аристотель мен Платонның, Әл-Фарабидің, Фома Аквинскийдің, Рене Декарттың, Э. Канттың, Сартлердің шығармаларын жұрт білмеді. Бүкіл әлемді жаратқан алланың барлығы, кенестік жүйеде халықтың сорына айтылмады да, насихатталмады. Коммунистік жүйенің амбициясында шек жоқ. Мұхаммед пайғамбардың «Оқы, оқы және оқы» деген ұлағатын Ленинге теліді. Мешіт, Шіркеулерді таза жойып, бұрынғы Исламмен христиан ғұламалары және олардың кітаптарын өз әлінше ұрлап пайдаланып, ондағы тезистерді коммунистер айтты дегізіп солардың аузына ұлағатты сөз қылып салды. Бұл үлкен әңгіме, бұған біз көп соқпайық, әйтпесе ұзын соқпаққа түсіп кетерміз. Тең осыған қосымша бірер ауыз түйіндейік. Гректің данышпан философиясы даналықты сүю деген ұғым, араб тілінде «фәлсәпа» болып аталады. Алла, ғылым, білімді де адамдарға тәрбие және бір жағы сынау үшін жіберген. Өйткені алланың көп сипаттарының бірінде «Алла білімді, ол ғалым». Сондықтан да Мұхамад Мұстафа Саллааллоһу ғалайһиссаламның хадисін іздеген адам «Мен әдеп, тәлім-тәрбие, ілімді кең таратуға жіберілгенмін» деген. Қараменде, Жидебай, Жарылғап, Сеңкібай батырлар мен билердің Аллаға сенімі нық болған. Қайбір ұрыс-соғыстарда бұлар «бисмил-

лаһи рахман- рахим» деп кіретін болған. Оған бұлардың бір-біріне жазысқан хаттары дәлел. Көбінесе Қараменде мен Жидебай хат жазысып тұрған. Хатты сол өңірге бара жатқан сенімді адамнан, болмаса кейде арнайы адам жұмсап жіберетін болған.

«Үшбу хатымызды Жидебай батырға арнадық», - деп жазылыпты, сол уақытта Қараменде бидін бір хаты. Стиль де, сөз емлелері сол уақыттағы және жадид пен Ахмет Байтұрсынов әліппесіне дейін қазақ сөзі араб графикасы ғана емес, емлесіне дейін араб сөзіне жақындық сезіліп тұрады. Осы күнгі, ескі араб емле, грамматикасымен шыққан бұлақтарды зерттеушілеріміздің оқып білуге қиналуының да жосығы бар. Өйткені, ол уақытта сөз қазақтыкі әріп пен грамматика арабтікі болған соң көп қиыншылықтар кездеседі. Қазірден қолға алмаса Уфа, Қазан, Петербург, Москвада жатқан ХҮІІ, ХҮІІІ ғасыр тарихы, қазақ тарихына қатысты көп нәрселерге қол жету қазір оңай болмай тұрса, кейіннен қалай оңай болсын. Тағы бір- екі ауыз сөз сол уақыттағы өзіміз қолданған араб әрпі, араб жазуы жайлы. Көбіне жазуда дауысты дыбыстар қойылмай кететіндіктен, оқу қиындығы, немесе қате оқу пайда болады. Бұл қиындықты Гаспринский жолын салған усулжадид, А. Байтұрсынов жасаған төте оқу орнына келтіре бастаған болатын. Және Қараменде би: - Жидебай досымыз және ініміз іспеттес батырға үшбу сәлемді жолдай отырып, алла тағала нәсіп еткен күндерді кешіп, Үлкен көл аймағында жүріп жатқанымызды хабарлаймыз. Алла нәсіп етсе өздеріңізден Сенкібай, Жарылғап батырмен кенесіп, бұрынғыдай «бір жеңнен қол, бір мойыннан бас шығарып», сіздерді сағынғандықтан, Сағадан жоғары өрлеп Тоқырауынның бір ыңғайлы тұсына қарай жайлауға барсам деймін. Алдыңғы жылы

Арканын Айрық аймағына қарай жайлағанымызды өзіңіз жақсы білесіз. Өйткені сүйікті баламыз Келте батырдың жылын беру ниетінде болдық, және солай болды да. Сауал айтқанды естіп, өзіңіз де келіп халықтың игі жақсылары бір бас жиын болса деп едім. Бірақ сіз келе алмадыңыз. Енді бұрынғыдан жиі кездесіп қауышып тұру жолдастарға міндет. Аллаға шүкір, бұрын майданда бар боламыз ба, жоқ боламыз ба деп жүргенде де сіздермен үзеңгіміз айырылмап еді, енді жасымыз ұлғайған шақта жақын жүргенді қалаймыз, сіз де солай ойлайды ғой деп үміт етем. Түбі өздеріңізбен ақылдасып Тоқырауынның бір қыс жұмсақтау өтетін жерінен қазіргі өздеріңіз сияқты бір қыстау салдырсам деген ойым және бар.

Үшбу, құрметлі, ғизлатлы досымыз! Біздің бір балалар Шыңғыс тауда болып қайтқан, Шаған бойының мына бір қаршығасын алып келіпті, нағыз түйғын өзі, Тоқырауынның үйрек, қазына салып қызықтаныз беріп жібердім. Құдайға шүкір, бұрынғыдай қалмаққа алаң болмаймыз, жақын жерден Сенкібай аға батырға сәлем қылыңыз. Алла ғұмыр ұзартса, саушылықпен кездескенше қайыр, қош. Қараменде, 17... жыл.

Жидебай батыр, осы хатқа жауап қайтарды ма, жоқ па мәлімсіз, бірақ осы хаттан батыр әрі билердің риясыз көңілін түсінесіз. Біздің халықты «алтыбақан ала ауыз» деген атқа таңу бертінде, бодандық дәуірінде басталған. Негізінен бір-біріне бауырмал халық. Әйтпесе 700 жыл соғысқан қалмақты жеңе алмас еді.

Қараменде батыр, сонау хан жиыннан қайтып келе жатқанда көп соғысты, халықтың басынан кешірген, ойтұңғиығына салып келе жатыр еді. Бұл сияқты адамдар елді ұйытпаса, басқарып ұстап тұрмаса ел ел болмас еді, жұрт

жұрт болмас еді. Қазақ деген халықтың болуымен болмауы деген сын сағатта осындай ерлер шығып еді.

*«Абылай заманы» кітабынан.
2005 жыл, Қарағанды қаласы*

Ғабит ҚАЛИЯҚАСОВ —
Жезқазған тау-кен технология
институтының студенті

БАБА ЕРЛІГІ ӨШПЕЙДІ

Қазіргі өшкеніміз жанып, өткеніміз қайта келгенде, өткенімізді білмей, ата-бабамыздың кейінгі біз — болашағы үшін еткен еңбектерін елеусіз қалдыру, тарихымызды өз қолымызбен өшіргенмен бірдей. Осы орайда маған қалам тартқызған кезінде халқының қалаулы ұлы болған, бұл күнде ұрпақтары аруағына бас иген Жидебай Қожаназарұлы еді.

Жидебай осы күнде ұрпақтары Жидекең дейді. Жидекең жүз жасаған, көпті көрген дана, ақыл-ойдың иесі батыр, шешен әруақты кісі болған. Жидекең бабамыз туралы ел аузында осы күнге дейін айтылып жүрген әңгімелер көп. Соның бірі Жидекеңнің дүниеге келіп өзінің кегін қуатынын білген үлкен әкесі Дос батырдың баласы Қожаназарға айтқан сөзі.

... Бірде ауылды шауып, мүлкін олжалап, малын айдап кеткен қалмақ қолының артынан жорыққа аттанған Дос

пен баласы Қожаназар сол жолда тұтқынға түсіп қалады. Сонда қалмақтың басшысына Дос батыр баласы Қожаназарды босатуды өтініпті. Сонда Қожаназар әкесіне:

- Әке, мен босағанда не істеймін, сіздің кегіңізді қалай қайтарым?- депті. Сонда Дос баласына, сен түкке әуре болмай ауылға барып қойыңды құрттап, айраныңды ұрттап жата бер. Менің кегімді сенен туған бала қайтарады, - депті. Дос батырдың айтқаны келіп, Жидебай ер жеткен шағында қол жинап сол атасының кегін алуға жорыққа аттаныпты. Осы жорық туралы Нұршилан ақын былай деп жырлаған екен:

Өмірде басып жүрмін талай қырды,
Жасырмаймын тіріде ішкі сырды.
Жидебайдың батырлығын мақтан етем,
Айтамын солар үшін талай жырды.

Әкесі Қожаназар аруақты,
Жидебай қос түлкісін тастамады.
Атаның аруағы көмекші боп,
Қос түлкісіз жауына бастамады.

Бейауыз біреулермен жамандаспай,
Қалмақтармен ойнаған замандастай,
Жидебай ерлігіне сенгендіктен,
Абылай хан жата берді хабарласпай.

Халқы үшін аналардан ерлер туып,
Сырттан қалмақ келеді өңі суық.
Тыныш жатқан еліне тиіскен соң,
Соған батыр барады белін буып.

Көргені, көрмегені қайран қалған,
Не керек, дүние өмір жалған.
Жидекенді не болар деп жүрсе елі
Тендікті алып келген есен-аман...

Замандасы Жидекенді Нұршилан ақын осылай жырға қосыпты.

Облыстық «Сарыарқа» газетінде ақтоғайлық А. Мұсатаев тарихта аты қалған әйгілі Аңырақай шайқасына Жидекен де қатысты деп жазыпты. 1729 жылы Бөгенбай батырдың үш жүзге хабар айтып, қалмакқа қарсы қол жинағаны тарихи деректерден белгілі. Бұл кезде Абылай, Әділ деген атпен сол Бөкенбайдың жасағында болған. Осы кезден Абылай мен Жидебайдың достығы басталады. Аңырақай шайқасы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Айыртаудың етегінде болған. «Осы шақта елім деп еңіреген ер Жидекен де осы шайқаста өз тобымен көзге түскен еді», - ел арасындағы көнекөз қарттар.

Жидекеннің зираты бұл күнде қазіргі Шет ауданы, «Шет» совхозының Тұмсық және Қайрақты бөлімшесінің ортасында Нұра өзенінің оң қабағында жатыр. Бір іске тәуекел еткен жанның бәрі Жидекенді ауызға алып, соның әруағына бас иеді.

*«Сарыарқа», №149, 5
тамыз, 1993 жыл*

ЕЛ ҚОРҒАҒАН ЕР

Бөгенбай, Қабанбай батырлармен бірге Абылай сарбаздарын басқарған Жидебай батыр Қожаназарұлының бабасы Досқожа да, әкесі Қожаназар да жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына қарсы жүргізілген көптеген соғыстарға қатысқан.

Ауызекі деректері бойынша, Жидебай батыр 1713 жылы туып, 1815 жылы қайтыс болған, Абылай ханның замандасы. Әкесі Қожаназарды жоңғар қаншкерлері өлердей өшпенділікпен өлтірген. Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Әл-Фарабиді жарыққа шығарып, қазақ оқырмандарына алғаш рет кеңінен таныстырушы профессор Ақжан Машани осы деректер дұрыс дегенді айтып, оның әулиелігі де болғанын ұмытпауды ескертеді.

Жидебай батыр Сыр бойындағы Қаратау өңірінде туып, Сарыарқадағы Ақсу-Аюлы тауының солтүстік батысында, кейін Жидебай әулие аталып кеткен жерде, Шет ауданының орталығынан 15 шақырым қашықтықта дүние салған. Жидебай жоңғар шапқыншыларымен болған шайқастарда көптеген ерлік көрсетіп, жекпе-жек ұрыстарда өзінің айласын асырған, асқан қара күшімен танылған, сөйтіп батыр атанған. Жидебай батыр да әулие де ақын да жұлдызшы да болған дегенді Балқаш – Қарағанды аймағының қарттарынан жиі естиміз. Жорыққа шығарда қол жинап, қойдың тіс тимеген жауырынын отқа жағып, жорықтың қандай нәтижемен бітетінін алдан ала айтып отырады екен деседі. Де-

ректерге қарағанда, алдағы істі өте-мөте болжағыш, көріпкел қолбасшы болған. Абылай хан Жидебай батырға қазіргі Балқаш-Ақмола өңіріне жауды кіргізбей сақшы қолдармен тоқтата тұруды тапсырған екен деседі. Бетпақдала өңіріндегі Әбілхайыр хан өзені, Жидебай өзені, оңтүстік өлкесіндегі көп кездесетін Жидебай дейтін жер аттары осы адамдардың ұрыс жүргізген, бекініс жасаған жерлері көрінеді. Мұны Балқаш қаласының жасы 90-ға келіп, 1991 жылы қайтыс болған қарт тұрғыны, өткен тарихқа өте зерек Нығметжан Қарсыбеков ақсақал айтқан еді. Мұны оны үлкен бір жиында айтқан мынадай бір сөзінен де байқауға болады.

Жидебай батыр болғаным —
Абылай ханның батасы,
Жоңғар ханды жеңгенім —
Қабанбай мен Бөгенбайдың арқасы.

Жасымның жүзге жеткені —
Мұсылманның алғысы,
Екі көзімнің кеткені —
Жоңғарлардың қарғысы!

Осы екі шумақ өлеңмен ол өзінің бүкіл өмірін әрі қысқа, әрі нұсқа суреттегені байқалады.

Айрықша атап айтатын тағы бір әңгіме — Жидебайдың әділеттілігі. Ол бірде соғыс арасында шабуылдан соң атынықтырып, ертоқым кептіруге еліне келіпті. Бір замандасының үйіне барып, ас ішіп, әңгіме дүкен кұрып отырса, ауыл іргесінде жайылып жатқан малға қасқыр шауыпты. Жидебай тоқтаған үйдің бұзауын арам өлтіріп кетіпті. Бұл

болмашы оқиғаға үй иесі реніш білдірмесе де Жидебай батыр ойланып отырып, былай депті:

- Апырай, мен осы үйге келмесем, бұзауды қасқыр жемес еді! Үй иесі маған алаң болып, бұзауын қасқыр жеді. Бұл қиянат қой! — депті де, қосшы жігітті өз ауылына жіберіп, бір бұзау алдыртып беріпті. Осыны естіген ел арасы қатты танданып, Жидебай батырдың әділеттілігін сөз етіп, бұдан былай жүгініске осы кісінің алдына келетін болыпты. Жидебай батыр билік айтып, халықты бірлікке, адалдыққа шақырып, ішкі жаудан да, сыртқы жаудан да сақ болуды үйреткен. Абылай ханның саясатын қолдап, халықты жұмылған жұдырықтай ынтымақта ұстауға атсалысқан.

Өкінішке қарай, бізде көбінесе жазба тарих болмады. Соның салдарынан да небір жүрек жұтқан батырларымыз жайындағы деректер ауызекі әңгімелер арқылы бір буыннан екінші буынға жеткенше бірте бірте бұлыңғыр тартатыны да заңды. Дегенмен барынша шүкіршілік етеміз.

Біздің білетініміз: қазақ батырлары өз халқының бірлігі үшін, елінің тұтастығы үшін, тәуелсіздігі үшін жан аямай күресті. Ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсете білді. Халқымыз, оның ішінде әсіресе жастарымыз, өздерінен бұрын өткен ерлерді мақтаныш етіп, олардан үлгі алуы тиіс. Сондай үлгі тұтар ерлердің бірі — Жидебай батыр Қожаназарұлы.

**«Арқа» журналы, қыркүйек,
1993 жыл**

ЖИДЕБАЙДЫҢ ХАН САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУЫ

туралы кейбір аңыздар мен ақиқаттар

Көнекөз қарттарымыз тарих шежіресі. Оларды айтқан естеліктері мен әңгімелері кейінгі ұрпақтарымызға үлгі өнеге. Елі мен жерін шапқыншы қалмақ жауларынан қорғап батыр бабаларымыз, қара қылды қақ жарып, билік айтқан шешен билеріміз жайлы қызықты әңгімелерді үлкендерден естиміз. Жасы 80-нен асып дүние салған Әбдікәрім Жүнісұлынан үш жүзде өткен хан сайлауы жайлы ел аузындағы әңгімені жазып алған едім. Сол хан сайлауында батыр бабамыз Жидебай да болыпты.

Үш жүздің билері бас қосып, ақылдаса келіп Сарыарқаның белі Ұлытауға, Сарыкөңгір, Қаракөңгір бойында, Алашаханның мазарының басында хан сайлауы өтетінін белгілейді. Үш жүздің игі жақсы, би-болыс, батырларына хабар жібертеді. Содан үш жүздің игі жақсылары Ұлытаудың Сарыкөңгір, Қаракөңгір өзенінің бойына жиналыпты. Сарыарқаның беліндегі көкорай шалғынға қаздай тізілген ақбоз үйлер тігіледі. Осы үлкен жиынға, ұлы дүбірлі тойға әр рудан жүйрік аттар, балуандар, ақындар жиналады. Хан сайлауында үш жүзге билік айтқан дуалы ауыз шешен билер: ұлы жүзден Төле би, орта жүзден қаз дауысты Қазыбек би, кіші жүзден Қаражігіт Әділ төрелік жасайтын болып келісіледі. Жиналған халықтың алдында сөз кезегін қаз дауысты Қазыбек би алған екен:

- Уа, халайық, бүгін халықтың қамын, ел бірлігін ойлайтын хан сайлағалы отырмыз. Алдымен келісіп алуымыз қажет. Біріншіден, жаманшылық, қызғаныштық, ішітарлық, көре алмаушылықтан аулақ болайық. Егер үш жүздің баласы біріксе, ешқандай жау алмайды. Мұндай жаман қасиеттерден аулақ болмасак, туысқандық туымыз жығылады деп біліңдер. Билердің шешім айтуы бойынша ханды сайлау үшін мынындай шешімге келген жөн: осы алқалы жиынға мінілмеген акбоз ат, киілмеген киім, атқа салынбаған ертоқым дайындау қажет. Өзі шешен, өзі тапқыр жігіттерді жинап, сыннан өткізу керек. Кімнің хан сайлайтынын өнері мен білімі асқандар айтады – дейді ол:

Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Қаражігіт батыр сияқты нелер шешен ақын жігіттер сайысқа түседі. Бірақ, сыннан өткен санлақтар ханның кім болатынын айта алмай дағдарысып қалады. Әулие шарапаттылығымен танылған Достың хан сайлауына қатысқан немересі Жидебай көзге түседі. Бір шешімге келген билер Жидекеннің астына акбоз ат мінгізіп, үлкен сенім артып, Алаша ханның мазарына аттандырған екен. Мазардың басына келген Жидебай батыр әулие рухына тіл қатып: - Ассалаумағалейкум, құдыретті хан ием! Үш жүздің баласы тегіс жиналып, еліне хан сайлауын өткізгелі жатыр. Мені сізге жіберді, халін біліп кел деп, - дейді.

Алашахан рухы жауап қатып: «Халқым басыма жиналған екен, мен ризамын мен де біліп жатырман. Хан болуға лайықты адамды іздестіргендері дұрыс-ак. Халықтың қамын ойлайтын адамды мен де іздестірем, осы сөзімді айтып бар, және Төле би Қазыбек, Қаражігіт батыр келсе бұлардың пікір ойлары қалай екен, сен солардың да ойын біліп кел» - дейді.

Жидебай: «Сіздің айтқан сөзіңізді халыққа айттым. Үш дара би ханды сайлаудың билігін сізге тастады»- дейді.

Алашахан рухы сонда: «Билікті маған берген болса, онда Абылай ханды алдыртсын, боз биенің сүтіне шомылдырсын, ақ киізге орасын, хан тағына отырғызсын. Абылай ақылды, байсалды, айлакер, шарапатты адам. Жауына мейірімсіз, халықтың қамын ойлайтын адам. Өз шешімін орындаттыратын, қолбасшы болуға жарайтын шарапатты кісі. Үш жүздің басын қосып, әділ төрелік айтатын бұдан артық хан жоқ, халқыма сәлем айт», - деген екен.

Алашахан берген бұл аянды Жидекең билерге жеткізіпті. Алашаханның әділ төрелігіне билер де халық та риза болыпты. Сөйтіп, Абылай ханды үш жүздің ханы сайлапты. Абылай хан болғанда Бұхар жырау былай жырлаған екен:

Дәулет қонды басыңа,
Қыдыр қонды қасына,
Бак үйіне түнедің,
Алтын тұғыр үстінде,
Ақ сұңқардай түледін.
Нұршилан Бәйеш акын:
Ұлытау - өрнек жерім,
Үш жүздің баласының
Басын қосқан жерім,- деп жырлаған екен.

Осы хан сайлауында жиналған халық қазақ үшін мәңгілік рухты, мәңгілік айбынды істі орындап шықты деп Жидебайға тапқырлығы үшін алғыс айтып, ақ батасын беріпті.


*«Арка» журналы. № 3,
наурыз, 1993 жыл*



**Қаракесек бабаның анасы
Қарқабат шешеміз.**




**Қаракесек -
Болатқожа бабамыз.**



Дос батыр.

Наркыз Ана - Жидекеннің шешесі, әкесі Сұлтан қажыдан 9 ұл, қыз жалғыз. Дос батыр ұлы Қожаназарды Меккеге оқуға жіберген, сол жақта Қожаназар бабамыз түрік Сұлтан қажының қызы Наркыз екеуі бір-біріне ғашық болады. Наркыз бойжеткенше бабамыз Қожаназар тосып 5 жыл бойы Меккеде дәріс алады. Екеуі үйленіп, одан Жидебай бабамыз туады. Наркыз Ана Жидекен туғаннан соң тосын аурудан соң қайтыс болады.





Жилдебай батыр мазарының жалпы көрінісі.



Жидебай батыр ұрпақтары қойған ескерткіш.




Батырдың мәңгілік жатқан жер бесігі.



Оралбайдағы Жидекен қыстауының орны.



Шұбарат. Жидекен қыстағының орны.



Жидебай батыр.



**Батырдың ұрпағы
Серғазы Күнәділов
салдырған Қарағанды-
дағы саябақ.**



Жидебай батыр ауылына апаратын қасқа жол.



Жидекең мазарына...



Жидекең жайлауы.



Дүйсенбай батыр мазары.



**Жұртшылық Қарауылтөбедегі жиде ағашына ақтық,
байлап құран оқиды.**



Жидекеңнің ата қонысында.



Еспе бойындағы Дәрмен қажының мазары.




Ұрпақтары Жидекеннің аруағына дұға бағыштайды.




Имек қарасындағы Мерген қажының бейіті.




Батыр талай рет аг суарған Нұра өзені.



Жидекең мазарының басында.



Жидебай батырдың садак жebesі.



**Жидекеңнің Шұбар тұлпарының бас сүйегі. Ақтоғай ауданы
Имектегі Доғал тауының басынан табылған.**

Ардақты Аманкүл,

Тарих, балаларға көп сүйсі. Қалғарың Жақсона.
Шұбармау жері Қаршынтабы. Әсіресе бабындағы батыр
дегені. Мұнда таспаңы сұрастыр. Жібекпен жасалған
алды. Ақшоққандағы таңбалардың көп бөреулері түр-
сы қалам саларың түсіріп жібер.

Сем қызымен кеткені шығарсаң, Саятат, таурамыз бойы-
дағы жоңғар қалмақпен қалам Шайбаста Жазбайдың
Шұбар Түрлеріне оқ тиян еткен баланы есіл Шы-
ғардың, басына жатқан ерек. Бас сүйекті қара-
қарындаймен Шығартап өзгертіп қаламына Келтіре
салса тіпті жақсы болар еді.
Рама. Шешенде, жама батырды, түсіріп Шығарға
еліріп келіп-келіп өтіссін.

Қазақ қалыбы Шығарға, Қошпан Бұржігіт, Түсіріп кетті
Менің сен саяхатын сипаттап тілді келіп Сағлаққызы
Шығартап Мәлім. Батырдың Жақсергі, Жауға Шақса
Жетеді, күс ұшығанша күеті іледі дегім.

Шығарға Қарметпен бірге кезде таудың шығар басына
қалтып болған. Мисалы Азатбай батырдың Ақбоз Шығар-
дың Есіл сүйсі Шайытқан-Шынақ, тауының басында тұр.

Қорғаттай-Нұртай тауы аралап зерттеп байқап шы-
ғарсаң. Шұбармау собағы Сағлаққызы Қарға тасып араласып
Шығар таңбалар тыман тұр. Басын Жібектермен хат
маған жіберейін.

Салем мен Алкей Марғұлдан)
19 Шілде 1988 ж.

Академик Әлкей Марғұланның
Аманкүл Мұсатайұлына жазған хаты.

ЖИДЕКЕҢ АТЫНДАҒЫ ҚОР

Газет оқырмандары, аудан жұртшылығы соңғы уақыттарда ауданымызда Алаштың үш арысына ұлы бабаларымыз Шабакен мен Қаракене берілген астардың өту ба-рысына, оны ұйымдастырып, қолға алған ынталы топқа алғысын жаудыруда. Еліміздің ертеңіне сабақ болатын мұндай алқалы, ұлағатты жиындар бәсекемен өткен деп келте тон пішпелік. Халықтың сағынып қалған, ұмытуға айналған дәстүрімен қайыра қауышқаны деп түсінгеніміз абзал.

Ақтоғайдың киелі, бай тарихы жоғарыдағы ас берілген бабаларымызбен шектеліп қалмаса керек. Аты аңызға айналған дарабоз, батыр, шешен, ақын, би болған Қожанарұлы Жидебай бабамыз солардың қатарында өзіндік орны бар көріпкел, болжамды, тапқыр, ойшыл, дарынды, біртуар тұлғаның бірі екені анық. Он бес жасында атқа мініп, сырт жаулардан қазақ жерін шапқыншылықтан қорғаған батыр екендігі тарихтан мәлім.

Малы өрісте тыныш жатқан Сарыарқаның белінде өмір сүрген қазақ даласына қалмақ басқыншылары ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырда басып кіреді. Семейден бастап 1748 жылдары Қарқаралы, Баянауыл, Ұлытау, Ақмола, Балқаш, Алатау жерлері басқыншылардың тонауына ұшырайды. Жаудан жерді, елді азат етуге халқымыздың сол кездегі ержүрек батыр ұлдары тізе қосып соғысқа шығады. Сол көрініс әйгілі «Нұршилан - Бәйеш» жырында:

Батыр туған ерлік сап,

Жауға елін бермеген, - деп жырлайды.

Абылай хан бастаған қазақ батырлары Олжабай, Айжан қыз, Жасыбай, Жарылғап, Жалаңтөс, Қасабай қырғын со-

ғыста басқыншы жауды елінен, жерінен түре қуып тастауға қатысады. «Нұршилан Бәйеш» жырында:

Батыр халық ұлдары,
Қолында ақ тулары,
Дүркірете қуды қалмақты,
Алты қырдан асыра, - дейді.

Семей өлкесіндегі үлкен бір таудың бауырында қалмақтарды қазақтар қырғынға ұшыратып, басқыншы жау табанындағы елді азат етеді. Сол тау мақаламызға өзек болып отырған Жидебай атымен аталады. Сөз жоқ осы азаткерлік соғыста аты шыққан Жидебайдың руы Әлтеке екені, осы елдің батыры, бүгінгі ұрпақтың бабасы екені де рас.

Қош, есен бол, қыдыр Шұнай,

Белгісіз ілгері күн бұдан былай – дейтін Жидебай осы.

Міне, осындай ардақты тұлғамыздың бірі – Жидекеннің есімін де ел болып шығарып, рухын ырза ету – біздің артындағы ұрпақтарының парызы. Ел жадындағы әйгілі бабамыздың аруағына арнап ас беріп, мазарын қайыра көтерсек, ол келер ұрпаққа қалдырған еншіміз, біртұтастығымыздың айғағы. Тағы да айтарымыз, бәсекелесіп ас бермекші деп шұғыл қорытпайық, ақылмен ойлап, ақырын күтелік. Сол себептен де Жидекене ас өткізу, мазар салуға басқалар да қарайлассын, елдігін танытсын деп аудандық аграрлық өнеркәсіптік банкте арнаулы қор ашылғанын хабарлағымыз келеді. Қордың Жезқазған облысы, Ақтоғай селосы, аграрлық - өнеркәсіптік банкте 7000018 есепшоты ашылды. МФО 608543 (бұл сырттан қаражат салам деушілер үшін)

А. Мұсатайұлы.

«Арқа еңбеккері» газетінен

(уақыты белгісіз)

ЖИДЕБАЙ БАТЫР

Өзіндік ерекше тарихы бар қазақ халқының жазба деректері мардымсыз. Ел есінде сақталған халық зердесінен өшпейтін мәліметтер шежіре қариялар арқылы там-тұмдап болса да бүгінгі күнге жетіп отыр. Өткенін зорлықпен ұмыттырмақ болған зұлмат заман да халықтың зердесін жоя алмады. Еліміз еркіндігін алып, өткен кеткенін таразылып, жақсы менен жайсандарының аттарын еске ала бастады. Ел аузындағы аңыз әңгімелердің, шежіренің ақиқаты мен анызын кейбір деректерге сүйене отырып, екшеп көрсе, әлі талай нәрсенің табылары сөзсіз. Сондай ел аузында аты аңызға айналған әрі батыр, әрі шешен, әрі би болған Әлтеке Қожаназарұлы Жидебай туралы «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда?» — деген халық нақылына айналған сөзді кезінде Г.Н. Потанин жазып алған екен. (Қазахский фольклор в собраниях Г.Н. Потанина. Алма-ата. Изд. Наука, 1972 г.) Әредік аты аталып, бірді екілі Жидекен айтыпты деген сөздердің «Ел аузынан», «Шешендік сөздер» сияқты жинаққа енгізілгені болмаса толымды зерттеу жасалмаған. Тіпті Жидебай батырдың қай уақытта дүниеге келіп кеткені де айқындалмаған. Мысалы, биыл тамыз айында Жидекеннің туғанына 280 жыл толуына арналып ас берілмек.

Шет ауданының жерінде Талды өзенінің бойында Жидекеннің күмбезі тұр. Басында көктасы бар. Көктасты бертіңде Жомартбек марқұм бастаған ұрпақтары қойғандығы белгілі. Онда былай жазылған Жидебай Қожаназарұлы, Дос батырдың немересі. Туған жылы 1575, қайтыс болған жылы

1675. бұл жылдар жансақ көрсетілген болса керек. Көктас-тағы жазуға сенер болсақ, Жидекен әрісі Есімхан, берісі Тәуке ханмен тұстас болып шығар еді. Жидебайдың Абылайханның беделді де белді батыры болғандығы белгілі. Абылайханның 1711 жылы туып, 1781 жылы дүниеден өткені мәлім. Шежірешілердің айтуы бойынша Жидекеннің алғашқы үлкен жорыққа қатысуы Аңырақай соғысы болса керек. Сол кезде жасы он жетіде екен. Бұл дерек бойынша Жидекен 1712-1713 жылдары туға болып шығады.

Шежіре бойынша Қаракесектен Болатқожа Ақша, Түйте туады. Түйтеден Майқы, Таңас, Майқыдан Бөлекбай, Айтуған, Күнтуған, Сарым Айтуғаннан Әлтеке Айдос. Әлтекеден Алмұрат, Дос, Есболай, Өтеген, Алмұрат, Дос егіз еді деп те айтылады. Жасанған жауға тайсалмай жалғыз шабатын Дос батырдан Қожаназар одан Жидебай туады. Дос батыр егде тартқан шағында баласы Қожаназар екеуі қалмақтардың қолына тұтқынға түсіп қалыпты. Қалмақтар кенесе келе біреуінді босатамыз, азаттық берейік, қайсың еліне қайтасың, - депті. Дос батыр өзі тұтқында қалып, Қожаназарды елге қайтарған екен. Қоштасарда сарыбауыр ат елге жеткізер, сен менің құнымды даулай алмассың. Өзіннен ақсары, көкшіл көзді ұл туар, менің құнымды, елдің кегін сол бала алады деп болжап қалыпты.

Алмұраттың шау тартқан шағында Қаракерей Қабанбай сәлем бере келіпті. Сонда жидекен сегіз жаста екен. Қабанбай батырдан бата алыпты. Тағы бір жанама дерек бойынша Тобықты қараменде бимен Жидекен тұстас әрі сыйлас болыпты. 1774 жылдары Кенгірбайдың қырық жастағы кезі екен. Бұл уақытта Қараменде бидің жасы біразға келіп қалған. Сана би ат жалын тартып азамат болып ел ісіне араласа бастаған кезі болса керек. Осы кезеңде Абылайхан алпыс-

тан асқан Жидекенді Қарақожа еліне жорыққа жұмсапты. Балқаш көлінің Ұзынарал тұсында су астына төселген тас өткел бар екен. Өткел арқылы кезінде Ыбыр-Сібірге апаратын ұлы Жібек жолының бір тармағы өткен екен. Үш ғасырға жуық ұмыт болған өткелді Жидекен біліп, сарбаздарымен теңізді кешіп, арғы жағаға өтіпті. Тұтқиылдан тиген Жидекен Қарақожа елін бағындырып қайтыпты. Сонда Қарақожа бұл жолды Жидебай ғана білсе керек еді, өткелден өткізген көзің шыққыр Жидебай екен ғой,- депті деген сөз бар. Мұны тиянақтай түсетін Жидебайдың тоқсаннан асқан кезінде көзі көрмей қалғанда, көңіл сұрай келгендерге айтқан сөзі

Жасымның жүзге келгені,

Алты Алаштың алғысы,

Қос жанардың сөнгені,

Қарақожаның қарғысы

Сонымен қоса қаз дауысты Қазыбек айтты деген

Замана өтпес болсашы- ай,

Жидекем өлмес болсашы-ай – деген сөзі де Жидекеннің 1713 жылдары туғандығына меңзейтін сияқты. Бұл сөзді ғұлама ғалым Әл-Машани айтты.

Аруақты батыр әрі би, шешен Қожаназарұлы Жидебай батыр XVIII - ғасырда өмір сүрген деген пікірді қуаттай отырып, ел аузында нақылға айналған «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда?» - деген сөз қалдыру үшін еліне ерекше еңбегі сіңген болуы керек деген ой түюге болар.

Қорыта келгенде рухани өрлеу, бабаларды қастерлеуден көрінеді. Өткенді айтып отыру, әрқашан халық жадынан шығармай, құрметпен еске алып отыру – ұрпақ парызы.

«Сарыарқа» газеті. 10 маусым, 1993 ж.

ЖИДЕБАЙ БАТЫР

Қазіргі Қоңырат оның қарауыл төбесі болған

Кез келген ұлттың шығар биігі ұрпағының өз ұлтының қадір-қасиетін бойына қаншалықты дәрежеде жинақтауына байланысты. Тарих тамырынан ажырап жалпы адамзат өркениетінің биігіне көтерілген бірде бір ұлт болған емес, болмайды да. Ұлттың келешегін ойлағанда әрқашан өткенді еске алып отыру керек.

Терең тамырлы, өзіндік ерекше мәдени-рухани болмысы бар қазақ халқының адамзат мәдениетіндегі алатын орны ерекше. Көшпелі тайпалардың қуатты құрылымы Шыңғысхан тұсында болды. Алтын орданың мемлекеттік және қоғамдық құрылымына байланысты Қазақ, Ноғай, Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары шықты. Халқымыздың тарихындағы осы кезеңде бабаларымыз іргелі ел болып, дербес хандық құрды.

Қазақ халқының құба қалмақ шапқыншылығына қарсы күресі бес жарым ғасырға, берісінде Жонғар мемлекетімен соғысы екі ғасырға созылды. Бір қиссада былай дейді:

Біз келдік Сарыарқаға сырда туып,
Шығыпты сол мекеннен қалмақ қуып.
Айырылып алдағы мал, бастағы үйден,
Күрке ғып үш ағаштың басын буып.
Қалмақпен біздің қазақ айқаскалы
Болыпты дәл жеті жүз жылға жуық.

Ұзаққа созылған осы соғыстың жайы туралы әртүрлі аңыз, әңгіме жыр түрінде жеткен шежіре ұлан-ғайыр. Ойрат билеушісі Хара Хуланың баласы Батур қонтайшы бір орталыққа бағынған Жоңғар мемлекетін құрды. (1635-1653 ж). Батур қонтайшының тұсындағы алғашқы соғыс 1635 жылы болды. Жәңгір хан мен Жалантөс баһадүр бастаған қазақ қолы жоңғарларға қарсы тұрды. Бұдан кейін 1652 жылы жоңғарлар үлкен дайындықпен келіп, тұтқиылдан шабуыл жасады. Қазақтар жеңіліс тауып қол бастаған Жәңгір хан опат болды. Осыдан бастап жоңғарлардың қазақ жеріне жорықтары үдей түсті. 18 ғасырдың басында 1711-12, 1714, 1718-25, 1742 жылдары қазақ елі жоңғарлардан көп зардап шекті. Солардың бірі, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама деген атпен ел есінде сақталған жойқын соғыс еді. Тұтқиылдан тиген құба қалмақ қазақтарды солтүстік-батысқа қарай тықсырып тастады. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары, башқұрттар жан жақтан шабуыл жасап, қазақтардың жойылып кету қауіпі төнді. Осы кезеңде Тәуке хан сияқты ел басшысының керек екендігі көрінді. Тәуке (Тәуекел- Мұхаммед – Батырхан) 1718 жылы қайтыс болған еді. Жоңғар хандығының билеушісі Сыбан Рабдан (1697- 1727) ел басшысыз қалған осындай кезенді шебер пайдаланды. Бұл тұста қазақ хандығы ішкі жағынан ыдырай бастаған болатын. Жеті жарғы бойынша тәртіпке салынған заң жүіесі бұзылып, береке, бірлік әлсірейді. 1723 жылдың қысы қазақ даласында қайын сауған ақ тышқан жыл болып халық қатты жұттайды. Осы жұттың көктемін қазаққа шабуыл жасаудың оңтайлы кезені деп тауып, жоңғарлар жетпіс мың әскерімен жеті бағытта шабуылға шығады. Бірінші мындықты Сыбан рабданның баласы Халдан серен басқ-

арады. Ол Балқаш көлі маңындағы елдерді шабады. Екінші түменге Сыбан Рабдан қонтайшының інісі жолаң Бату қолбасшылық етіп, Алтай, Емел аралығы арқылы Көктал өзеніне өтеді. Үшінші қолмен Сыбан Рабданның немересі Әмірсана Нұра өзені бойында соғыс салады. Төртінші оқиға Халдан Сереннің баласы 18 жастағы Серен Доржы басшылық жасап Шелек өзеніне жетеді. Бесінші онмыңдыққа Халдан Сереннің тағы бір баласы Дода Доржы нояң қолбасшы болып, Шу өзеніне беттейді. Жетінші қолды Сыбан Рабданның өзі бастап Іле өзеніне қарай өтеді. Барлық қолды бақылау, жетекшілік жасау Сыбан Рабданның інісі Шоны Дабаға тапсырылады. Сөйтіп, жойқын соғыс басталады.

Осыншама әскер, қыстағы ауыр жұт, елдің ішкі берекесіздігі қосылып, қазақтардың бей-берекет, ес-ақылынан айырылып босуына мәжбүр етеді. Қазақтар жан-жақтан көмек сұрайды. Түрікпеннен көмек сұрауы көне жырда былай айтылады

Ей, Келімбет!
Келіп тұрмын елім деп.
Алаштан туған туыс ең,
Қалмаққа кеттік телімдеп.
Қырылған ел, аққан қан,
Ойламандар тегін деп.
Соғысамыз қайтадан,
Дем алған соң ер түлеп.
Халық қалды жасқанып,
Жау қалмақты қуамыз,
Кең өткелден ат салып.
Батырлар кетті ізімен,

Бөлек-бөлек жүзімен.
Айырып малын алмақ боп,
Әкеткен ұлы-қызымен.
Жеті өзеннен тосамыз,
Аттаныңдар тезінен.
Келіп тұрмыз хабарға,
Батырлар айтқан сөзімен,
Қалмақтың беріп сазайын,
Кең өткелден ат салса,
Жермен жексен қылмай ма,
Алы Алаш аттанса!

Бірақ ешкім көмек бермей, қазақтар өз күшімен ұрыс салады. Соғыс ұзаққа созылып қырғын үдей түседі. Қазақтардың үштен екідейі қырылады. Осы тұста бірлік өте қажет еді. Батырлар қол жиып бас біріктіре бастайды. Жан-жақтағы күшті топтастыру үшін Ерасыл батыр (Қаракерей Қабанбай) бас батыр болып тағайындалады.

Батырлар келіп жатыр дамыл алмай,
Деген соң қол жинады ер Қабанбай.
Жапырып жау қалмақты қуамыз деп,
Келіпті қосынымен ер Бөгенбай.
Үзенгілес серіктері бірге жүрген
Қас батыр Әлтекеден ер Жидебай.
Сөз ұстар ақылшысы би Қазыбек,
Үйсіннен іздеп кепті Райымбек.
Бар екен ақ шабдар ат жетегінде,
Арнаған Орта жүздің көсеміне.
Жорыққа ер Жидекем мінеді деп,
Айтылған Абылайдың сәлемімен.

Жидекеннің ақ шабдар атты күтіп, баптап, баққан орыны туралы марқұм Турағұл Жұмабайұлы ағамыз айтқан еді. Бұл жер Шет және Ақтоғай аудандарының аумағындағы Кеншоқы мен Балықтыбұлақтың арасында, жолдың оң капталындағы бір шоғыр тал, терек өскен таудың қуысында екен, сілемі көрініп жатыр.

Шыңғысхан кезеңінен бері жеті-он атаға дейін тынымсыз күй кешіп, соғыспен өткен ел тағдыры туралы аңыз-әнгімелер, жырлар көп. Жүзден аса батырлар жырындағы айтылғандардан қазақтардың биік рухы, ерлік-елдік бейнесі айқын көрінеді. «Ер Қабанбай», «Олжабай», «Бөгенбай», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Жидебай батыр», «Шакшақұлы Жәнібек» т.б. жырларда айтылғандар тарихи шындық. Халық ел қорғаған ұланына деген риза сезімін білдіру үшін өз батырының айбынын арттыра баяндайды. Сондай ерекше тұлғаның бірі – Жидебай батыр. Аты аңызға айналып, «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда» деген сөз қалдырған. Бұл сөзді кезінде Г.Н. Потанин ел аузынан жазып алыпты. (Казахский фольклор в собраниях Г. Потанина, алма-Ата, изд. Наука. 1972 г).

Жидебай Қожаназарұлы Арғын тайпасының Қаракесек тармағының Әлтеке руынан шыққан. Туған жылы туралы әртүрлі деректер бар. Шежірешілердің айтуынша алғаш рет Аңырақай ұрысына 1730 қатысқан. Сол кезде он жеті жаста екен. Бұл дерек бойынша 1712-1713 жылдары туған болып шығады. Қалмақтарға күйрете сокқы берген Аңырақай ұрысында батырлығымен көзге түскен Жидебай Абылайханның сенімді серігі, беделді де белді батыры болған. Батыр бабамыз жүз жасаған. Зираты Шет ауданының аумағында. Ол туралы ел аузында «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда» деген нақыл сөз қалып осы күнге

дейін жетуі оның еліне үлкен еңбек сіңірген тұлға болғандығын білдірсе керек.

Бабамыздың алғашқы жорыққа қатысуы туралы «Есенкелді батыр» қиссасында:

Ал енді ер Қабанбай қол жинады,
Халыққа хабар айтып мол жинады.
Алтынбай, ер Еспенбет, Ахтанберді,
Қол бастап, батыр деген атпен келді.
Матайдың бір батыры Шөнкей деген
Жәнібек қалың Керей жақтан келді.
Тағы да қанжығалы ер Бөгенбай,
Білмедім бұлар қайсы жақтан келді? — деп айтылады.

Осы жорықта Жидебай батыр Бөгенбай жасағында болған. Әл-Машани ағамыздың айтуы бойынша Балқаш қаласынан 18 шақырым жерде болған биік Қоңырат тауы бір кезде Жидебайдың Қарауыл шоқысы деп аталған екен. Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың 100 жылдық мерейтойын биыл бүкіл дүние жүзі атап өтуде, яғни ЮНЕСКО шеңберіндегі айтулы мереке. Геомеханика ғылымының негізін салып, оны ғылымның жеке бір саласы етіп шығарған ғұлама ғалыммен пікірлескенде (геомеханика туралы): «Алла білдірді, Жидекеннің аруағы қолдады», деп еді. Дуалы ауыз қаз дауысты Қазыбек:

«Замана өтпес болсайшы-ай,»

Жидекем өлмес болсайшы-ай» деген екен. Төкіш (Төлепберді) Ақышев пен Әл-Машанидың «Қазақстанның тас-қола дәуірі мирастары» атты кітабындағы (Алматы, 1996 ж.) «Алғашқы жер шалған бабалар» деген тақырыбындағы эпиграф: «Атақты жер шолушы Абылайдың Жидебайы» деп

беріліпті. Тағы да осы кітапта: «Қанжығалы Бөгенбай – Жидебай батырмен бірге Абылай тобында болып, Шыңғыстау, Ертіс бойын жоңғарлардан тазартқан батырлар. «Жидебай» – Абай қыстауы – Жидебай батырдың шығыстағы бекінісі болған... «Болатқожа, Ақша – Түйте тұқымдары 1760 жылдары Қазыбек би, Жидебай, Жарылғап батырлар бабалары Қаратау – Сыр бойындағы ежелгі қоныстарын тастап, Орталық Қазақстандағы солтүстік Балқаш өңіріне, қазіргі Ақтоғай, Қарқаралы, Абыралы, Баянауыл жерлеріне қоныстанған» деп жазады аталған ғалымдар.

Ел аузында сақталған сөздің бірінде Жидекене деген құрмет, халықтың әділ бағасы көрінеді: Көп жасаған қария,

Ақылы теңіз-дария.
Көкірегінде көзі бар,
Көпке өнеге сөзі бар.
Сөзі – соқпақ, өзі нар.

Келелі кеңістің бірінде көпшілік Жидекеннен не жаман деп сұрағанда:

Тіл алмайтын бала жаман,
Нақақ жабылған жала жаман.
Жанбай қалған шала жаман,
Көзі бітелген бұлақ жаман,
Сөз кірмейтін құлақ жаман,
Айтқанды ұқпайтын жас жаман,
Бәрінен де, ұран салып шыққанда,
Бірікпейтін бас жаман, - депті.

Сол сияқты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресін-

де: «құдай рахмет қылсын, Жанқұтты Ботантайұғылында, Әлтеке-Сарымда атамның басы, енемнің бірдемесі қалғаны бар ма, Жанқұтты мен Жидебайдың аруағы еркiме қоймай жаздырып отырған» деп жазылған.

Жидекеннің еліне сiңiрген еңбегі ерен, аруақыты тұлғасы биіктей береді. Елі оның есімін құрметтеп, пір тұтып келеді. Ақтоғай ауданындағы бір ауыл (бұрынғы Қоңырат) Жидебай батыр селолық округі деп аталады. Оның солтүстіктегі бекінісі Балқаш қаласының маңындағы Қарауылтөбе, қазіргі Қоңырат кеніші екендігі мәлім. Олай болса Балқаш қаласында көшені біріне Жидебай батырдың есімін беру ізгі іс болар еді. Тіпті, Қоңырат немесе Шығыс Қоңыраттың бірін Жидебай батырдың есімімен атаса артық емес.

*«Мысты өңір»,
24 наурыз, 2006 жыл*

**Аманкелді ТУҒАНБАЕВ —
ҚР халық ағарту ісінің озық қызметкері.**

ҚОЛБАСШЫ

Мәдениетті елдер тауының әрбір тасы, тоғайының әрбір түп ағашы шежірелік сыр шертеді. Алысты айтпағанның өзінде осы топырақта жаратылып, елдің елдігін, халықтың бірлігін сақтауда елеулі үлес қосқан көсем билер мен қол бастаған батырлардың өнегелі өмір жолдары айтылмай та-

рих топырағының астында көміле жаздады. Рес, кейінгі кезде ұлы бабаларымыз Қараменде би мен Жидебай Жарылғап, Ағыбай батырлар мен орақ ауыз, от тілді Шортанбай, Нарманбет, Тәшен сынды сөз дәриларына және үш арысымыздың өмірлік деректеріне назар аудара бастадық. Сөйтсек те деректі дүниелері жиналмай, еленбей келген Жалаңтөс батыр, Сана, Шабанбай билермен қатар Төлеген мырза, Кенішбай ақын, Шалқар, Сабота, Тілеубай сияқты қасиетті бабаларымыз алдындағы ұрпақтық парызымыз ұмытылмаса екен.

Ата-баба тарихы өзінен өзі жасалмайтыны белгілі. Оны сол елдің ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен жалғасқан көшкеруені жасайды. Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама заманында келіп қоныс тепкен ата баба мен бүгінгі өсіп өнген мекендеген жері, алтын бесігі көкше теңізден басталып, теріскейге ұласқан Сарыарқа өңірі екен. Қызыларай-Бұғылы, Балқаш маңын қамтитын үш тағандық осы бір құт мекенге дейін қарап, зерттей білген адамға шежірелік сыр шертер еді. Бұл жердің тауы мен төбесі, өзені мен өзегі бүгінгі ұрпақ үшін аттың жалы, түйенің қомында жаугершілік күн өткерген ата-бабаларымыздың алтын көмбесі.

Осы аяулы ортада ұрпақтары қалған, халық үшін қатерге басын байлап қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде ерлік пен қаһармандық көрсетіп, қол бастаған Абылай батырларының бірі – Жидебай бабамыздың орны ерекше.

Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында ақан серіге танылған лақапты ақтай отырып

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,

Ел тегі алсын қайдан көменгерді? — деп айтқандай, өз топырағымызда туып, саналы ғұмыр кешкен аяулы аталарымыздың рухын кастерлеп, ерлікке, елдікке толы өсиеттері мен өмір жолдары жайлы деректерді тасқа бастырып, аймағымыздың оқырмандарына жеткізу парызын көп болып көтерсек.

Рас, Жидебай батырдың ерлігі жерлесіміз Софы Сматаевтың «Елім-ай» романында жақсы баяндалады. Осы тундыны аға буын өкілдері тұшына оқып, батыр бабамыздың шежірелі ерлігіне кейінгі буын жастарды қанықтыра түссе екен деген тілек айтқым келеді. Сол тілекпен аймағымыздың, қала берді республика тарихының алтын беттерінен көрініс табатын Жидебай батырдың тарихи орнын аз да болса толықтыру мақсатында ел аузында Мәшһүр Жүсіптің сөзі делініп жүрген шағын деректі журнал арқылы оқырмандарға сол қалпында ұсынуды жөн көрдім.

*** **

Орта жүз Арғыннан тарайтын Қаракесектің Түйте атты баласынан туатын Майкының немересі Дос батыр Әлтеке ұлы 78 жасында жалғыз ұлы Қожаназармен бірге бір жолғы шапқыншылықта қару көрсете алмай, қалмақтардың қолына тұтқынға түсіп, мал жайымен қоса айдалып кете барады.

Біраз күннен кейін өз еліне жеткен қалмақтар әкелі балалы қос тұтқынның көзін жоймақшы болып, сыбырласа отырып кенес құрды. Сонда қалмақ батырының бірі тұрып қазақ-қалмақ ертеден атысып-шабысып келе жатқан көрші ел. Майдан даласындағы соғыста бірін бірі аямағаны болмаса, қолға түскен дәрменсіз тұтқынды өлтыру әдетте жок кой — дейді.

Қалмақтардың сыбырласқан сөздерінен сескеніп, жаны шошыған Дос батыр:

Сыбыр-сыбыр етеді,
Сыбыры құлақтан өтеді.
Сыбырласпаған, жан шіркін,
Әлде несі кетеді.
Өзім білем бұғым-ай,
Әлде бізді не етеді?

Қожаназар құлыным-ай! – деп күңірене қамығып, уайымнан зар төгеді. Дос батырдың күйіне айтқан сөздерін естіген қалмақтардың басшысы әкелі балалы қос тұтқынды алдына келтіріп Әкелі балалы екеуін өзара келісіп бірін бізге басы бүтін олжаға қалыңдар. Біреуіннің басына бос-тандық береміз, - депті. Сонда Қожаназар ұшып тұрып Әкелі, құдай айтқан көк лағың болайын, құрбандыққа мені шал, қалайын. өзін аман-есен елге жететін бол – деп жылап қоя береді.

Дос батыр Қалмаққа шал зәру емес, жасұлан зәру. Жас жігітті өлтірмейді, біздің елдегі сияқты қолға түскен тұтқынды малшы-құсшы есебінде ұстайды ғой. Сен мұнда қалма елге бар. Мен елге тірі барғанда не бітіремін. Қаздың етін асадым, 78 жасадым. Сені мұнда қалдырып елге барсам, екінші бірі, егіздің сынары алысым былай тұрсын досым мына шал талайдың басын мұжыған жалмауыз емес пе, жалғыз баласы Қожаназарды жалмап қойып, ұялмай аман-сау келуін қарашы, - деп табалар. Сен босанып, аман сау ел қарасына іліксен Дос батыр өлген жоқ, міне көзі келді деп халқым қуанар. Жас өсіп жарлы байымай ма, ел қатарлы қатын алып, бала сүйерсің. Сенен туған ұл қалмақтардан

менің кегімді алады,- деп батасын беріп қоштасып Қожаназарды босаттырады да өзі қалмақ елінде тұтқында қала береді.

Әкесі берген бата қабыл болып, Қожаназар елге есен сау жетіп үйленеді. Әйелі мезгілді уақытта бір ұл табады. Балаға Жидебай деп ат қояды. Жидебайдың бір екі жас шамасында шешесі өліп, әкесі қарға бойлы аласа Апар деген қызды тоқалдыққа алады. Апар үйелмелі-сүйелмелі алты құрсақ көтеріп, от жағу, су әкеліп ас әзірлеу міндетін Жидебай атқарады екен. Көші-қон кезінде бес қанат үйдің уығын байлап шешуге Апардың бойы жетпейді екен. Сондықтан киіз үйдің сыртқы іргесіне Жидебайды төрт тағандап тізерлетіп қойып өзі, оның үстіне шығып уықты байлап шешетін болады. Жаугершілік заманда көші-қон аяқ астынан өзгеретін, жау әне келіп қалды, міне, келіп қалды кез болғандықтан біреуге біреудің қарайлауына көмек жасап, селбесе беруіне мүмкіндік келе бермейді. Жидебай үй шаруашылығының ауыртпалығына төзіп, шешесінің аяқ асты бой өсірер тағаны болғанына реніш жасамайды. Өгей шеше өзінен туған алты ұлдың қолына алты қасық, алты тостаған беріп, құрт қайнатып, ірімшік пісіргенде сүт пен құрттың көбігін қалқып беріп, Жидебайдың алдына шанаш қантты итеріп, тезекті қарай отыр — деп нұқып қояды екен. Балаға жасалған қағажу-қакпайды көріп жүрген ауыл әйелдерінен қарағым-ау көзің ашылмады-ау, өз шешен тірі болса, үйі құрғыр тігілмей қалса да бүйтіп қор болмас едің-ау деген мүсіркеу сөздеріне Жидебай бұл кісі де анам ғой, бауырларым жас, үлкені мен болған соң жастай пісіп-қатсын, ширасын дегені ғой. Бұнысы достық емес пе дейді.

Жидебай жеті-сегізге келгенде Дос батырдың інісі Алмұрат байдың ауылына күн байлана Қаракерей Қабанбай ба-

тыр келіп қоныпты. Бұл батырдың жорыққа аттанып бара жатқан көп сапарларының бірі болса керек. Дәл сол күні Жидебай таң алдында түс көреді. Түсінде атасы Дос батыр аян береді. Балам түрегел, Алмұраттын ауылында Қаракерей Қабанбай қонып жатыр, бар да батасын алып кел дейді. Үстінде етек жені алба-жұлба боз көйлек-дамбалды, жалаң аяқ, жалаң бас Жидебай Алмұрат ауылына қарай тұра жүгіреді.

Бұл кезде Қабанбай батыр бай ауылынан аттанып бара жатса керек. Нөкерлі топтың алдында еліктей зымырап қарсы келе жатқан адамды алғашқыда ешкім айыра алмайды. Такай келе бала екенін аңдап тоқтап кідіреді. Бала анадайдан

- Ассалаумағалейкум, - деп сәлем береді.

- Қабанбай Уағалаейкумассалам, жолың болсын, сәлемші балам, қайда бара жатырсың депті.

- Жидебай – Атыңыз Алты Алашқа танылған батыр адамсыз ғой, сізден бата алғалы келдім. Дос батырдың немересі Жидебай боламын – дейді.

Қабанбай балаға батасын берген соң төрт алма жайым бар еді, соның біреуін бердім. Ал балам, депті де жүріп кетеді. Батырдың беріп кеткен алма жайының бірі киелі қызыл түлкі деген аңыз бар.

Жидебай ат жалын тартып мінген соң сол кездегі өзі шамалас ел жігіттері сияқты ерлікті, елдікті мұрат тұтады. Жаксы ат мініп, қару-жарак асынады. Ел қорғау ісіне араласады. Өзі теңдес жігіттерден ақылы да айласы да табанды батырлығы да асып, Абылай ханның көзіне түседі. Келекеле ханның атақты батырларының біріне айналып қол бастайды.

Абылай жорық үстінде Үйсіннен алған ақшабдар атты

мінгізіп, Жидебайды барлау-шолуға жиі аттандырады екен. Өйткені, айсыз қараңғы түнде ештеңені болжап-бағдарлай алмайтын боранды-шашынды күндердің өзінде Жидебай жаудың жатқан жерін дәл тауып, нақты деректер әкеледі екен. Жидебайдың тапқырлығы туралы мынадай аңыз бар. Ол жорық жолында келе жатып түнілікте түсіп қалған шақшасы кездігін, шақпақ тас сияқты ұсақ заттарын қайтар жолда айсыз қараңғы түнде тұра қалып, найзаның ұшымен түртіп жанындағы серіктеріне осы жерден ала қой — дейді екен.

- Сен осыларды қалай табасың? - деп таңданған хан мен қарулас серіктеріне сырын ашпапты. Бірде Абылай сезіктеніп Осы Жидебайдың қойнында киелі қызыл түлкі бар деген рас болар, ұйықтап жатқанда өзіне сездірмей байқандар деп нөкерлерінің біріне тапсырады. Сол нөкер Жидебайдың көзі ілінер шағын аңдып жүріп, ұйықтаған мезетте шапанының өңірін ашып байқайды. Батырдың төсінде жатқан қызыл түлкіні көреді. Түлкі жалт қарағанда өзі шошып тұра қашады. Көргенін ханға жеткізеді. Көргені бар болсын іле-шала көзінен айырылыпты дейді.

Шапқыншылық жылдары Алатау өңіріндегі бір ауылдың жорыққа бара жатқан қазақ жауынгерлеріне азық-түлік беруден бас тартып, жалпақ елден бөлініп биік шатқалға қаша көшеді. Оларды тезге салуға уақыт тар, Жидебай бастаған қол жауды түре қуып кете барады. Жаудың бетін қайтырып келген соң, Жидебай шатқалға тығылған ауылды іздеп табады. Есіл бұзылып, Ертіс еріксіз ағып жатқанда бок дүние үшін жан сауғалап қаштындар. Онымен қоймай өз туыстарына азық қамдап беруге кісіліктерің жетпеді, - деп ауылды шабады. Сол елге басшылық жасап жүрген Қаракожа деген адам бұл күні ауылда болмаса керек. Кейін ол

бұл жерді ешкім таба алмайтын, жан баспас қуыс еді. Дәу де болса көзі ағарғыр Жидебай шапқан екен ғой – деп қарғапты. Қарақожаның аузынан шыққан лепесі қабыл болып, батыр көзден ерте айырылады. Зағип болған ол Қарақожаның алдына барып назанды қайтып ал, - деп кешірім өтінеді. Қарақожа.

- Ауыздан шыққан түкірік, қайта жұтсаң мәкүрік, - деп райынан қайтпайды. Оны батырдың өзі екі көзімнің соқыр болғаны – Қарақожаның қарғысы, көп жасағаным – мұсылманның алғысы – депті дейді.

Жидекен жеті қатын алып өніп-өсіп 105-ке келген шағында дүние салды делінеді. Жидекеннің мазары Шет ауданының Нұра өзенінің бойындағы Мәшүріп басы деген жерге қойылады.

Батыр қайтыс болар шағында елдің игі жақсылары жинала барып, көңілін сұрайды. Сөз арасында олай-бұлай болып кетсеңіз мәңгілік мекеніңіздің қай жер болғаны дұрыс деген сұрақ туындайды. Сонда батыр Мені Мәшүріп мазарының жанына жерлендер – деп өсиет қылады. Жиналғандар Жер табылмағандай Мәшүріп басын айтқаныңыз не, кейінгі ұрпақтарыңыздың бетіне шіркеу болма маа? – деп жақтырмаған сыңай танытқандарға Жидекен сабырлы үнмен мен барған соң Мәшүріп, Мағұрып артын қысар, ол жер Жидебай басы делінер – депті. Бабамыздың осы дуалы сөзі шындыққа айналып, кейінгі ұрпақ Мәшүріп басын Жидекен басы деп кеткен.

*«Арка» журналы. №3,
қыркүйек, 1993 жыл*

ЖИДЕБАЙ БАТЫРДЫҢ СӘЛЕМ САУАЛЫНА ҚАРАКЕҢНІҢ ЖАУАБЫ

Қараменде би мен Әлтеке Жидебай батыр желідегі құлындай қатар өсіпті. Жидебай көп жасаған, көпті көрген, кейіннен көзден айырылып, зағип болып қалыпты. Оны өзі екі көзімнің соқыр болғаны Қарақожаның қарғысы, көп жасағаным мұсылманның алғысы – депті. Жидекең қартайған шағында ауылындағы сөз білетін жігітке жылқыдан бір ақ сұр деген айғырды жылқышыларға ұстатып мін, белінді буып, жеңінді сұғып жеті ауыз сөзді бір айтам, бес ауыз сөзді бір айтам. Бір айтқанда ұқтағы Қарамендеге жеткіз. Шешуін берер депті. Сәлемі мынандай екен

1. Мұсылман жаудың қолында қалдым.
2. Бес атаның малын қараймын деп әуре болдым.
3. Алпыс бір ат айғырын мініп кетсе үйірін бермейді.
4. Жетпіс торғай шырылдайды, ешнәрсеге әлі келмейді.
5. Сексен балапан ұя басып жатқанын жақсы көреді.
6. Токсан жұмыртқа қай күні жарылады белгісіз.
7. Бес мұқтаж бар. Төртеуінде үміт бар, біреуінде үміт

жок.

Жігіт Қараменде бидің ауылына келіп, Жидебайдың осы сәлемін жеткізеді. Қаракең оны былай шешіпті.

1. Мұсылман жаудың қолында қалдым дегені - бәйбішесі өліп, бала мен келіннің қолына қарап қалған екен ғой.

2. Бес атаның малын қараймын деп, әуре болдым дегені – бес саусағымен қойғанын таба алмайтын екі

көзінен айырылып, зағип болып қалған екен ғой.

3. Алпыс бір ат айғырын мініп кетсе үйірін бермейді дегені – 60 ердің дұрыс жасы екен ғой. Туғанға, туысканға, қатын-балаға қадірі бар кезі екен ғой.

4. Жетпіс торғай шырылдайды, ешнәрсеге әлі келмейді дегені – 70-тегі шалдың шырылдаған торғайдың дауысындай халқына маңызы болмайды екен.

5. Сексен балапан ұя басып жатқанын жақсы көреді дегені – 80-гі шал мал-жанынан, ораза-намаздан төсекті артық көреді дегені ғой.

6. Токсан жұмыртқа қай күні жарылады белгісіз дегені – токсандағы шалдың қай күні өлері мағлұмсыз, токсан жұмыртқа шайқап жатқан құстың жұмыртқасы сияқты қай күні жарылары белгісіз екен ғой.

7. Бес мұқтаж бар. Төртеуінде үміт бар, біреуінде үміт жоқ. дегені – мыналар екен ғой. Бірінші - жас өсемін деп үміткер, екінші - жарлы байымын деп үміткер, үшінші – ауру жаннан үміткер, төртінші – жалғыз көп боламын деп үміткер. Біреуінде үміт жоқ дегені кәрілік қой, онда ешбір үміт жоқ. Бақ келмейді, бас бітпейді. Ақырет сапары деген сапар, үмітсіз осы ғой. Жидебайға сәлем де. Мұсылман жaudың қолында қалса, бір елі аузында төрт елі қақпақ қойсын. Бес атаның малын қараймын деп әуре болса жанына жанқалта, төсіне төс қалта тіктіріп алсын. Шақшасы мен шақпағын содан табар. 60 - ердің жасы, оны тәңірім батырдың ақ жолына нәсіп етпепті. Қатары кетіп жетімдікті көп көрген екен.

Жетпіс, сексен, токсан жас,
Талай ерді тосқан жас.

Қашпасын да саспасын,
Қасқайып көрсін қайран бас, - деп жауап қайтарған екен.

«Арқа» журналы,
№ 3 қыркүйек, 1993 жыл

Ақылбек ШАЙХЫ - журналист

ЖАЛАҢТӨСТІҢ билігімен «ЖИДЕБАЙ ҚОРЫҒЫ» аталған

Тегеуірінді би Кеңгірбайдың бетіне тіке келер Тобықты жок. Ойы жұмбақ, сөзі қысқа. Әмір қыл да бағындыр – оның санасына кірген бұлжымас заңы. Барлық туыстары Жетімомыннан бөлініп шығысқа көшкенде оның шешіміне қарсы келген адам болмады. Кейде араз, кейде бітімге келіп, Матай елінің жеріне – Шидің бойына баса көктеп қонғанда да бимен дауласқан жан жок. Қырлағы Орда, Көкен, Доғалаңға қоныстанған Тобықты оны місе тұтпады. Шыңғыстың бөктеріндегі матай жерін тартып алуға Кеңгірбай даярланып, батырлары көп Жуантаяққа соғысқа камдан дейді.

Ырғыз бен Торғайдан Тобықтыны бастап бірге көшіп келген Қараменде би Қабекеннің қабан сықылды бұрылмайтын мықты деген сөзден шыққан бұл қылығын құптамады. Қалмақты шабысуға жан салған матайдың түпкі арманы Шыңғысты иемдену болатын. Хан Шыңғыс босағанын хабарлап, Тобықтыға көшіп келіндер деген де Матайлар. Қырдан қалаған қонысты берген де солар. Орныққан жерінен ағайынды бостыру – қиянат.

Есіл-дерті Шыңғысты алуға ауған Қабекен Қараменденің сөзіне құлақ аспай, онымен қырғиқабақ болды. Дадан Тобықтының биі Қараменде орналасқан қоныстарға көз алартып, туыстарын жерден ығыстыруды көздеді. Ағайынның арасына алалық кіріп, жақын туыстар ашы болатын. Бір ата бір рудың балалары жер үшін түс шайысып, араздық күшейіп кететін түрі бар. Жақын туыс бірліктен кеткен соң, келер ұрпақ жауығып өседі. Қабекеннің қатты, мойыны бұрылмайтынын ертеден білетін Қараменде істі насырға шаптырмай, өзі басқарып отырған дадан Тобықтыны бастап Сарыарқаның жоңына батысқа қарай көшіп кетті.

Қараменде бастаған Тобықтының келген жері Әлтеке, Сарым елдері мекендейтін Тоқырауын, Жамшы өзендерінің төңірегі – Сарыарқаның жоңы. Бұл елдердің басты адамдары би, батырлары Жидебай, Жалаңтөс, Шабанбайлар ағайынға құшағын айқара ашты. Балқаштың терістік жағалауын, Тоқырауынның төменгі сағасын түгелдей босатып берді. Ен жер, жайлы қонысқа орналасқан Тобықты елінің басы мен малы қаулап өсті. Әділ де, қайырымды Қараменде Әлтеке-Сарымның құрметіне бөленді. Оның атын тік атамай Жидебай батыр Қара-пірім деп пір тұтатын. Ұрпақтары қастерлеп баран ата дейтін.

Қалың Арғыннан бөлініп Шыңғысқа келген Тобықтының жартысы көшіп кетті. Көрші отырған ағайын Матай мен Қабекен бірде тату, бірде қату. Жастар өкпелеп кеткен туыстарын сағынады. қарттар тұрғыластарын аңсайды. Жуантаяқтың басты батыры Токтамыс Қанжығалыға туыстарына жолаушылап кеткеніне алты айдың жүзі болды. Қайтып оралмай жатыр. Елінің, ауылдастарының қабағын әрқашан сергек, танығыш көзбен болжай қарайтын Кеңгірбай-

дың әдеті еді. Ойға түсті, толғанды. Қараменденің, кеткен елдің бауыры суып, жат болып кетеді-ау деген тұжырымы бидің ойынан шықпай қойды. Қабекен шынында Қарамендені айрықша бағалайтын. Жалпыға бірдей, адал, қамқор аға деп білетін. Аға-іні болып жүріп, оны қатты өкпелетіп алғанына қиналған би өкініп еді.

Кенгірбайдың тығыз бұйрығымен 15 адам Қарамендеге баруға әзірленді. Бұларды бастап баратын бидің сенімді серіктерінің бірі Көбей. Айтқан сәлемі:

- Ашу ағадан, айып ініден. Тіріге тірінің ісі түсер күндер болар еліңе, жеріңе, туыстарына келіп қайтыңыз, жақсы аға!

Көбейлерді дағандықтар қуанышпен қарсы алады. Туыстарға баруға Қараменде жедел қамданады. Сарыарқа жонының басты адамдарға Жидебай, Жалаңтөс, Керней атаның батыры Жарылғаптар бастаған жиыны сексен адаммен Шыңғысқа келді.

Кенгірбайдың өзі отырған үйге кірген қонақтардың алдыңғы легіндегі Жидебай батыр Ассалаумағалейкум деген кезде, қойнынан қызыл түлкі сылаң беріп шыға келеді. (Аңызда Жидебайдың алдында түлкі жортып отырады дейді). Түлкіге жалт қараған Кенгірбай:

- Өмірімде мойным бұрылып көрмеген еді. Түлкіге қалай қалай бұрылғанымды аңғармай қалдым ғой. Мына сесті батырын кім, Қараменде? – деді.

- Келгендердің бәрі де туысың, Сарыарқа жолындағы елдің ары мен намысын жоғары ұстап жүргендер. Дадан Тобықтыға қоныс берген, бәрімізбен бауырласып кеткен Жидебай, Жалаңтөс, Жарылап батырлар.

Ежелгі мекен – Шыңғыстау.. мал өсірген қазақтар үшін отты, өрісті жылы ықтасыны көп жер. Сәуірде бауырда

отырған Кенгірбай ауылының төрт түлік малының төлі аяқтанып, ақ молыққан шақ. Келген қонақтарды алаңсыз күтуге кіріскен Кенгірбай ауылына Зайсан, Тарбағатай, Алтай сілеміндегі көшпелі жонғар басқыншылары бас құрасып, Шыңғыс еліне жорыққа әзірленуде, - деген тосын хабар жетті.

Бейбіт күндердегі ел мен елдің ет пен тері арасындағы өкпе-назы жайына қалды. Атамекенді қорғау, елді жетім етпеу – ортақ міндет. Қазақтың ата қонысы бұл өңірден жонғарларды құрту – дүйім елдің борышы, халықтық іс. Тобықты мен Матайдың батырлары басқаратын топтар жасакталды. Ертістің оң жағасын мекендейтін қалың Найманнан көп сан әскер құрылды. Жидебай мен Жалантөс бастаған мың сан қол Ертістен өтіп, Алтай тауларына тартты. Жасакталған жонғарлардан қиыр шығыстағы ел жұртымен (тылымен) байланысын кесіп тастауды көздеді.

Қарақұрым боп қаптаған жонғар әскері Ертістің оң жағасындағы Алтай тауының салбырауынындағы қалың қарағай ішіне бекінген екен. Жау әскерін шығысы мен батысынан қоршаған қазақ сарбаздары олардың сыртпен байланысын үзді. Бірнеше күн қоршауда болған жонғарлардың азық-түлігі азайды. Ашыққан жау әскерінің біразы басшысына бағынбай қашуға айналды.

Дәл осы кезде мың сан әскердің алдына шыққан Жидебай:

- Тез бекініске енуіміз керек. Жүз адам сонымнан ер! – деп ұран тастады. Атын ойнатып, жай түсіргіш жүз жігітпен Жалантөс шыға келеді. Ержүрек батырлар қаптаған қалың жауға лап қойды. Айкай-шу, ұраннан жер дірілдейді.

Бірнеше күн нәр татпай күн ұзақ қайсарлықпен соғысқан жонғар әскерлері ұлы бесінде бетпе-бет айқасқа шыда-

май шегіне бастады. Жидебай қолының сатырлаған сойылы мен сыңсыған найзасы жауды шыдатпады. Қараңғы түсе жау әскері жеңіліп бекіністі тастай қашты.

Осы жолы жаудың бетін қайырып, шебін бұзып қана қою түбегейлі жеңіс болмайтынын ерте болжаған Жидебай жиналған әскерді таратқан жоқ. Қасына ерген Жалантөс, Тоқтамыс, Жарылғап батырлардың әрқайсына жүздеген сарбаздарды бөліп берді. Алтайдың батыс сілемінде отырған жоңғарларды түгелімен көшіріп, атамекенді азат ету керектігін айтты. Шебін жазбай, тізе қоса отырып, соғысқан қазақ батырлары Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарын босатты. Жидебай бастаған қол жерлерін жоңғарлардан түгелдей Үркітке дейін үркіте қуып, қайыра бас көтерместей етіп жаныштады.

Кенгірбай ауылына жеңіс тойына жиналғандар есепсіз мол еді. Қуанышта шек жоқ. Атамекен азат етілді, өріс, қоныс кеніді. Ағайындардың ауызбірлігі жарасып, татуласты. Қалың жиынның алдында Жидебай тойға береке тіледі.

- Осында отырған ел ағалары жақсы біледі. Жүз жылға созылған қазақ-қалмақтың қырғын соғысына Шыңғыс тауы тірі куә тәрізді. Бабалар осы жер үшін жанын пида етті. Менің бабам Дос батыр жау қолында тұтқында қалғанда «Қазақтар аман болса жаным садаға, менің кегімді келер нәсіл – немерелерім қайтаратынына сенемін!» деген екен. Әл-шамам келгенше елімді, жерімді жаудан қорғап келемін. Біз Батыс пен Шығыстағы озық елдер сияқты ұлы күмбездер мен шаһарлар салған жоқпыз. Ұрпаққа қалдырар мұрамыз ұлан-ғайыр жеріміз мақтаншымыз да байлығымыз да – қазақ жері. Ел мен жердің тұтастығы мәңгі болсын!

Ата қоныс, жерұйық мекенімізді жоңғарлардан азат

етуге атсалысқан. Сарыарқаның аруақты батырлары өркендерің өссін, көп жасандар! — деп Бөжей батасын берді.

- Шидің бойын Қабекен иемденіп алды. Осының бітімін айт, ара ағайын! — деген Матайларға «билікті Жалантөс би айтсын!» — дейді Жидебай.

- Айтсын! Айтсын!

Жалантөс жауға шапқанда бетінде ерекше айбар пайда болатын. Осындай шақта оған ешкім тіке қарай алмайды екен. Ал жайшылықта ақжарқын, бауырмал. Небір қиын істерге төрелік айтқанда «әділет — адастармас темірқазығым» дейтін.

- Тобықты аға болғанда Матай інісі. Бір анадан туған төл, бір желідегі құлындай тату елсіндер. Тобықтыны ата-мекенге кел деп шақырған да өзіңсің. Айтарым — татулық бар жерде тауқымет жоқ. Ағана тиген бір қонысты сұрау жол емес. Жиналған жұрт орындарынан:

- Жалантөс дұрыс айтады, - деп айғай салды.

- Қорық Қабекендікі ! Елге керегі — татулық. Жалантөстің билігін жиналған билер бірауыздан бекітті. Қараменденің ақылымен Бөжей мен Кенгірбай құда болады. Қабекеннің Ералы деген баласына Бөжейдің қызын айттырады. Одан туған немересінің атын нағашысының құрметіне Бөжей қойған екен.

Халықтың алдына шыққан Кенгірбай бір ғана байлауын білдірді.

- Шешімдерің құлдық ағайын! Қараменде бастап келген қонақтар ақжолтай болды. Арқа жонының батырлары жауды женуге күш салды, жауға тегеуірінді соққы берді. Әруақты батыр Жидебай ел мен жер туралы жеткізе айтты ғой. Қара қылды қақ жарған билік — Жалантөс кесімі. Қорық дуалы ауыз, тура би Жалантөстің атымен аталсын!

Отырған жұрттың бәрі қатарынан үн қосып, ризалық білдірді:

- Бәрежелді! Дұрыс шешім!

Жалаңтөс осы сәтте көрсетілген құрметке сәл қысылып камшысын алдына тастады да, сөзін жалғастырады. Үні зор, сөзі қысқа, батыл екен.

- Халайық, маған берілген үлкен сый осында отырған барлық батырларға көрсетілген құрмет қой. Билігімді құп алғандарына рахмет! Қазақтың әйгілі батыры, жасы үлкен ағамыздың құрметіне қорықтың аты Жидебай болсын! Отырғандар бір ауыздан дауыстап:

- Аға сыйлағанның - абыройы үстем.

- Өркенің өссін, үбірлі-шүбірлі бол, Жалаңтөс!

- Құп айттың, сөз сол-ақ. Жидебай қорығы деп аталсын!

Жидебай қорығында ұлы Абай дүние есігін ашып, алғаш кіндік қаны тамды. Осы мекенде ұлы акын жер-ананың құшағына енді. Жидебайда туып, бүкіл әлемге мәшһүр болған Абайдың музей үйі де осы жерде.

Сарыарқаны жаудан қорғауда берік қалқан болған Жидебай батырдың атында жалғыз Абай қыстауы ғана. Батырдың зираты тұрған Ақсу-Аюлыдан 7 шақырым жерді де Жидебай демей қайрақтылықтар Машуран су қоймасы атандырды. Жалаңтөстің туған жері, мекені Қызылтаста да оған арналған белгі жоқ. Осыдан үш ғасырдай бұрын өмір сүріп, келер нәсілдің камын жеген бабалардың атын мәңгі есте қалдыру – бүгінгі ұрпақтың парызы емес пе?!

*«Арқа» журналы. 1993 жыл, қыркүйек
Жезқазған қаласы.*

КӨЛДЕГІ ЖАЛЫН

Күз. Ел жайлаудан қайтып, күзекке қонған. Жалаңтөс ауылына Жидебай жіберген шапқыншы суыт келіп, батырға жедел хабар жеткізді. Қалмақтар Балқаштың теріскейіндегі Бертіс бұғазына шоғырланып, Қоңырат тауындағы бұлаққа бекініп, жазық жазираның төрінде тұрған Әулиеге қалын әскер әкеліпті. Одан кең жайлау Сарыарқаға қарай жылжыды. Жайлы қоныс Имек пен Қарабұлақты, Женет тауының төңірегіне иелік етуді көксейді. Осы ұлан ғайыр жерді мекендейтін әлтеке, сарым, керней елін қыстауларына келтірмей, ауылдарын шауып, малын тиіп алып, босқынға айналдырмақ. Ел мен жерді қорғауға, жорыққа әзірленеміз, батыр аға деген екен. Осындай хабар Жарылғап батырға да жетті.

Қалмақ қолында тұрған Бертіс көлдің жағасындағы мал қыстайтын жайлы қоныс, Абайдың анасы Ұлжанның төртінші атасы Бертіс бидің қалын жылқысы мен бірнеше қотан қойы бұғаздағы ну қамысқа қыстайтын. Қысы жұмсақ, шөбі мол бұғаз бертіс атаның құт-берекесі.

Балқаштың теріскейіндегі 12 шақырым жердегі жалғыз тау Қоңырат айналасы кең жазық болғандықтан одағайлап алыстан көрінеді. Таудың балағынан ұшар басына дейін жусан, баялыш, тобылғы, қараған бітік өседі. Жерден сүйір болып көтерілген біртұтас тау ұшар басына барғанда екі айырылып, қыр арқасында ертоқым ерттелгендей, теріскейіне қараған жағы жалы төгілген аттын басын бейнелейді, түстігінен байқағанда сәйгүліктің сауыры көз алдына келеді. Үстін бұйра өсімдік басқан жалғыз тау мол даланың мұнары ішінде ерттеулі қоңыр аттай болып көрінеді.

Қоңырат аталуы да сондықтан. Таудың теріскейінде мөлдір бұлақ ағады.

Әулие Балқаштың теріскейінде 60 шақырым қашықтықта тұрған биік таулардың бірі. Қып-қызыл жақпар тастардан табиғаттың өзі мүсіндеген тау. Құз-қиялары, сүйір шындары көп. Қасында жарыса біткен Қоңырқұлжаның биік жартастары көп, ерекше сұлу, бірақ асу бермейтін қиын тау. Екі таудың арасында теріскейге созылған орманның бойымен өтетін жалғыз кезең бар. Айналасы жасыл орманмен көмкерілген бұрқыраған бұлақтар, шөл даланы шүлен етіп тұрған жазира. Көктемде таулардан тасқындап ағатын қар суы алапқа кең жайылып, екі Сарыөзекті қалың нуға бөлейді.

Бұл жерді мекен еткен әлтекенің Мырзағұл, Апар, Байғара рулары мыңғырған мал өсіріп, табиғаттың игілігіне кенеліп жатқаны. Жидебай батыр осы жерге ұрпақтарын орналастырғанда «Ойы балық, қыры киік, екі Сарыөзек атарқаны бар екен. Теріскейінде Малдыбай, түстігінде Бөрлі сияқты қарауыл төбелері бар. Ырыс-береке болар», - депті.

Алыстан ат шаптырым жерден тұтасып, қыр арқасымен созыла керілетін жалғыз тау Женет. Айналасы көз ұшында шырқап кетіп жатқан мол сулы, қалың бетегелі кең жазық. Таудың теріскей ылдиында кең шалғынды, жылап аққан мол сулы, мөлдір бұлақты және өзен табаны қалың тал, жасыл әсем жас тоғай – қарабұлақ дейтін жер осы. Бұл Керней Жарылғап батырдың ата мекені.

Осындай жайлы мекен, самал тау, жасыл орман, кең жазираға қалмақтар қауіп төндірді. Ел мен жерді қорғауға, ата жаумен айқасуға батырлар бел буды. Жедел камданған Жалантөс жасағы Әулиенің теріскейіндегі қарауылтөбе

малдыбайға жетті. Аталмыш күнге Жарылғап батыр мың қаралы сарбаздармен келді. Жидебай батырдың қолы да бес қаруын сайлап, сақадай сай екен. Қолбасылардың қысқа кенесінде Жидебай батыр:

- Жалантөс аға, (Жидебайдан 17 жас үлкен) бірнеше мың қаралы сарбаздар жиналды. Соғыста жалпы басшылықты өз қолыңа ал! — деді. Жарылғап та осы пікірде екен.

- Жау үш жерде шоғырланған ғой. Бұлардың бір-бірімен байланысын болдырмауымыз керек. Жидебай Әулиенің тау-тасы өзіне белгілі. Сарыөзектегі жауды жаныштауды саған міндеттеймін! Жарылғап Қоңыраттағы қалмақ әскерін шашау шығармай талқандауды жоспарла! Бертістегі қалың тобырды үш жағынан қыспаққа алып, көлге қойдай тоғытатын боламыз! — деді Жалантөс нық сеніммен.

Жидебай әскерді бірнеше топқа бөліп, кілең балуан жігіттерді айбалтамен, шокпармен қаруландырды да Сарыөзектен шығысқа өтетін жалғыз кезеңге орналастырды. Кезеңнің шығар аузына найза мен садақ асынған сарбаздарды қойды. Он жауынгерді жүйрік аттарға мінгізді де өзі бір топ сарбазбен кезең аузындағы далада тұрып қалды. Олар Сарыөзекте жатқан қалмақтың қалың қолына көрініс беріп, кезеңге қарай тырағайлап қаша жөнелді. Батыр Қонтайшы әскерін түгелдей аяғынан тұрғызып, қашып бара жатқан он аттының соңына салды. Қашқандар көрініс берген бойда кезеңдегі ну тоғайға сіңіп, көзден ғайып болды. Ашық алаңда жазыла шауып келе жатқан қалмақтар табиғат жасаған тар қылтаға шұбатыла барып енді. Қалмақтың қалың әскері тегіс тар қылтаға еңген кезде Жидебай бастаған әскер ұран салып соғысқа кірісті де, найза мен қылышқа ерік берді. Жаудың алдында таяқ тас-

там жерде тұрған жаяу әскер шұбап келе жатқан қалмақтарға қоян-қолтық кездесті, оларды ат үстінен жұлып алып айбалтамен шауып, шокпармен соққылады. Кезеңнің шығар аузында тұрған Жалантөстің мергендері садақ тартты. Әулие тауға жапсарлас тұрған Қыз Әулие деген жақпар тастың қасындағы шағын алаңда болған кескілескен ұрыста қазақ жауынгерлері үлкен жеңіске жетті. Табиғаттың өзі мүсіндеген құз-кия, жалтыр тастар, ну орман жаудың кашуына мұрша бермеді. Сан жүздеген қалмақ жер құшты, біразы тұтқындалды. Қасиетті қоныс Әулие жау қолынан азат етілді.

Бөрліде отырған шолғыншы Қоңыратта бекінген қалмақтардың келесі күні ертемен Әулие тауға жылжитынын нақты білгенін хабарлады. Жауды тұрған орнында талқандауға байлам жасаған Жарылғап батыр жауынгерінің негізгі тобын Қоңыраттың іргесіндегі Қызылқұдыққа аттандырды. Қалған бөлігін суыт жүріп отырып Қоңыратқа Бертіс жағынан түн ортасында жетуге бұйырды. Бертіс жағынан келген сарбаздар жаудың екі шолғыншы жасағын бірден жайратып, қалмақтарды бейкам етті. Қызылқұдықтағы сарбаздар қалмақ әскерінің аттарын тиіп алды да, жаяу қалдырды. Қоңыраттың басындағы «ертоқымға» шыққан Жарылғаптың атқыштары іргеде ұйысқан қалың тобырға садақтан оқ жаудырды. Көзделіп атылған жебенің біреуі де далаға кеткен жоқ. Жебелердің ысылы, жақын жерден келіп ұрандаған сарбаздар бейкам жатқан жауды үркітіп оятты. Не пәле болғанын біле алмай, апалақтай қарасқан қалмақтар ес жиып үлгермеді. Батыр Қонтайшы «тұтқиылдан қоршап алдыңдар, жекпе-жекке батырларыңды шығар» деп талап қойды.

- Жекпе-жекке мен дайынмын! — деп атын тебініп, ор-

таға шыққан Жарылғапқа:

- Жасаған жар болсын, қолдай гөр, аруак! – деп Жалантөс тілек батасын берді.

Қалмақ батыры да тайсалмай ортаға келді. Өте сұсты, алып денелі екен. Бірден найзамен түйремекке ұмтылған қалмақты Жарылғап көз ілеспес жылдамдықпен қылыштады. Әлсіреген батырдың найзасы ұшып түсті, өзі де аттың сауырынан жер сүзе құлады. Батыры өліп рухы түскен қалмақ әскері ұзақ соғыс сала алмады. Қашып жүріп ұрысқан әскер бытырып, тоз-тоз болды. Құтыла да алмады, тұтқындалды. Қазақ әскері мол олжаға кенелді. Қоңыратта болған шайқастағы Жарылғаптың ерлігін – Сарыарқа жеріндегі ұмытылмас жеңіс деп бағалады Жидебай мен Жалантөс.

Жеңіске токмейілсу Жалантөстің табиғатында жоқ. Қалмақтардың алғашқы күш жинаған орталығы – Бертісті тез босатуға асыққан батыр жүзбасыларға байлауын мәлімдеді. Тектұрмас жағына жөнелткен топты кешкі бесінге дейін жорыққа дайындалуын міндеттеді де, бертістің батысындағы ылдига аттандырған сарбаздарға да арнайы міндеттер жүктеп, кезінде берілетін бұйрыққа дайын болуын ескертті.

Жауынгерлердің алдына батырдың өзі түсіп, кикү сала Бертістегі ордалы жауға лап қойды. Қалмақтардың аттары да шалымды, сарбаздары да ысылған, өліспей берісетін емес, шабуылшыларға қарсы дүрсе қоя берді. Жалантөс алда келе жатқан екеуінің бірінен кейін екіншісін лезде найзамен түйреп түсірді. Жалантөс әскері атбасын іріккенше екі жақ мидай араласып, сарт-сұрт айқаса кетті. Екі жақтан жауынгерлер ат жалын құшып, аттары ойнап шыға бастады.

Ұрыстың тап ортасында найзасын оңды-солды сілтеп, нағыз ерліктің үлгісін көрсетіп жүргенде күншығысқа қарай ойысқан жау шоғырын батырдың көзі шалып қалды. Сақалдай сай тұрған Жидебай бастаған сарбаздар садактан оқ жаудырды. Тектұрмастағы адырлар ішінде үлкен қырғын болды. Қалмақтар амалсыз кейін шегініп, ну камысқа бас сауғалады.

Жалантөс сарбаздарының жауды қыспаққа алып, тықсырып төне түскен шағында қалмақ әскерлерінің батыс жақ қанаты оқыс кейін серпіліп, тырағайлап қаша бастады. Басқа әскерлері де батысқа қарай ойысып, жан сақтаудың амалына көшті. Нақ осы сәтте Жарылғап бастаған қалын әскер қашқан жауды тосып алды. Олардың аруақ шақырған ұрандары да соғыс алаңына естіліп тұрды. Түйдек-түйдегімен айқасқан батырлар жауды әп-сәтте жусатып салды. Бишара болған қалмақтар ат тұяғының астына домалады. Аздаған шашыранды тобы камысқа қашып тығылды.

Халқы үшін жан пида етуге бел буған батырлар үш жерде болған соғыста да тамаша жеңіске жетті. Халқым дегенге құдай пана деген осы. Жеңіс құрметіне ақсарбасын айтып сойған Жалантөс:

- Жидебай, ертеде Айтқанқорықта болған жеңіс тойында «Бұл соңғы жеңісіміз болмас» деген едін. Сарыарқаның сайын даласында жау атының тұяғы баспауға жазсын жасаған» - деді.

- Әмин, қазақтың елі мен жері үшін қасық қанымыз қалғанша жаумен жағаласу – төл міндетіміз,- деп жауынгерлердің рухын көтерді Жарылғап.

- Қамыс ішіне бұққандарды жауынгер деуге болмас, бас сауғалаған қашқындар ғой. Оларға оқ шығарамыз ба? – деген батырларға Жалантөс:

- Қадірлі Бертiс бидiң отарында олардың басқан iзi де, өзi де жер бетiнде қалмай күл болып ұшып кеткенi мақұл. Қалмақтардың сауыт-сайманын, шатырын жағып жиберiндер,- дедi.

Ымырт қараңғылығында көлдiң жағасында лапылдай жанған оттың алауы төнiректi қызыл шапаққа бөледi. Шаққар көлге нұр құйылып тұр. Су бетiндегi шағалалар батырларды жеңiспен құттықтағандай. «Келер нәсiл, ұрпақтарымыз осы жердiң игiлiгiн көруге жазсын!» -деп тебiрендi Жидебай.

Бiр заманда казактың ақиық қыран батырлары жаудан азат еткен Бертiсте мыс алыбы Балқаш қаласы тұр. Қоңырат түгелдей мыс тауы екен. Таудың кенi тегiс алынған. Бүгiнде таудың астыңғы қабаты — бiрнеше жүздеген метр тереңдiктегi кеншығардан мыс қазылады. Әулиенiң жұпар ауасы мен кәусар суы мындаған балқаштықтардың игiлiгiнде, демалыс, мекенжайлар орын тепкен. Батырлардың арманы орындалды деген осы.

*«Жалаңтөс батыр» кiтабынан,
1996 жыл*

КӨКІРЕГІНДЕ КӨЗІ БАР, КӨПКЕ ӨНЕГЕ СӨЗІ БАР

ЖИДЕБАЙ ҚОЖАНАЗАРҰЛЫ (1713-1813 ж.ж.)

Актоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің
14 тамыз, 1993 ж. санынан.

Женіс ҚАШҚЫНОВ

ҚОС ӘУЛИЕ

Көшін бұрмай ешқашан ұлы жолдан,
Жібермейтін дұшпанын тірі қолдан.
Сенкібай мен Жидебай, Абылайхан,
Заманында баһадүр ірі болған.

Ешкімнен де қаймығып, жасқанбаған,
Ат тұяғы астында асқар қалған,
Кен даланың апайтөс арыстаны,
Бағы жанып, аруағы аспандаған.

Елін қорғап, жауына ұрыс салған,
Күлі көкке ұшатын құрыш қамал.
Ұрпағына қалдырып жайлы қоныс,
Содан кейін көз жұмып, тыныстаған.

Бала батыр атойлап, жауға кірген.
Табысатын бабалар арманымен.
Қос әулие пайғамбар сияктанып,
Қорғап елін жатқандай аруағымен.

Бүгінгі күн белеске шыққандарға,
О, жамағат, қызығып сұқтанбаңдар.
Қара шордың Сенкібай бір биігі,
Әлтекеден Жидебай шыққан дара.

ТОЙҒА ТАРТУ

Бабамыздың аруағына сыйынып ас беру, мерейтойын тойлау елдігіміздің белгісі. Тойдың негізгі мақсаты – ба-тыр бабамыздан ел қорғауды, ел бірлігін сақтауды, адам-дық қасиеттерден жаңылмауды бүгінгі және келешек ұрпаққа үйретіп, үлгі өнеге ету. Бабамыздың тойы халық-тық той болып мерекеленбек. Оған жан жақтағы ұрпақта-ры да көп болып көмектесуде. Әсіресе Балқаш қаласының әкімі В.А. Григоревский мыс комбинатының бас директо-ры Қ. Сыздықовтар үлкен қолдау көрсетті. Балқаш мыс комбинаты Жидекен қорына 5 миллион сом ақша, 2 жы-лқы, 1 сиыр, 5 кілем, 1 телевизор қосып, зиратын қалпына келтіру үшін 60 мың кірпіш тасып, өздері жөндемек. Сон-дай-ақ, балқаштық ұрпақтары 10 миллион сом ақша аудар-ды. Бұл ретте Әлихан Жәңгіров, Төлеукадыр Токтамысов, Еркін Тасболатовтар елге ұйтқы бола білді. Ас беру көптің ісі. Жезқазғаннан Ғ. Ақпанбеков бабамыздың бейнесі са-лынған күнтізбе және ескерткіш фотосуреттерін жасатып тарту етті. Жәйремнен И. Жомартбеков 1 жылқы және 300 мың, Алматыдан Қ. Тұрсынбеков 300 мың, Р. Жүнісов 101 мың, Т. Ақышев 100 мың, Қарағандыдан С. Күнәділов 100 мың, Шұбартаудан Ш. Жақсыбеков 100 мың аударып ба-балары тойына үлес қосты.

Елдігімізді, ұлтжандығымызды танытып, дініміз бен тілімізді өмірге енгізіп жатқан тұста ата-баба аруағына ел-жұрт нарыққа еш мойыған емес. Қашан да қасиет орнап, бақ қонған ата-бабаның асыл дәстүрінің жібек жібі үзілмесін. Бұл той ұрпақтарға ұлағат болсын! Аруақтар ба-тасы елге тие берсін демекпіз.

Ғ. АҚПАНБЕКҰЛЫ ...ӘРІ ҒАЛЫМ

Жидекенді әрі батыр, әрі шешен, әрі би дейміз. Онын тағы бір қыры ғалымдығы. Жидекен араб жерінде болып, білім алған кісі. Жеті ғылым, 12 пәнді толық меңгерген: Қазіргі таңда ғылым геомеханика саласындағы ерекшеліктерді білген. Ол айсыз қараңғы түнде бағыт-бағдарынан жанылмайтын сезімталдығы, жер тани білетін ерекшелігі, топырақтың қасиетін ажырата алатын білімпаздығы.

Жидекеннің еліне сіңірген еңбегі тек жоңғарларға қарсы жорықтарда ғана емес, оның ел бастаған көсемдігі, сөз бастаған шешендігі, береке бірліктің ұйтқысы бола білуі. 1758 жылы жоңғар мемлекеті толық күйреген соң казак халқының әлеуметтік саяси, экономикалық даму жолдарын айқындау қажет болды. Осы тұстағы көшпелі мал шаруашылығынан біртіндеп жартылай отырықшылыққа ауысу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Тоқырауын бойындағы дөмбейіл-тоған, арық-атыздардың көпшілігі сол бабаларымыздың қолымен қазылған. Яғни, егін салу ісімен айналысқан.

ӘУЛИЕ, БАБА – ЖИДЕКЕМ!

Әлихан ЖӘҢГІРҰЛЫ

Жасымның жүзге жеткені,
Мұсылманның алғысы,
Көзімнің ерте кеткені,

Жоңғарлардың қарғысы, - деп Жидебай айтты деген сөз көпке мәлім. Қазақтың ханы Абылаймен тұстас, әрі жоңғар шапқыншылығында әскер басы болған, батыр атағын иеленген Жидекенді исісі қазақ халқы мақтан еткен. Жоңғарлармен соғыстың алғашқы кезінде Қабанбай, Бөгенбай сынды батырлардың жасағын басқарған Жидекен кейін ханның атақты қолбасшыларының бірі болыпты. Мұның өзі батыр бабамыздың өз заманындағы ірі тұлға, тарихта орны бар адам екенін аңғартса керек.

Жидекен соғысқа ат жалын тартып мінген бозбала шақ 17 жасынан бастап кірген екен. Қазақ жоңғар шапқыншылығы тарихта 34 жылдан астам уақыт бойы жүрді десек, Жидекеннің арғы атасы Дос, әкесі Қожаназар оған белсене қатысқан. Дос батыр жоңғарлардың қолынан қаза тапты деп тарихта айтылады.

Қаракең би соңынан ерген елін ертіп, Шыңғыстан еріксіз көшіп Қарашоқы, Үшши бойынан қоныс тапса да тұрақтана алмай жүрген шағында Жидекен ақыл қосып, қолұшын берген дейді. Сондықтан Қаракең би екеуі өмірлік дос болып, тату тәтті сыйласып өткен екен.

Жидекен бабаны сол замандағы өмір сүрген халық батыры, шешен әділ деп құрмет тұтып, сүйіспеншілікпен қадірлеп өткен. Ол заманда ер дауы, жер дауы, жесір дауы

секілді даулар ел арасында үлкендердің талқысына салынып, әділ билік етумен шешіліп келді емес пе Сондай зәбір-жапа шеккендер Жидекенге келіп жүгініп, төрелік айтуын сұрап тұрған және де Жидекен әділ төрелік айтып, ел іргесінің бұзылмауын қолдап отырған тұлға болыпты

Жидекеннің атасы Дос батырдың көрегендіктері көптің көңілінде қалып, оған жүгінеді екен. Дос батыр отқа жағылған қойдың жауырынына қарап болатын істерге болжау айту, қасындағылар көрмей, сезбей қалған нәрселерді сезініп, көре білу секілді дара қасиеттері мол әрі жұрт танқалатын болыпты. Ол көрегендік қасиеттері Жидебайға Абылайдың қолын басқарған сәтінде көп көмек көрсетіпті. Мәселен, Абылайдың шолғыншы жасақтарын басқарып, жорыққа шыққан сәтінде ешқашан да адаспайды екен. Әйтпесе қиналған шақтарда жол тауып, құтылып шығып отырған. Егер әлдеқалай жау қоршауына түсе қалса, бұлтарып, жауды шатыстырып, алдап кететін болған Сондықтан да Жидекеннің айлакер, амал тапқыш қасиеттерін бағалаған жұрт өзіне жөн сілтеп, басқаларға көрінбейтін қызыл түлкісі бар деп топшылаған. Ол туралы шет ауданының шежіреші қарттарының бірі Қасым Сырымбетов айтқан аңыздың бірі мынадай:

Бір жорықтан қайтып келе жатқанда қар жауып, қаранғы түсіп, түн болып кетеді. Жасақтағы сарбаздар адастық па деп көңілдерін үрей билеп уаиымдай бастаса керек Сол шақта Жидекен атының тізгінін тартып, тоқтатып, найзасын жерге тірейді де біреуін түсіп найзаның ұшындағы қар астында әнеу күні үміт қалған кездігім жатыр, алып бер дейді. Түскен жігіт найзаның ұшына қолын апарса шынында кездік тіреліп тұр екен Кездігін батырға алып береді.

Жидебай батыр қартайып, 100-ден асып барып дүние салыпты деседі. Қайтыс болар алдында балаларын жинап алып менің денемді қыстауға сүйремей ана Мәшүріп байддың әйелі болса керек жатқан төбеге жерлендер депті. Балалары ол жердің сол адамның есімімен аталып кеткендігін айтып, қарсы уәж білдіргенде мен барған сон Мәшүріп те түсінер, халкым да ұмытпас депті. Кейіннен ол жер шындығында Жидебай әулие басы аталып, ел тоқтап, тәжім етіп, ақтық байлап тілек тілейтін жер болса керек. Жидекеннің мазары Шет ауданының Тұмсык бөлімшесінен төрт, бес шақырым жерде. Нұра өзенінің жағасында тұр.

Данқты бабамыз, жерлесіміз Жидебай Қожаназарұлы туған жерімізді жоңғар шапқыншыларынан қорғауда есімі алтын әріппен жазылған тарихи тұлғаның бірі. Еліміздің егемендігі, тәуелсіздігі баянды болып, еңсе көтерілген шақта ел қорғаған батырларды, ел камын жеген билерді еске алып, рухына бас иію тірілердің имандылық борышы. Өлі риза болмай тірі байымайды. «Атана не істесең алдына сол келеді» - деген халықтың накыл сөзі бар. Ендеше Жидекен бабамыздың да есімін жаңғыртып, кейінгі ұрпақтарына айтып таныстырып, құрметтеу орынды. Бабалар есімі қашан да ұрпақтарының жадында қалу керек.

БАБАМЫЗҒА БАС ИЕМІЗ

Арнау

Ақ табан шұбырынды,
Алқакөл сұламаны,
Кім қазір есіне алмай,
Үн-түнсіз тұра алады.
Еніреп, ел-жері үшін,
Сауытын киді екен кім?
Өмірі өшпес мәңгі,
Тарих қой Жидекемнің.
Ата жаумен алысып,
Қол бастаған Жидекем.
Қызыл тілмен қағысып,
Сөз бастаған Жидекем,
Абылайлап ту ұстап,
Намыс отын жандырған.
Адамдықтың үлгісін,
Ұрпақтарға қалдырған,
Аруағыңнан айналдым.

Елінің тағдыры үшін,
Көтеріп салмақтарды,
Жерінен түре қуған,
Жонғар мен қалмақтарды.
Аруақты бабасымен,
Ұрпағы, өседі елі.
Жидекем, қазағымның,
Көш басы, көсемі еді.
Тұрады мұндай сәтте,
Намысын жаңымай кім.
Жидекем асқақтатқан,
Байрағын Абылайдың,
Араға ғасырлар салып,
Жайқалды гүл-бақтарын,
Ас беріп, бас иеді,
Киелі ұпақтарын.

А. СОВЕТҰЛЫ

АБЫЛАЙДЫҢ АҚИЫҒЫ

Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болып енген қырғын соғыста қалмақтармен арыстанша арпалысып, елін езгіден, жерін жаудан қорғаған аруақты батыр. әрі би шешен Әлтеке Дос батырдың немересі Абылайханның беделді де

белді батыры Қожаназарұлы Жидебайдың ерліктерін бүгінгі ұрпақтары мақтанышпен айтады.

Жидекен ұрпақтарының бірі жасы тоқсаннан асқан жамшы кеншарында тұратын Хасен Тиыштыбаев ақсақалдан бабамыз жайлы бұрынғылардан естігендерін сұраған едім. Хасен ақсақал былайша әңгімеледі:

- Жетісудың Қарқара деген жерінде Жоңғар Алатауының маңында қатты қырғын соғыстар болады. Сол жерде Жидебай батырдың қолы қалмақты көп шығынға ұшыратады. Бір уақ бір асуға бекініп алған қалмақтың бір әскерінің бір мергені бізден ат ойнатып шыққан батырларды атып түсіре беріпті. Сол кезде Жидебай батыр өзінің сарбаздарының ішіндегі Шыны деген батырды шақырып былай деген екен.

- Қазір жанамалай барып анау көрініп тұрған қиядан шығасың. Астыңа таңдап бір мықты тұлпар мінісін. Ол сенің тұлпарыңа қызығады. Бір жағынан сені тірідей қолға түсіргісі келеді. Әлде атынды, әлде сені атсам ба деп,- екі ойлы болып отырғанда қапы қалмасаң болды дейді. Шыны батыр да мерген болса керек. Осындай сәтті пайдаланған ол Алатаудың қиясынан қалмақтың мергенін атып түсіріп, сол жерде бекініп жатқан жауды біздің сарбаздар түре қуып шығады.

Иә, батыр бабамыздың соғысқан жерлері көп. Қарағандының күншығыс жағында да, Нұра өзенінің бойында, Көкшетау жақтағы Баян тауында да қалмақтың қалың қолын қатты қырғынға ұшыратып, тойтарыс берген.

Жидебай батыр 25 мың сарбазымен Қытайға қарай аттанады. Қытайдың Құлжа мен Шыңжаң қалалары қазақтың жері, мен ол жерлерді босатып алам, қайтсем де,- деген екен. Содан жол жүріп бара жатқанда жолдан Абылай-

хан кездесіп, - Көкшетауды қалмақтар шабайын деп жатыр, - тезірек қайтыңдар деп Абылай қолды қайтаралды. Содан Жидебай батырдың сарбаздары қалмақтарды Көкшетаудың даласында ойсырата женеді. Бірақ сонда да Жидебай батыр көңілі толмай: «әттең-ай, арманым Құлжа мен Шыңжаңды жаудан босатып алу еді. Қысылтаяңның болып қалғанын қарашы», - деп өкінген екен.

Жидебай батырдың жаумен тағы бір шайқастары Шығыс Алтай жақтағы Сикым деген жерде өтеді. Ол жерде Абылай хан бастаған қалың қолмен бірге болады. Сол шайқастарда қалмақтарды жеңіп, қалын жылқысын олжалап қайтады. Әкелген олжа жылқыларды кедейлерге, әр ауылдарға үлестіріп береді. Сол жылқының ішінде 41 үйірі бар бір шұбар айғыр бар екен. Жидебай батырдың сарбаздарының ішінде Әлтекенің Шабар, Шаншар деген екі батыры болыпты. Олар осы 41 шұбарды біз аламыз деп Абылай ханға сәлем айтады. Бірақ Абылай хан:

- Шұбардың үйірін барлық батырлар сұрап отыр. Бәріне бірдей бөліп береміз – дейді. Бірақ Шабар мен Шаншар оған қарамай 41 шұбарды айдап қуып кетеді.

Жидебай батырлығымен қоса әділ билігімен, әрі шешендігімен де қара қылды қақ жарған әулие адам. Бірде батыр барлық туған-туыстарын, балаларын шақырып алады. Алты баласының әрқайсына екіден 12 тобылғы қиып әкеліндер депті. Алтауын бір бөлек қойып, қалған алтауын балаларына бір-бірден беріп сындырыңдар депті. Оны сындыртқаннан кейін бөлек қойған алтауын бірге буғызып, ал енді осыны сындырып көріндер деген екен. Бірақ балалары сындыра алмапты. Сонда Жидекен: - «Көптің аты көп, сендер көпшілікті жеңе алмайсыңдар. Көпшіл, бірлікшіл, ұйымшыл болыңдар» депті.

Міне, Хасен ақсақалдан естігендерімнің біразы осы. Бірақ тоқсаннан асқан ақсақалдың жағдайы да белгілі. Бұрын білетіндерінің көбісін ұмытыңқырап қалған екен.

«Арқа енбеккері», тамыз 1993 жыл

А. МҰСАТАЙҰЛЫ

ЕКІ ЖЕБЕ

1957 жылы Көрпетай Нұртай тауындағы таңбаларды ашып жатқан кезінде Әлкей Марғұланмен Ақсу-Аюлы жағынан қайтып келе жатқан едік. Әлекең жүргізушіге машинанды көз ұшындағы қонырға қарай беттет деді. Қоңырдың алдындағы жазықта көп шошақ бейіттер бар-тын. Келіп тоқтадық. Аралап жүрген кезінде Әлекең Қаракерей Қабанбай осы арада жерленген сияқты. Кейбір зерттеулерім соны айғақтайтындай, деген жорамалын айтты. Мынау құрылыстардың мықты салынғандығын байқайсың ба? Кірпіштері сондай мықты, бірақ салмағы ауыр емес жеңіл, - деді тағы да.

Кішкентай дөңнің үстінде тұрған, бұл күнде әбден тозып, мүжіле бастаған бейітті шолып, шыр айналып, шолып едәуір жүрді. Ойланып тұрып, манағы ойын, әрі қарай жалғап Қарашор, Сеңкібай, Жидебай осы жақта қалды. Меніңше Қаракерей Қабанбай да осы манда қалған болуы керек, - деген жорамалын түйіндеп айтты.

Сол сапарда Жидекең басына аялдап, дұға оқыдық. Бейіт ішіне кірдік. Әлағаш топырағынан сыйпап, бісмілдәісін ай-

тты. Сыйпалап отырып, кірпіштің жігіне қойылған садақтың үш жебесін тауып алды. Жебенің бірін өзі алды да сенің бабаң ғой, екеуін де сен ал, естелік болады, -деп маған берді. Жебені осы күнге дейін сақтап жүрдім. Газетте беріліп отырған суреттегі жебелер солар.

ҚАРАМЫС ПЕН ЖИДЕКЕҢ

Қарамыс аруақты адам болған екен. Өліні тірілтіп, жансызды жанды ететін қасиеті бар. Сол Қарамыс Жидебай екеуі құрдас болғандықтан қатты қалжындап, ойнай беретін болыпты. Бірде Қарамыс: «Сен ауылға түнделетіп қайтып келе жатқаныңда тасадан ұрылар тап беріп, Жидебайдың аруағын шақырып, ей, Жидебай қайдасың деп өзінді-өзің атап, апанға түсіп кетіпсің. Неге сонша қорыққансың», - дейді.

Жидекең құрдасынан жеңілгісі келмей мен қорыққан жоқпын деп, - бой бермесе керек. «Ондай болса кіндігіңнің жаны неге қарайып кеткен. Кәне, маған көрсетші?» – деп Қарамыс та қоймайды. Еріксіз киімін көтеріп, қараса шындығында кіндігінің тұсында қарайған белгі бар екен. Қарамыстың айтқаны дәл келіп, Жидекең қатесін мойындаса керек.

*«Арқа еңбеккері», 14 тамыз, 1993 жыл.
Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетінен.*

ҰРПАҚТАРЫ БАБАСЫН АРДАҚТАДЫ

*Жидебай батырдың туғанына 280 жыл
толу тойынан репортаж*

*Замана өтпес болсайшы-ай,
Жидекем өлмес болсайшы-ай!
Қаз дауысты Қазыбек.*

Ғасырлар қойнауынан тартылған терең тамырлы өзіндік мәдени-рухани болмысы бар қазақ халқының адамзат мәдениетіндегі алатын өзіндік орны ерекше. Кез келген ұлттың келешекте шығатын биігі ұрпағының ең алдымен өзі ұлтының қадір-қасиетін бойына қаншалықты жинақтауына байланысты. Қазақ халқы ұлттық бейнесін сақтау жолында, екі ғасырдан астам уақыт жанталаса әрекет еткенімен, бабалардың ұлағатты өнегесінің өгейсіп өлермен күй кешкендігі, орны толмастай ойсырағаны ақиқат. Дегенмен елдің елдігін танытатын ерекше тұлғаларды тану, соның ішінде болашақты ойлау әсте естен шыққан емес. Батыр бабаларымыздың ел қорғаудағы, елдің еркіндігі мен бірлігін сақтау жолындағы еңбегін ұрпақтарына танытып, өнеге көрсету мүмкіндігі туды. Ел еңсесін түзей бастады. Бабаларымыздың атын артындағы ұрпақтары жадында сақтап, үнемі жаңғыртумен келеді. Сондай ерекше тұлғалардың бірі – Жидебай бабамыз. Аты аңызға айналып, артында сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда?! – деген сөз қалдырған Әлтеке Қожаназарұлы Жидебай батырға арнап тамыз айының 14 күні Ақтоғай ауданында үлкен ас берілді.

Батыр бабаның аруағына арнап берілген осы ас халықтық мереке болып тойланды.

Тойға жан-жақты дайындық ерте жасалды. Аудан әкімшілігі, калың көпшілік, батыр бабаның ұрпақтары бірігіп ұйымшылдық көрсетті. 1713-1812 жылдары өмір сүрген әруақты батыр Жидекеннің қоғамдағы орны мен еліне сіңірген еңбегі туралы деректер жинақталып, баспасөз беттерінде насихатталды. Көпшілік, ел-жұрт болып қаржылай көмек көрсетті. Әсіресе, Балқашмыс өндірістік бірлестігі Жидекен қорына 5 миллион сом ақша, 2 жылқы, 1 сиыр, 5 кілем, 1 теледидар, зиратты қалпына келтіру үшін 60 мың кірпіш бөліп қолдау көрсетті.

Жекелеген азаматтардың барлығын атап айту мүмкін емес, өйткені олардың саны бірнеше жүз болды. Әлихан Жәңгіров, Төлеукадыр Токтамысов, Еркін Тасболатовтардың ұйымдастыруымен балқаштық ұрпақтары 10 миллион сом ақша аударды. Жәйремдегі жерлесіміз батыр бабаның тікелей ұрпағы И. Жомартбеков 1 жылқы және 300 мың сом, Алматыдағы К. Тұрсынбеков 300 мың, Р. Жүнісов 101 мың, Т. Ақышев 100 мың, Қарағандыдағы С. Күнәділов 100 мың, Шұбартаудан Ш. Жақсыбеков 100 мың сом асқа ақшалай үлес қосты. Бакытжан Жұмабаев және басқа да азаматтар бабамыздың басына ескерткіш тас әкеліп орнатты. Бұл әңгіме тегін айтылып отырған жоқ. Жидебай батырдың ұрпақтары жиналып бабасына осылай ас беріп еске алса бұл – бүгінгі жұрағаттарының өресінің өскендігі, әрі ұрпақ парызын өтегендігі, әрі ерлікті ерекше құрметтегендігі. Әрі мемлекет қалтасынан бір тиын шығармай, ағайын-туыс болып, үлкен астын шығынын көтеруі қазіргі нарықтық жағдайда үлгі боларлық үлкен бастама.

12 тамыз күні зират басына көктас қойылды. Шет ауда-

нының Тұмсық бөлімшесінен 4-5 шақырым жерде Нұра өзенінің жағасындағы Жидекен зиратына тәуіп етіп келушілер 20-ға т арта киіз үй тікті. Жан-жақтан жиналған көпшілік келелі кеңес, әңгіме-дүкен құрып бір жасап қалды. Шет ауданынан, ақшатаудан, Ақадырдан, Жарықтан, Балқаштан тағы басқа жерлерден киіз үйімен, сойыс малдарымен келген көпшілік баба аруағына тағзым етті. 13 тамыз күні сәске кезінде мың қаралы көпшілік баба аруағына арнап, молдалардың оқыған құранына қол жайып бет сыйпасты. Ас берілді. Содан соң Ақтоғай ауданындағы үлкен ас берілетін Жосалы тауының баурайына қарай бет түзеді.

Кешке қарай ақындар айтысы басталды. Айтысқа еліміздің еркіндігі үшін еңбек еткен адал перезенттерінің, батыр бабалардың ерліктері арқау болды. Тоқырауын ауданының ақыны Төлеген кесек-кесек ойларын түйдектете жеткізе білетін төселген ақын екендігін көрсетті. Кеншоқылық Айдос та келешегінен үміт күттіретін азулы жас ақын екен. Төрешілер алқасының ұйғарымымен бірінші орынды Айдос, екінші орынды ақтоғайлық Бақытжан, үшінші орынды Тоқырауын ауданынан шұбартаулық Төлеген иемденді. Бірінші, екінші орындардың жүлдесі қалы кілем болса, үшінші орын жүлдесіне магнитофон берілді. Айтыс арасында ән айтылып, құй тартылып көпшілікті риза етті.

Үлкен ас берілетін күнгі ауа райының жақсы болатындығын паш етіп, Жосалы баурайына қатарласа тігілген ақбоз үйлерді шапағына бөлеп күн де көрінді. Жидебай бабаның рухына арналған астың ресми бөлімін асты өткізуді ұйымдастыру алқасының төрағасы Сейдіғали Сейілханов ашты. Аудан әкімі Сағадат Дүйсебеков баяндама жасады. Тарихи оқиғалардың ұлт зердесіне тигізетін әсерін айта

келе Жидебай батырдың бейнесін жан-жақты деректермен талдап көрестіп, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы, күрестерін құба қалмақ шапқыншылықтары кезіндегі батырлар туралы, қазіргі рухани болмыс пен әлеуметтік жағдайды байланыстыра айтқан ол енді ынтымақ бірлікке шақырды. Халықты риза еткен баяндамадан соң сөз алған балқаштық зейнеткер Әлихан Жәңгіров ағамыз Жидекенен арнаған толғауын оқыды. Мен ұйымдастырушылардың сұрауы бойынша қосымша баяндама жасап, Жидекеннің бейнесі салынған күнтізбе және фотосуреттер тарту еттім.

Абылайханның бас батырының бірі болған Жидекен туралы тарихи деректермен қоса ғылыми тұжырымдар айтылды. Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама кезеңіне шолу жасалып, сол тұстағы батырлар, билер жөнінде қызықты танымдық деректер келтірілді. Зор тарихи оқиғалар өткен туған жердің әлі ашылмаған талай құпия сыры бар екендігі мәлім болды. 1758 жылы Жоңғар мемлекеті күйрегеннен кейінгі қазақ халқының әлеуметтік саяси, экономикалық даму жолы туралы әңгіме айтылып, Тоқырауын бойындағы жартылай отырықшы елдің сол кездегі өміріне назар аударылды. Екіншілік ісінің бүгінге дейін сақталған іздері: арық атыздар. 1950 жылдары белгілі себептермен жойылған Тоқырауынның ақ бидайы мен жамшының бес бас бидайы деп аталатын тұқымдар туралы әңгімені халық тебірене отырып тыңдады.

Белгілі жазушы Әмен Әзиев, жерлесіміз алматылық ғалым, ғылым докторы профессор Төлеген Ақышев даңқты бабамыздың есімін еске алып, осындай ұлы дүбір ас беріліп жатқандығына ризалықтарын білдіре келіп, қуаныш сезімдерімен бөлісті. Ақын Жәніс Қашқынов осы тойға

арнап шығарған Жидебай батыр туралы өлеңін шашу ретінде ұсынды.

Алматылық ғалым, математика ғылымының кандидаты, доцент Әбдіғали Ақышев сөз алып Сауд Арабия патшасының әмірімен басылған қазақша құранның 45 данасын Жидебай батырдың 280 жылдығына арналған асқа деп Әл Мәдина қоғамының атап жібергендігін айтып, көпшілікті бір сілкіндірді. Батыр бабамыздың ұрпағы зейнеткер Аманқұл Мұсатайұлы ағамыз Жидекеннің кісе белбеуін көрсетті. Қарағанды облысынан келген Осакаровка ауданының әкімі бастаған қонақтар Жидекеннің асына деп арнайы жасалған домбыраларды сыйға тартты.

Мәжілістен соң Жидебай батырға арналған театрланған көрініс қойылды, ән-би, күмбірлеген күй, ұлттық ойын бір-біріне ұласып жатты. Елдің елеңдей күткен балуандардың белдесуі басталып кетті. Аптал азаматтар шартпа-шұрт ұстасып жатты. Сымбатты азаматтардың қалт қимылдары көпшілікті риза етіп дуылдатып жіберді. Ақтық айқасқа іріктеліп шыққан балуандардың ішінен түйе балуан атағын ақтоғайлық Серікбол Сүлейімбеков жеңіп алды. Оған түрлі түсті теледидар сыйға берілді. Екінші орынға жүлдеге тігілген қалы кілемді Көлбай Нұркин иемденді. Үшінші орынға Әбзи Хайруллин шығып, жүлдеге палас алды.

Отыз шақырымдық аламан бәйгеге қосылған 34 аттын қатар түзеп сөреге шығуы көрермен көпшілікті ерекше сезімге бөледі. Белгі берілісімен ытқи жөнелген тұлпарлар тұяғымен қоса көрермендердің жүректері дүрсілдей жөнелді. Будақ-будақ шан қалдырып түйдектеле жөнелген аттар бірер айналымнан соң-ақ бірнеше топқа бөлініп аралары алшақтай бастады. «Жамшы» совхозының жатаған торы аты шабысынан жаңылмай төрт тұяғын да топ-

тай салып қайыстай созылып мәреден өтті. Сөйтіп, Берікболдың торы аты бәйгеден бірінші келіп, жүлдеге тігілген кілем жапқан арғымақты жетектеді. Тағы төрт орынға жүлде берілді.

Жорға жарысы да тартысты өтті. Асты өткізуге атсалысқан Сейдіғали, Онғарбек, Аманқұл, Мәжит ағаларға, Базыл, Сәбит, Мерхаят, Сәкендерге ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп көпшілікті риза еткен Саят, Қайрат, Есентай сынды азаматтарға ел алғыстарын айтып жатты.

Қолдарына Жидебай батырдың бейнесі салынған күнтізбе мен фотосуреттерді ұстаған көпшілік ішімдіксіз өткізілген астан көтеріңкі көңілмен тарап жатты.

Еркін елдің ардақты азаматтарын еске алып, рухымызды көтерген осындай тойлардың орны бөлек. Тәуелсіздігімізді баянды етер бәсекеге, ынтмақ-бірлікке бастайтын осындай ізгі істер бола берсе демекпіз.

*«Сарыарқа» газеті,
28 тамыз, 1993 жыл*

Гүлжанат ТҰРСЫНҚЫЗЫ

БАБА ӘРУАҒЫНА ТАҒЗЫМ

Даңқты бабамыз, жерлесіміз Жидебай Қожаназарұлы – туған жерімізді жоңғар шапқыншылығынан қорғауда есімі алтын әріппен жазылған тұлғаның бірі. Қазақтың ханы Абылаймен тұстас, әрі жоңғар шапқыншылығында әскер басы

болған, батыр атағын иеленген Жидекенді исі қазақ халқы мақтан етеді. Бір кездерде Мәшүріп басы аталған төбешікте Жидебай бабаның қасиетін халқы түсініп, Жидебай әулие басы атаған. Жоңғар басқыншылығы кезінде елін, жерін жаудан қорғаушылардың көшін бастаған ұлы бабаның мазары Ақсу-аюлы Жарық бағытындағы асфальт жолдың бойында шет ауданының, шет селолық округінің Тұмсық елді мекенінен алты шақырым жерде Нұра өзенінің жағасында бой көтерген. Осыдан бірнеше жыл бұрын біз де жанұямызбен баба басына барып, мінәжат етіп, дұға оқып қайтқан болатынбыз. Сол жолы баба басына шырақшылық міндетін атқарып отырған Хайролла Нұрбеков ағаның отбасымен танысқан едім.

Жаны ізгі ағамыздың жұбайы да қонақжай, ақкөңіл жан екен. Жақында қаламызға келген шырақшы ағамызды жолықтырдым. Баба аруағын қараусыз қалдармай, аманатын аркалап жүрген шырақшы ағамызбен сыр-сұхбат құрған едім.

Халқына әулиелік, керемет көрсеткен, елге тұтқа болған, халқы үшін өмір сүрген, әулие басына имандылық, қайырымдылық ісіне бас бұрған барша халық көптеп қатынайды. Олар мінәжат етіп, қонып, ақтықтарын байлап, үлкен күш алып кайтады.

Әулие баба басында бақ жолдардың ашылуына, адам бойының тазаруына, тілеген тілектердің қабыл болуына әсер ететін ерекше құбылыстардың шынайы куәгері болатындығымыз. Талайлардың бағы жанып, ата аруағы қолдады, жолым ашылды, шипа берді, бойымдағы қасиет ашылды деушілер ақтықтарын байлауды парыз санап, қайыра ағылуда. Бұл үйреншікті құбылыстай. Оған бойымыз үйренді. Өлі риза болмай, тірі байымайды. Ол әруақ, оны риза қылу – парыз, міндет, азаматтық іс.

- Аға, сіз Жидебай батырдың нешінші ұрпағысыз?

- Әулие бабаның жеті әйелінің бірі болған Құлғана шешейден туған жетінші ұрпағы атанам. 12 жасымнан бастап, мені түсімде қинай бастады. Бірақ, оның не екенін түсіне алмадым. Бірде түсімде ақ киіз үйге кірсем, үстел басында үлкен ақ сақалды кісі отыр екен. Соңымнан бір бәйбіше кіріп, балам мына кісі Жидебай бабаң болады. Сен 85 жасқа келесің, сыйынып жүр,- деді. Таңертең әке-шешеме айтсам: «ол кісі біздің үлкен бабамыз, сыйынып жүр», - деген еді. Содан бастап бабам барлық болатын қауіп-қатер, барар қызметім, сөйлер сөзімді қадағалап, айтып білдіріп отыратын. Содан 1992 жылы мен Алматы қаласына көшіп кеткен едім. Ол жаққа барып тіптен тағат таппадым. Түнімен әруақтар түсіме кіріп, елге қайт, деп аян беріп, маза бермеді. Бірде 1993 жылы аянмен Балқаш қаласына келдім. Келсем, атаға қор ашылып, мазарын көтеруге жиналып жатыр екен. Содан сол жиынға мен де қатыстым. Мазарды салуға мен басшылық ететін болып ұйғарым жасалып, іске сәт деп жүріп кеттім. Сол салынған мазар атаның аяны мен өзінің қалауынша менің басшылығыммен 1993 жылы ас беріліп, 6 метр мазар қаланып, 1993 жылдың күзінде 12 метр күмбез мазар салынып, 2 бөлмелі үйімен бітті. Мазар салынып, арманымыз орындалғандай. Әруақ риза болмай тірі байымайды дегендей бәріміз жан-жаққа тарап кеттік. Мен жанұяммен жылына екі рет баба басына, Алматыдан зиярат етіп, келіп-кетіп жүрдім. Келесі бір аянда ата: «қасыма күтуші болып кел, қасыма келсең еш қиындық көрмейсің, мен саған көмек беремін, еш нәрседен тарықпайсың. Келсең, осы келер жылдың, яғни 1999 жылдың сәуір айынан камдан. Ертенгі күні қиыншылық болып, төзе алмаспын деген ойың болса, бір жола қозғалма», - деген еді.

- Шырақшылық жолын ұстанып Алматыдан арнайы келуіңіздің тағы қандай себебі бар?

- Әулие баба түсірген аяны бойынша сонау Қырғыз елінен Халиса сынды, үлкен қасиет бойына дарыған, емші іздеп келді. Тұрақтаған жерінің Балқаш қаласынан алыс еместігін білген біздер сонда бардық. Алғашқыда қырғыз тілінде айтылған күрмеуді, түсініксіз сөздерді ұқпасак та, мәні бар екендігін көкірегіміз сезді. Жанымызға тілмаш алып, ертеңіне қайыра алдына бардық. Ұзақ әңгіменің төркінінен ұққанымыз, қазақ жерінде көптеген әруақтар бас көтеріп жатқан көрінеді. Бектауатада Әулие ата, Шетте Жидебай баба, Сенкібай баба, Қараменде би, Сана би, Шортанбай сынды әулие бабалар. Тіпті, Жидебай бабаның жалғыз жиде талы басына дейін белгісін беріп, ұрпағына аманат-аян арқылы жеткізуді қош көріпті. Ғажап, менің түртүсіме дейін ата аруағы дәл баяндап, аян түсірген екен. Тылсым табиғаттың құпиясында шек жоқ, ол жаратушының әмірімен мыннан бір адамға ғана түсіп, ретіне қарай жүзеге асып жататын құбылыс екендігінен ол кезде бейхабар едім. Сол сапарда Халиса көріпкелмен бірге біздер баба басында болғанымызда емі дарып, қолы шипалы, аузы дұғалы атанған көріпкел Гүлдария Нақыпбекқызы (өзі Ақтоғай өңірінің тумасы) келешегімізге үлкен болжам айтқан еді. Ол кісінің дәл көріп-біліп отырғандай айтқан белгілері атаның алмас қылышын көлденеңінен қойып, алғашқы шырақшылық жұмысына қатысты белгілері маған көп көмек болды. Міне, содан бері Жидебай бабаның жетінші ұрпағы, мен аянмен Алла белгілеген шырақшылық еңбек ету парызымды ұмытқаным жоқ. Дәл сол жылы, ерте көктемде ата басына арнайы қатынаған едім. Ондағы ойым, барша атқарар жұмысымның нобайын келтіріп, қайту болатын.

- Қай жылдан бастап баба басына иелік жасап отырсыз?

- 1999 жылы көктем айынан бастап, ата басында шырақшылық міндетімді атқаруға кірістім. Бір күні үйге бір жігіт келді. Таныса келе ол Жидебай атаның төрт ұрпағынан тараған Аман атты жігіт екен. Аман өз басынан кешкен уақиғасын маған бастан аяқ айтып берді. Аман ата басына зират етіп барып 3 күн түнеген екен. Ойы шырақшы болу. Соңғы күні атадан аян алыпты. Ата оған: «сен маған құран бағыштап жүрсен, нұр үстіне нұр болар еді. Мен басыма өз адамымды тосып жатырмын. Бірер күнде көлікпен ол өзі де келеді. Соны тауып ал. ол менің жетінші ұрпағым», - деп түр-түсімді болжап айтыпты да, көзден ғайып болыпты. Әлгі аяннан кейін Аман інішегім мені көргенде, ондағы белгілердің айна-қатесіз растығына танданысын жасырмады. Міне, сол қасиет қонған шақтан бері мен шырақшылық, ал Аман зариат етіп келушілер атынан құран бағыштап оқуда. Алғашқы уақытта ағаш күрке үйде тұрдық, содан атадан 300 метр жерден өзіме үй салып алдым. Жаз бойына ата басына зариат етушілер жылдан жылға көбеюде. Кей кездері басындағы үйіне келген адамдар сыймай қалады. Мазардың айналасы толған мәйіттер. Олар 32 жылдары ашаршылық тауқыметін тартып, Балқаш көліне ағылған халықтың жол-жөнекей аштық пен суыққа төтеп бере алмай ата бейітін паналаған сәттері болған екен. Бір берген аянында: «манайым толған арып-шаршаған, белгісіз әруақтар, олардың жермен жексен болып белгісіз күй кешіп жатқаны мені мазалайды. Маған тәу етіп келгендер, беталды ол маңайды аяққа таптамасын, дәретсіз басына келмесін әруақтың назасына халқым қалмасын, халқым соны ұқсын», - деген еді. Өтініш аманатын талай келген көріпкелдер де тікелей аянмен алып баяндады. Атаңа не қылсаң, ал-

дына сол келеді деген нақыл сөздің жетегінде жаңа жобалар дайындап, соның іске асуын қатты қадағалауды мақсат тұтамын. Бұл әруақ жолын толық мойындағандығым болар. Жакында жолым түсіп, Алматыдан арнайы аянмен өзімді іздеп келген Ақ жолдағы ата басына зариат етіп келген кісілермен жол сапарлас болып, қасиетті кіші Мекке атанған Түркістан жеріне, яғни 35 әруақ басын жанұямен бірге аралап, тәу етіп қайттым. Шырақшылармен танысып, білісіп, пікір алысып, әр әруақтардың шырақшыларына тән ерекшеліктерімен танысып, ойларымды түйіндеуге үлкен көмек болды.

Тәубе деймін, соңғы кездері Жидебай бабамның өзіме деген ризашылығының бір белгіі ме, оның қызыл түлкісін көзім жиі шалатын болды. Бұл да бір тылсым дүниенің жұмбағы іспетті. Біз біле бермейтін жайттар көп қой, оның сырын түсіндіруге көмектесетін өлімге дейінгі, өлімнен кейінгі жайттарды болжап, күрмеуі келмейтін сұрақтарға жауап таба білетін қасиетті жандар ата басына халықты бастап, көптеп келуде. Ал, ол қарапайым инабатпен исламның нұр шапағатына бөленген халықтың имандылығының артуына баба басы болысып, нұр бағыштап тұрғандай күш қуат беруде.

Ұрпағына, халықтың қажетін ашуға жағдай жасау біздің, шырақшылардың – жүгі, міндеті. Сондықтан да, еліміздің түкпір-түкпірінен Шет ауданына ағылған жамағат ағайындарға көңілге қонымды қонақжайлылық үлгі көрсетуіміз қажет. Сонымен қатар Жидебай баба басының архитектуралық тұрғыдан көркеюіне шынайы алаңдаушылық танытамын. Биылғы жылды Елбасымыз ұлттық мұра, көне құндылықтарымызды ескеріп, көтерумен қатар жаңа өң беріп, көркейтуді мақсат етіп алға қойды. Шет ауданы,

Аксу-Аюлы орталығының басшылары бұл бастамаға бұл қырынан өң беруде. Имандылық, қайырымдылық іс танытып, көзделген мақсаттар барысында арнаулы қор ұйымдастырылып, есепшот ашты. Қордың мақсаты: ата басына төмендеу үй салу керек, әжетхана, мал соятын жер, құдықтан су тарту дегендей, зариат етіп келушілерге жаңа жобада ата басынан жаңа күш алып қайтатындай жағдай жасау. Өзім зейнеткермін. Ол шаруаны жасауға өз қаражатым жетер емес. Сондықтан, көп түкірсе, көл болар деген халық нақылына сүйене отырып, халық болып, жұмыла жасасам ба деген ойым бар.

Тағы бір айта кететін жайт, Алматы- Екатеринбург тас жолының бойындағы қоршалған талдың Жидебай бабаға қатысы бар екенін көпшілік білмейді. Осы жерде жол апатының көп болатыны да жасырын емес. Бұл жер – Жидебай бабаның жаулармен шайқасында нөкерлерінің қаза болған жері. Біз ол жердегі талды қоршағанбыз. Білген адамдар оған ақтық байлайды. Бұл жерге келгенде көлікті жәй жүргізу керектігін кейбіреулер білмейді. Сондықтан да бұл жерге белгі орнатып, жазып қою керек деп ойлаймын.

- Әңгімеңізге рахмет. Бабаға жасаған игі істеріңіз іске асын деп тілеймін.

«Балқаш өңірі», 26 наурыз, 2004 жыл

Сейітхан АХМЕТҰЛЫ ИСАЕВ —
Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері.
ҚР еңбегі сіңген мәдениет қызметкері.
Қаскелең қаласының құрметті азаматы.

СЫЙЛАСТЫҚТАРЫ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

1870 жылдардың бас кезінде Балқаш көлі өңірінен Қараменде биге қарасты ел құбылаға қарай Қаракесек жерінен қоныс алуға бел байлапты. Сол кезде осы ел ішіне беделді, қара қылды қақ жарған әділ билердің бірі — Жидебай ел басында екен. Үш жүздің басы қосылғанда билік айтып, төрелік білдіріп жүрген Жидекең мен жасы замандас, әрі оны жақсы білетін Қараменде сол сапарында арнайы келіп, Тоқырауын сағасына қолқа салыпты деседі. Сонда Жидекең: «Ел бірікпей, жер бөліспес. Ең алдымен ел жұрты мен сыйластығында жол тапсаң, жер табылар» депті. Басқа болыстардың билері де Жидекеңнің сөзіне жығылып, халық осы шешімге тоқтапты. Осылайша Қотанбұлақ болысының жеріне Тобықтының бір ру Дадан елі қоныс теуіп, шаңырақ көтеріпті. Бүгінде Тоқырауын өзенінің биік қыраты көделі төскейінде Қараменде би зираты тұр. Оны халық «Қаракен айырығы» деп ерекше ілтипатпен атайды.

Жидебай мен Қараменде ел жадында жүрген тарихи адамдар. Алқалы жиында билік айтып, жөн сілтегенде ел жұртын қаһарымен емес, ақылымен, парасатымен, қатықтай ұйытып, өз заманында қалың елге мәшһүр болған жан-дар. Үш ғасырдан астам уақытта сан ұрпақ келіп, олардың орнын жаңалары басса да Жидебай мен Қараменде сияқты бабаларының аттарын ел есінде бойтұмардай сақтап олардың аруағына тағзым етіп, бас иіп келеді. Жидебай мен қара-

менде билікке таласпай, дәулет пен бақ салыстырмай, ойлы сөздерімен сұңғыла көрегендіктерімен беделге ие болған абзал тұлғалар.

Ақын, әрі шешен Жидебай қартайған шағында құрдасы Қарамендеге арнайы кісі жіберіп, қанша жетім бар?- деп сұратқан екен. Сонда Қараменде:

«Елі көшсе, бел – жетім,
Үйрек, қаз кетсе көл – жетім.
Ері жоқ, ел – жетім,
Елі жоқ, ер – жетім.
Жоқтауысыз кетсе қыз – жетім,
Жасы жеткен қарт – жетім,

Парықсыз болса сөз – жетім», - деген жауап қайырған екен. Енді бірде Жидебай:

Орта жүздің құты еді Қараменде, - деп өзі қадір тұтатын Қараменде шешенге Бөлтірік деген баланы жіберсе керек. Сонда бала арқылы жіберген сөзі былай екен: «Төрт нәрседен үміт бар, бір нәрседен үміт жоқ. Қарасақалды әкем бар, қарашашты шешем бар. Жеті жетім жанымды қинайды. Бес атаның малын іздеп шаршаймын. Жетпіс шырылдайды, сексен – балапан, тоқсан – жұмыртқа. Осы тоғыз ауыз сөзіме жауап берсін» – депті.

Үзенгілес жолдасының сөзіне Қараменде шешен:

Ауру жазыламын деп үмітті,
Жарлы байырмын деп үмітті.
Қашқын құтыламын деп үмітті,
Ұлсыз адам ұл туармын деп үмітті.
Шіркін, үмітсіз тек қарттық екен.

Алғашқы екі ауыз сөзінің мәні осы болса керек. Ал, қарасақалды әкесі, қара шашты шешесі болса, бала мен келінге қарап қалыпты-ау. Қайран ер, екі елі аузына төрт елі

қақпақ қойсын. Салынбаған құс жетім, жүгірмеген ат жетім,
қатары біткен қарт жетім, анасы өлген бала жетім, оны
көрген аға жетім, болған іске болаттай берік болсын.

Бес атаның малы дегені – шақшасы мен пышағы, шақ-
пағы мен көзілдіргі шығар, қалтасын көбейтсін.

Жетпіс, сексен, тоқсан жас,

Қашпасын да саспасын,

Қасқайып көрсін қайран бас – деп жауап қайтарған екен.

«Аңызға айналған бабалар» кітабынан.

1999 жыл



Кітаптың баспадан шығуына қаржылай демеуші болған жеке кәсіпкер Әнуарбек Рахымбекұлы Шәкіртегі.

Кітаптағы суреттерді тарихи аңыздарға сүйене отырып салған ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Аманкүл Мұсатайұлы.

Кітаптағы суреттерді түсірген Мәди Әнуарбекұлы.

ЖИДЕБАЙ БАТЫР

Редакторы - Оралбек Жүнісұлы.

Тех. редакторы - А.Г.Кремер.

Әріп түзетуші - Назерке Салтанатқызы.

Басуға 04.04.2007 ж қол қойылды. Пішімі 60x84/16.

Гарнитурасы «Ньютаун» Офсетті басылым.

Офсеттік қағаз.

Таралымы 416 дана

№ 200 тапсырыс.

«Қарағанды Полиграфиясы» АҚ басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 33.